

ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ЕРЛІК РУХЫН АЙШЫҚТАҒАН ҚОС МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан
шыға бастады

№ 16 - 17
(1279-1280)

01.05.2026

@ alatau.offset@mail.ru

alatau_gazeti
alatau_gazeti

БАЙҚАУ

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ

ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.



БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

Байланыс телефоны: 8 776 970 0718

Э/пошта: alatau.offset@mail.ru

ӨЗЕКТІ

МАМЫР АЙЫНДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

МАМЫР АЙЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҮШІН ЕҢ ЖАЙЛЫ КЕЗЕҢДЕРДІҢ БІРІ. КӨКТЕМНІҢ СОҒҒЫ АЙЫ ҚАТАР КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕРДІҢ КӨПТІГІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ДЕМАЛЫС КҮНІ ҰЗАРЫП, САПАРҒА ШЫҒУҒА НЕМЕСЕ ЖАҚЫНДАРЫМЕН УАҚЫТ ӨТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК ТУАДЫ.

Демалыс күндерінің жалпы саны

2026 жылдың мамыр айында демалыс күндерінің саны жұмыс кестесіне байланысты әртүрлі болады. Нақты айтқанда, жұмыс күндері ең аз айлардың бірі болып тұр. Мысалы:

- Бес күндік жұмыс аптасы бойынша – 14 демалыс күні, 17 жұмыс күні;
- Алты күндік жұмыс аптасы бойынша – 9 демалыс күні, 22 жұмыс күні бар.

Мамырдағы негізгі мерекелер

Айдың басы Қазақстан халқының бірлігі күнімен басталады. Бұл мерекеде:

- Бес күндік жұмыс істейтіндер үшін 1, 2 және 3 мамыр (жұма–жексенбі) қатарынан демалыс болады.

- Ал алты күндік жұмыс аптасындағылар үшін 1 мамыр ғана демалыс, 2 мамыр – жұмыс күні, ал 3 мамыр – жексенбілік демалыс.

Келесі ірі мерекелер – Отан қорғаушылар күні (7 мамыр) және Жеңіс күні (9 мамыр).

Осы жылы 9 мамыр сенбіге түскендіктен, демалыс күні заңға сәйкес 11 мамырға (дүйсенбі) ауыстырылады. Онда:

- Бес күндік жұмыс аптасында демалыс 7 мамыр (бейсенбі) – демалыс, 8 мамыр (жұма) – жұмыс күні. Ал 9, 10, 11 мамыр (сенбі–дүйсенбі) – қатарынан үш күн демалыс

- Ал алты күндік жұмыс аптасында 7 мамыр – демалыс, 8 мамыр – жұмыс күні болса, 9 және 10 мамыр – демалыс. Бірақ 11 мамыр – жұмыс күні саналады.

Құрбан айт

Мамыр айының соңында мұсылмандар үшін маңызды мерекелердің бірі – Құрбан айттың бірінші күні атап өтіледі. Алдын ала есеп бойынша, 2026 жылы бұл күн 27 мамырға (сәрсенбі) сәйкес келеді және қосымша демалыс береді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ДҮЙСЕНБІ	СЕЙСЕНБІ	СӨРСЕНБІ	БЕЙСЕНБІ	ЖҰМА	СЕНБІ	ЖЕКСЕНБІ
				1 Қазақстан халқының бірлігі күні	2	3
4	5	6	7 Отан қорғаушы күні	8	9 Жеңіс күні	10
11 9 мамырдан жұмыс күніне ауыстырылған демалыс	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27 Құрбан айт (сәттен күні)	28	29	30	31

ДЕМАЛЫС МЕРЕКЕЛЕРІ

- 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні
- 7 мамыр Отан қорғаушы күні
- 9 мамыр Жеңіс күні
- 11 мамыр 9 мамырдан жұмыс күніне ауыстырылған демалыс
- 27 мамыр Құрбан айт (сәттен күні)

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.



«АЛАТАУҒА»
ЖАЗЫЛУДЫ
ҰМЫТПАДЫҢ БА?

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534

Подписной индекс для других регионов РК: 65534

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА**ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНА
ТАЛАП КҮШЕЙТІЛЕДІ**

Қазақстанда жеке сот орындаушыларының қызметіне қойылатын талаптар мен бақылау тетіктері күшейтіледі. Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына сәйкес, олар міндетті түрде қайта аттестаттаудан өтеді. Талапқа сай келмегендер лицензиясынан айырылуы мүмкін.

Сондай-ақ, көмекшілер мен тағылымдамадан өтушілерге қойылатын талап қатаңдатылады. Соңғы үш жылда сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылған тұлғалар бұл салада жұмыс істей алмайды.

Әділет органдарының өкілеттігі кеңейіп, бұзушылықтарды жою туралы міндетті нұсқама беру және талап орындалмаса, лицензияны уақытша тоқтату құқығы беріледі. Сонымен қатар, сот орындаушылары уәкілетті органдарға қаржы қозғалысы туралы мәлімет ұсынуға міндеттеледі.

Бұл өзгерістер саладағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

300-ДЕН АСТАМ ЖАҢА ЖОЛ БЕЛГІСІ ОРНАТЫЛАДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жол белгілерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, биыл жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала аумағына 300-ден астам жаңа жол белгісі орнатылып, 100 жол белгісі қайта қалпына келтіріледі.

Сонымен қатар, қала тұрғындарының сұранысы бойынша көлік қозғалысы көп Абылай хан – Тынышбаев көшелерінің қиылысына бағдарлам орнату жоспарлануда. Бұл жол белгілері қалалық полиция басқармасының нұсқамасына сәйкес қойылуда.

Жұмыстың басты мақсаты жол қозғалысы мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

СИВЕРС АЛМА АҒАШЫНЫҢ ГҮЛДЕУ ФЕСТИВАЛІ

2026 жылғы 2 мамыр 11.00-де сіздерді көктемнің ең әсерлі табиғи оқиғасына шақырамыз. Жетісу Алатауының баурайында, Сарқан ауданы «Жоңғар-Алатау» ұлттық паркінде сирек кездесетін ғажайып — барлық алмалардың арғы тегі саналатын Сиверс алма ағашының гүлденуін тамашалай аласыз. Тау бөктері ақ-қызғылт түске боялып, нағыз ертегідей атмосфера сыйлайды.

Фестиваль хедлайнерлері: Қуандық Рахым және Вауапсу. Бағдарлама бойынша: Гүлденген бақтардың панорамалық көріністері; Пленэр форматындағы суретшілер байқауы; Концерттік бағдарлама және мәдени іс-шаралар; Ұлттық спорт ойындары; Қолөнер көрмелері мен шеберлік сабақтары да өткізіледі.

**ШЕКАРАШЫ-СПОРТШЫНЫ
ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ЖАРЫС ӨТТІ**

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департамент бастығы полковник М. Нарбаевтың төрағалығымен Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы базасында спортшы шекарашы, майор А. Трусовты еске алуға арналған волейболдан жарыс өтті.

Аталған іс-шара әріптестің жарқын бейнесін ұлықтау, оның қызмет жолын құрметтеу және әскери қызметшілер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Жарыс барысында қатысушылар тартысты ойын көрсетіп, жоғары дайындық деңгейі мен командалық үйлесімділікті паш етті.

«ЖЕТИСУ ӨКЕЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Жетісу облысында отбасы құндылықтарын нығайтып, әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыруға бағытталған «Жетісу әкелер мектебі» әлеуметтік жобасы іске қосылды. Жоба кемінде 1000 әке мен ұл баланы қамтып, жауапты әке болу мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Жоба аясында облыстың 8 ауданы мен 2 қаласында 100-ден астам кездесу ұйымдастырылып, онда әкенің қоғамдағы рөлі, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер мен заманауи сын-қатерлер талқыланады. Сонымен қатар, әке мен бала арасындағы байланысты нығайту мақсатында спорттық іс-шаралар мен отбасылық бағдарламалар өткізіледі.

Жобаның қорытынды кезеңінде 500-ден астам делегаттың қатысуымен өңірлік Әкелер форумы өтеді. Онда үздік әкелер марапатталып, тиімді тәрбиелік тәжірибелер кеңінен насихатталады.

КЕН ОРНЫНЫҢ АСТАҢ-КЕСТЕҢІ ШЫҚҚАН

Жетісу облысында алтын өндірілген ат шаптырым аумақтың астаң-кестеңі шығып жатыр. Кен орнындағы жұмыс бірнеше жыл бұрын тоқтады. Қазір қазаншұңқырға су толып, үйілген топырақты жел жан-жаққа ұшырып жатыр. Жергілікті жұрт экологиялық жағдайға алаңдайды-деп хабарлайды 24.kz - тың жетісулық тілшісі Шыңғыс Қалиден.

- Далабай кен орны 1957 жылы анықталған. Мұндағы алтын қазу жұмыстары тоқсаныншы жылдардың соңында басталып кейін қайта тоқтатылған. Соңғысы 2019-2021 жылдар аралығында жүргізілді. Қазір қойнауынан байлығы алынған аймақтың қара тастары қопарылған күйі жер ананың жарасындай қазылған жерге жауынсуы жиналса, төңірегі шаңы бұрқыраған топырақ болып жатыр. Қоршаған ортаға келтірілген залалдың экономикалық бағалау әдістемесіне сәйкес залал мөлшері 122 млнды құраған болатын. Қазіргі таңда сот орындаушылар тарапынан 54 млн теңге көлемінде залал өндірілді. 68 млн теңге әлі өндірілу үстінде. Ал Көксу ауданының өкімдігі аумақ толық игерілмеген, сондықтан, қазылған жерлер әзір көмілмейді, тоқтаған өндірісті инвестор тауып, өндіріс аумағын жандандырамыз, — деп отыр.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жеңіс күні қарсаңында Жетісудың Ұлы Отан соғысы ардагері мен тыл еңбеккерлеріне біржолғы әлеуметтік көмек берілді.

Талдықорған қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 11-68 «Талдықорған қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне сәйкес, жеңістің 81 жылдығына орай әлеуметтік көмектің бірнеше санаты қамтылды.

Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Құсайыновқа 5 млн. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, тылда еңбек еткен 418 ардагердің әрқайсысына 112,4 мың теңгеден беріліп, жалпы төлем көлемі 46,9 миллион теңгені құрады. Бұдан бөлек, соғыс мүгедектерінің қайтыс болғаннан кейінгі 16 жесіріне де дәл осындай мөлшерде көмек көрсетіліп, жалпы сомасы 1,8 млн. теңге төленді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

**ЖАС КӨРЕРМЕНГЕ АРНАЛҒАН
ТАҒЫЛЫМДЫ ТУЫНДЫ**

Balapan



ШЕКАРАШЫ
БАЛАҚАЙ



Республикалық «Балапан» телеарнасы кішкентай көрермендерге арналған жаңа әрі мазмұнды жобасын ұсынады. «Шекарашы балақай» атты мультфильм балаларды Отанды сүйе, батылдық пен достық сияқты асыл қасиеттерді қадірлеуге тәрбиелейді.

Танымдық әрі қызықты форматта түсірілген туындыда шекара қызметінің маңызы, ел қауіпсіздігін сақтаудағы шекарашылардың еңбегі жеңіл әрі түсінікті тілмен баяндалады. Мультфильм кейіпкерлері арқылы балалар жауапкершілік, ерлік және адалдық ұғымдарын тереңірек түсіне алады.

Ата-аналарға балаларымен бірге тама-шалап, пайдалы да әсерлі уақыт өткізуге мүмкіндік бар. «Шекарашы балақай» – тәрбиелік мәні зор, жас ұрпақтың бойына патриоттық рух қалыптастыруға бағытталған маңызды жоба.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ЖОҒАЛҒАН ТҰРҒЫН ТАБЫЛДЫ

Жетісу облысында жоғалып кеткен 1952 жылы туған ер адам аман-есен табылды. Ол 28 сәуір күні үйінен белгісіз бағытта шығып кетіп, қайта оралмаған болатын.

Іздестіру жұмыстарына төтенше жағдайлар қызметінің мамандары жұмылдырылып, аумақтар жан-жақты тексерілді. Сонымен қатар, іздеу барысында ұшқышсыз ұшу аппараты да қолданылды.

Нәтижесінде ер адам Талдықорған қаласынан шамамен 15 шақырым қашықтықта, «Үйтас» саяжайы маңынан табылды. Құтқарушылар оны дереу қауіпсіз жерге жеткізді. Оның жағдайы жақсы, медициналық көмек қажет болмады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

**ҚОРШАҒАН ОРТА****ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ -
АДАМЗАТТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ**

Табиғат – адам өмірінің негізі. Адам баласы таза ауа жұтып, мөлдір су ішіп, табиғаттың байлығын пайдалану арқылы өмір сүреді. Сондықтан табиғатты қорғау – әрбіріміздің қасиетті борышымыз.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Ормандардың жойылуы, ауа мен судың ластануы, жануарлар мен өсімдіктердің азаюы – бұл табиғатқа тигізілген зиянның нәтижесі. Егер біз табиғатты қорғамасақ, болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз орта қалдыру қиын болады.

Табиғатты қорғаудың ең қарапайым жолы – қоқысты кез келген жерге тастамау, суды үнемдеу, ағаш отырғызу және жануарларға қамқор болу. Әр адам өзінен бастап, табиғатқа ұқыпты қараса, үлкен өзгерістерге қол жеткізуге болады.

Қорытындылай келе, табиғатты қорғау – тек экологтардың ғана емес, бүкіл адамзаттың ортақ міндеті. Табиғатты аялау арқылы біз өз болашағымызды сақтаймыз.

Мақсат ӨСКЕНБАЕВ,
«Қапал орман шаруашылығы» КММ
№4 айналымының орман күтушісі

ЖИ-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев NVIDIA компаниясының жаһандық жасанды интеллект инфрақұрылымын дамыту жөніндегі вице-президенті Николо Мартин Капрезбен, сондай-ақ Firebird AI компаниясының негізін қалаушылар Размиг Берг Овакимянмен және Александр Есаянмен кездесті.

Президент Қазақстанның алдағы үш жылда толық цифрландырылған елге айналуы көздеп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, NVIDIA технологиялары негізінде суперкомпьютерлік кластерлерді іске қосу – осы мақсатқа жетудің маңызды қадамы.

Сондай-ақ Екібастұзда деректерді өңдеу орталықтарының арнайы алқабын құру жобасы таныстырылды. Бұл бастама инвесторларға қолайлы жағдай жасап, есептеу

инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Кездесу қорытындысында тараптар жасанды интеллект экожүйесін дамыту бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыруға келісті.

Дереккөз: akorda.kz

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында қала әкімдігінде көпбалалы аналарды марапаттауға арналған салтанатты жиын өтті.

Іс-шара барысында 11 анаға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградалары табысталды. Оның ішінде бес ана «Алтын алқа», ал алты ана «Күміс алқа» иегері атанды.

Марапаттарды қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков табыстап, аналардың қоғамдағы айрықша рөлін атап өтті. Ол ана еңбегі әрдайым жоғары бағаланатынын айтып, олардың бала тәрбиесіндегі үлесі ел болашағы үшін маңызды екенін жеткізді.

Іс-шара мерекелік көңіл күйде өтіп, аналарға деген құрмет пен ілтипат айқын көрініс тапты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»



ЗЕЙНЕТКЕР ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қорам ауылында 17 сәуір күні Қорам орта мектебінде мектеп директоры Назгүл Бергенқызының ұйымдастыруымен, мектеп әкімшілігінің қолдауымен мектептің жиын залында зейнеткерлік жасқа келген ұстаздарды құттықтады.

Атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Алмагүл Қасымбекова, Шайгүл Тоқтаболатова, орыс тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі Алма Манапова «Абыройлы еңбектен - құрметті зейнетке» деген тақырыпта шығармашылық жиын өтті.

Салтанатты жиынға Қорам ауылдық округі әкімшілігімен бірге Қорам орта мектебінде істеген зейнеткер жастағы ардагер мұғалімдер арнайы шақырылды. Жиында мектеп ұжымы мен оқушылар белсенділік танытты.

«Жас келсе, іске» дегендей Назгүл Бергенқызы аудандағы үлкен мектепті басқарып, ұйымдастырушылық қабілетімен көп жетістікке жетуде.

Биылғы оқу жылында жасы келіп, зейнетке шығатын ұстаздарды сыйлап, құрметтеу ерекше. Көрме ұйымдастырылып, әр ұстаздың оқыған мектебі, бітірген жоғарғы оқу орны, оқыған мамандығынан бастап, жеткен жетістігі, еңбек өтілі, алған марапаттары, әр ұстазға жазылған арнайы буклеттер, суреттер қойылған, арнайы видеоролик көрсетілді.

Аудандық оқу бөлімімен бірге кәсіподақтың «Алғыс хаты» салтанатты жиында тапсырылды. Ауыл әкімінің атынан сыйлықтар табыстады.

Әсет КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
Ардагер, оқытушы ұстаз

ЕЛТАҢБА ҮШІН АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Желіде жетісулық блогерге қоқыстан тауып алған елтаңба үшін айыппұл салынғаны туралы жазба жарияланды. Облыстық Полиция департаменті бұл жағдайға қатысты түсініктеме берді, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

«Жансүгіров ауылында тұратын (Жетісу облысы) блогер Данияр Бейісқали 4 жыл бұрын қоқыс арасынан Қазақстанның елтаңбасын тауып алып, оны ретке келтіріп, тазалап, үйіне іліп қойған. Бұл игі іс сияқты көрінгенмен, бірнеше жылдан кейін ақпарат жергілікті билікке жетіп, блогерге 216 000 теңге айыппұл салынды», - делінген Telegram желісіндегі Qumash арнасында.

Жетісу облыстық Полиция департаментінің NUR.KZ тілшісіне хабарлауынша, полицияға Ақсу ауданы әкімдігінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәмізі елтаңбаны дұрыс мақсатта пайдаланбауға қатысты шағым түскен. Полиция Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері заңмен ерекше қорғалатынын еске салды. Оларды пайдалануға тек заңда белгіленген тәртіпте рұқсат етіледі.



ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

ФАРМАЦЕВТИКА ЖӘНЕ МЕДИЦИНА ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ ТУ

Премьер-министр Олжас Бектенов Отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырысын өткізіп, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту мәселелерін қарастырды. Жиынға мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰҚП, салалық қауымдастықтар мен бизнес өкілдері қатысты.

Кездесуде отандық өндірісті дамыту, дәрі-дәрмек бағасын реттеу және халыққа медициналық өнімдердің қолжетімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Қазіргі таңда елде 200-ден астам отандық өндіруші жұмыс істеп, фармацевтикалық өнім көлемі тұрақты өсіп келеді.

Сондай-ақ дәрілерді тіркеу процесін «бір терезе» қағидатына көшіру, баға саясатын жетілдіру және ұзақ мерзімді келісімшарттарды кеңейту сияқты шаралар қарастырылды.

ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Қазақстанда әскери және арнайы жоғары оқу орындарының сапасын бағалау талаптары жаңартылды. Енді бұл оқу орындары әр бес жыл сайын міндетті мемлекеттік аттестациядан өтеді.

Жаңа бұйрыққа Ғылым және жоғары білім министрі 2026 жылғы 22 сәуірде қол қойған, құжат 8 мамырдан бастап күшіне енеді. Оның мақсаты – әскери кадрларды даярлау сапасын арттырып, халықаралық стандарттарға жақындату.

Аттестация барысында оқу орындарының оқытушылар құрамы, материалдық-техникалық базасы, әлеуметтік жағдайы мен ғылыми қызметі жан-жақты тексеріледі. Мұндай бақылау білім сапасын көтеріп қана қоймай, саладағы ашықтықты қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.

БАСҚАРУШЫ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ КУРСЫ БАСТАЛДЫ

Талдықорғанда Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалы базасында «AMANAT» партиясы мен Саяси менеджмент академиясының бірлескен білім беру бағдарламасы іске қосылды. Жоба өңірдегі мемлекеттік және қоғамдық-саяси сала өкілдерінің басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаға 135 қатысушы тартылған. Олардың қатарында мәслихат депутаттары, ауыл әкімдері және партия қызметкерлері бар.

Оқу процесі тәжірибеге негізделген: қатысушылар офлайн-интенсивтен өтіп, практикалық жобалар әзірлеп, оларды өз қызметінде жүзеге асырады. Қорытындысында жобалар қорғалып, арнайы рейтинг қалыптастырылады.

Жобаның мақсаты – стратегиялық ойлайтын, тиімді шешім қабылдай алатын заманауи басқарушылар корпусын қалыптастыру.

41 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласында аулаларды заман талабына сай абаттандыру жұмыстары жалғасатын болады. Биыл қала аумағында 41 аулаға жөндеу және жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады. Оның 19 ауласына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болса, ал 22 аула «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жөндегелек.

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, биыл да көп жылдан бері мәселесі шешілмей келе жатқан аулаларға ерекше көңіл бөлініп, оларды заманауи талаптарға сай ретке келтіру жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылмақ.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

Талдықорған қаласында Мансап орталығы ұйымдастырған инновациялық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Іс-шара еңбек нарығын цифрландыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану бағытында ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеде жұмыс іздеушілерге заманауи құралдар ұсынылды: Elnik.kz порталын пайдалану, «ақылды» түйіндемесі жасау және нейрожелілер арқылы жұмыс табу тәсілдері бойынша шеберлік сабақтар өткізілді.

Шараға 300-ден астам тұрғын мен өңірдегі 20-ға жуық ірі жұмыс беруші қатысты. Олардың қатарында кәсіпкерлік компаниялары, медицина, білім беру және мәдениет саласының ұйымдары бар.

Нәтижесінде бірқатар қатысушыларға сол күні-ақ жұмысқа орналасуға шақыртулар берілді.

«КӨКТЕМ-2026» САРБАЗДАРЫ ЗИЯЛЫ ҚАУЫММЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Көктем-2026» шақырылым сарбаздары зиялы қауым өкілдерімен кездесу шарасына қатысты.

Кездесуге жас ақын, жазушы, аудармашы А.Сүлеймен, ҚР Шеберлер одағының және ҚР саз аспаптары одағының мүшесі, түркі әлемінің музыкалық аспаптарын жасаушы шебер Е.Тұрсынұлы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Алакөл ауданы ұлттық спорт федерациясының президенті А. Нұрланұлы, сондай-ақ «Алакөл медиа» ақпараттық-танымдық сайты мен «Алакөл ТВ» телестудиясының негізін қалаушы Н.Мендібайұлы қатысты.

Іс-шара барысында қонақтар өз тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға рухани-мәдени құндылықтар, шығармашылық ізденіс және салауатты өмір салты туралы ойларын жеткізді. Сонымен қатар, сарбаздарға елге адал қызмет етудің маңыздылығы кеңінен түсіндірілді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

ГОССТИПЕНДИЮ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ ПЛАНИРУЮТ УВЕЛИЧИТЬ ВДВОЕ

В Казахстане разработан проект Указа Президента «О внесении изменений в Указ Президента Республики Казахстан от 3 апреля 2000 года № 369 «Об учреждении государственной стипендии в области культуры». Документ вынесен на публичное обсуждение до 18 мая 2026 года, передает корреспондент агентства Kazinform.

Проект подготовлен Министерством культуры и информации РК во исполнение поручения Главы государства от 20 апреля 2026 года, предусматривающего увеличение размера государственной стипендии в сфере культуры. Отмечается, что цель инициативы — усиление государственной поддержки деятелей культуры и приведение действующих норм в соответствие с актуальными подходами социальной политики.

В случае принятия документа ожидается расширение мер поддержки представителей культурной сферы и повышение их социального статуса.

Ранее стало известно, что на 10-15% могут увеличить стипендии по программе «Болашак» в Казахстане.

ТЕПЕРЬ ИНВАЛИДНЫЕ КОЛЯСКИ И ПРОТЕЗЫ БУДУТ ДАВАТЬ В АРЕНДУ

Об этом на заседании Правительства заявил министр труда и социальной защиты населения Аскарбек Ертаев, сообщает Exclusive.kz.

Новый механизм предполагает возврат технических средств после использования. После этого они будут проходить экспертную оценку, по итогам которой примут решение о ремонте, повторной выдаче, передаче в прокат или списании.

В случае выявления неисправностей оборудование направят на ремонт с последующим повторным использованием. Если средство окажется непригодным, его спишут, а пользователю предоставят новое. Пилотный проект планируется запустить в июне в Актыубинской, Карагандинской и Павлодарской областях. В дальнейшем систему намерены масштабировать по всей стране.

БЫЛИ ПОЛУЧАВШИЕ, В КАЧЕСТВЕ БЕЗРАБОТНЫХ, ДО 1 МЛН ТЕНГЕ

Министр труда и социальной защиты населения Аскарбек Ертаев подтвердил, что в Казахстане изменится механизм выплат из Государственного фонда социального страхования (ГФСС). Причиной тому являются «теневые» схемы, к которым прибегают сами казахстанцы, — сообщает Malim.kz. со ссылкой на сайт Tengrinews.kz.

Министр отметил, что фонд (ГФСС) работает стабильно. В фонд поступают средства. Даже по показателям баланс фонда показывает положительные результаты, тем не менее, изменения в размерах выплат из ГФСС действительно ожидаются. В данное время пересматривается максимальный порог выплат, цель таких изменений — ликвидация теневых схем, «возникших вокруг фонда». Были случаи, когда безработный получал 1 млн.тенге пособия по безработице по теневой схеме, поэтому уже нет максимального уровня оплаты, теперь будет определен порог, заявление по безработице будут приниматься не на следующий день после увольнения, этот вопрос обсуждается, кроме того пособия по безработице будут сокращаться до 4 месяцев — сказал министр.

СОТНИ ФЕЙКОВЫХ ПРОИЗВОДСТВ ВСКРЫЛИСЬ В КАЗАХСТАНЕ

Запуск Реестра отечественных товаропроизводителей в Казахстане выявил серьезное расхождение между декларируемыми и реальными показателями казахстанского содержания в закупках, передает Ulysmidia.kz.

Как сообщил депутат мажилиса Болатбек Алиев, ранее чиновники отчитывались о 56–60% казахстанского содержания, что составляло 13–17 трлн. тенге. Но новая система, по его словам, показала, что реальная доля — менее 20%.

По данным госорганов на март 2026 года, приведенных депутатом, подтверждено лишь 33% от заявленных предприятий в ряде отраслей: в электронике доля упала с 392 до 0 производителей, в фармацевтике — с 21 до 3, в стройиндустрии — с 294 до 87. Это означает, что под видом отечественного производства по сертификатам проходили товары, фактически не произведенные в стране. В целом, Алиев указал, что число «отечественных производителей» сократилось с 2000 до 650.

Как указывает Ulysmidia.kz, одно из бумажных предприятий находится в области Жетісу, открытие которого состоялось в октябре 2025 года и при этом эта компания выиграла тендер у Самрук-казны на сумму более млрд.тенге.

В КАЗАХСТАНЕ ВЫЯВИЛИ ДОЛГИ ПО ЗАРПЛАТЕ НА 642 МЛН.ТЕНГЕ

Более 1,1 тысячи работников не получили вовремя деньги, а общая сумма задолженности превысила 642 млн.тенге, передает Kazinform.

Государственные инспекторы труда обнаружили долги по заработной плате на 140 предприятиях по состоянию на 1 апреля 2026 года. Руководителям предприятий выдали 1 110 обязательных предписаний и наложили штрафы на сумму более 136,5 млн тенге. После вмешательства инспекторов, в том числе за счет установления конкретных сроков погашения долгов, семь тысяч работников получили свои деньги. Им выплатили 463,3 млн тенге. По итогам принятых мер защищены права 17,5 тысячи работников.

В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЕКТ ЗАВОДА ОСТАНОВИЛСЯ, НЕ НАЧАВШИСЬ

В Атбасаре в 2024 году была торжественно заложена капсула, символизирующая строительство локомотивосборочного завода. Но проект был заморожен, потому что инвестор не смог привлечь финансирование, передает корреспондент агентства Kazinform.

Стоимость проекта составляла, по сообщению пресс-службы акимата региона, 47 млрд. тенге. Завод обещал дать новый виток развития всей области. В том числе планировалось создание 800 новых рабочих мест. Строительство завода должно было начаться в 2025 году, а первый локомотив, по прогнозам, должен был выйти с конвейера в конце 2026 года. На данный момент ведется поиск другого инвестора, чтобы продолжить строительство. Возникает вопрос: как можно одновременно торжественно заявлять о начале проекта, когда у инвестора пустой карман? Вопрос уместный. Надо доверять — но проверять, что ли?

(Все материалы взяты из открытых источников)

МАЖИЛИС ПРИНЯЛ В РАБОТУ ЗАКОНОПРОЕКТ О КУРУЛТАЕ И СТАТУСЕ ЕГО ДЕПУТАТОВ



Депутаты Мажилиса приняли в работу проект Конституционного закона «О Курултае Республики Казахстан и статусе его депутатов», передает корреспондент агентства Kazinform.

Как отметила депутат Снежанна Имашева, проект Конституционного закона разработан в соответствии с Конституцией, принятой на республиканском референдуме 15 марта текущего года. По ее словам, документ состоит из 12 глав и 60 статей. В состав совместной комиссии палат Парламента по законопроекту от Мажилиса вошли депутаты Кайрат Балабиев, Ермурат Бапи, Марат Башимов и Сергей Пономарев. Ранее мы также писали, что Мажилис принял в работу проект Конституционного закона «О Президенте Республики Казахстан».

САРКАНСКИЙ РАЙОН

ПРОВЕРКА ПОДГОТОВКИ К КУПАЛЬНОМУ СЕЗОНУ ОЗЕРА БАЛХАШ

В конце прошлой недели аким области Жетісу Бейбит Исабаев с рабочей поездкой посетил Саркандский район и ознакомился с ходом подготовки к предстоящему купальному сезону. Данная работа ведется в рамках реализации поручения Главы государства о наведении порядка в туристических зонах, — сообщает пресс-служба акима области Жетісу.



На сегодняшний день в ГКП на ПХВ «Балқаш Тазалық» создано 36 рабочих мест, имеется 22 единицы специализированной техники. Уже в начале мая указанная спецтехника будет направлена к озеру Балхаш, где предприятие обеспечит содержание побережья, проводя очистку пляжей, вывоз отходов, обслуживание общественных санитарных узлов и систем уличного освещения, а также озеленение. Глава региона отметил важность системной работы по обеспечению санитарного состояния и благоустройства в туристический сезон на побережье. Напомним, что в конце прошлого года в регионе созданы предприятия «Алақөл Тазалық» и «Балқаш Тазалық», которые будут отвечать за содержание прибрежных зон озер Алақөл и Балхаш в летний сезон.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

В ЖЕТЫСУ УСТАНОВИЛИ НОВЫЕ КАМЕРЫ, ФИКСИРУЮЩИЕ ПРЕВЫШЕНИЕ СКОРОСТИ

На дорогах области Жетісу начали работать новые камеры, фиксирующие превышение скорости. Их установили сразу во всех районах, а в также в городе Текели, передает корреспондент агентства Kazinform.

По информации полиции, новые аппаратно-программные комплексы называются «Екін ВОХ SPOTTER». При этом в каждом из них запущены пять комплексов скоростеметров. В ведомстве уточнили, что на трассах республиканского и областного значения действуют и другие системы — «ZEREK-2», «VIDAR SPEED-R», «СЕРГЕК» и «МЕРГЕН». Эти камеры наряду с превышением скорости выявляют и другие нарушения, включая выезд на встречную полосу и несоблюдение дорожной разметки. Стоит отметить, что всего на территории области Жетісу на сегодняшний день функционируют 2356 камер видеонаблюдения и фиксации нарушений.



БАНКНОТЫ 2000 ТЕНГЕ СТАРОГО ОБРАЗЦА ПЕРЕСТАНУТ ПРИНИМАТЬ К ОПЛАТЕ

С 24 июня 2026 года банкноты 2000 тенге 2012 года выпуска перестанут принимать к оплате, сообщает Zakon.kz.

Как передает «КТК», речь идет о купюре с монументом «Қазақ Елі». На лицевой стороне также изображены стилизованный сайгак, летящие голуби и государственные символы. На обратной — карта Казахстана, река Иртыш и юрта. Эти купюры ввели в обращение в 2012 году.



СЕРГЕЙ ЛАВРОВ В КАЗАХСТАНЕ: НАЗВАНА ГЛАВНАЯ ПРИЧИНА ВИЗИТА

Глава МИД РФ Сергей Лавров прибыл в Казахстан с двухдневным визитом 29 апреля, передает Ulysmidia.kz.

Как сообщили в российском МИДе, в Астане он встретится с президентом страны Касым-Жомартом Токаевым, а также со своим казахстанским коллегой - министром иностранных дел Ермеком Кошербаевым. В ведомстве отметили, что «основное внимание в ходе встреч будет уделено вопросам укрепления двустороннего всеобъемлющего стратегического партнерства, союзничества, в том числе в свете предстоящих контактов на высшем уровне». Политолог Марат Шибубов убежден, что главная цель приезда Сергея Лаврова - подготовить визит президента России Владимира Путина

в Казахстан. Ранее сообщалось, что Путин прибудет в Казахстан в конце мая для участия в заседании Высшего Евразийского экономического совета (ЕАЭС).

ЗАСЛУЖИЛ - ПОЛУЧИ!

Военнослужащим Вооружённых сил увеличили размеры материальной помощи — теперь она может достигать 425 тысяч тенге. Приказ Министерства обороны о новых правилах выплаты денежного довольствия, пособий и иных выплат вступил в силу 21 апреля. (газета «Время» 28.04.2026.)

Размер материальной помощи теперь определяется в кратном соотношении к минимальной заработной плате, которая в этом году составляет 85 тысяч тенге. В Минобороны уточнили, что выплаты производятся за счёт экономики бюджетных средств. В случае смерти близких родственников, супруга или свойственников материальная помощь может достигать пятикратного размера МЗП — до 425 тысяч тенге. При вступлении в брак, рождении ребёнка, усыновлении или удочерении, а также при получении имущественного вреда или необходимости лечения — до трёхкратного размера минимальной зарплаты, то есть до 255 тысяч тенге. Военнослужащих могут поощрять за выполнение задач особой важности и сложности, достижение высоких результатов и образцовое исполнение обязанностей. Премии могут приурочиваться к государственным и профессиональным праздникам, а также к юбилейным датам — 40-летию и каждые последующие пять лет.



КОКСУСКИЙ РАЙОН

ФЕРМЕРЫ ВНЕДРЯЮТ ЧУДО-ТЕХНОЛОГИИ

Аким области Жетісу Бейбіт Исабаев посетил Коксуский район для оценки весенне-полевых работ. Он ознакомился с внедрением современных агротехнологий, повышающих урожайность. Это вызвало растущим спросом местных перерабатывающих предприятий и птицефабрик, что укрепляет продовольственную базу — передает служба новостей TINFO.

Пример успеха — крестьянское хозяйство «Мырзахан» в Лабасинском сельском округе. Уже четыре года они сотрудничают с ТОО «Компания «Global Agro», используя семена и минеральные удобрения компании при сопровождении агрономов.

В прошлом году «Мырзахан» достиг рекордных 140 центнеров с гектара. В этом году регион планирует увеличить площади под кукурузу на 5 тысяч гектаров. На 10 гектарах «Мырзахан» проведет эксперимент с китайскими семенами, устойчивыми к погоде, с потенциалом урожайности до 15 тонн с га. Посильная государственная поддержка и внедрение инноваций укрепляют экономику региона и его сельское хозяйство.



В ТРУДОВОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ


КАЗАХСТАНА БОЛЕЕ 2000 НАРУШЕНИЙ

Инспекция труда выявила свыше двух тысяч нарушений за квартал 2026 года. Об этом на брифинге в ЦК при Президенте РК сообщил председатель Комитета государственной инспекции труда Мейрамбек Ахметов, передает корреспондент агентства Kazinform.

По его словам, за первый квартал рассмотрено 16 726 обращений граждан, проведено 1 723 внеплановых проверок и 92 проверки в рамках профилактического контроля. По итогам выявлено 2 065 нарушений трудового законодательства, выдано 1 110 предписаний, наложены административные штрафы на общую сумму 136 млн тенге.

Ранее в Таразе выявили 742 нарушения трудового и пенсионного законодательства.

Напомним, Министерство труда и социальной защиты населения РК разработало проект поправок в Единые правила исчисления средней заработной платы.



КОРОТКО ОБО ВСЕМ

КАЗАХСТАН ЗАРАБОТАЛ БОЛЕЕ 670 МЛН. ДОЛЛАРОВ БЛАГОДАРЯ УЗБЕКИСТАНУ

Импорт в Узбекистане значительно увеличился в начале 2026 года. За первые два месяца объем ввоза достиг 8,1 миллиарда долларов, что на 29,8 % больше, чем в прошлом году. Основным торговым партнером остается Китай, на который приходится более трети импорта — 2,8 миллиарда долларов. Россия занимает второе место с 1,4 миллиарда долларов, а Казахстан — третье с 677 миллионов долларов. Кроме того, ощутимую долю занимают Южная Корея с показателем свыше 300 миллионов долларов, Турция — 259,8 миллиона, а также Индия - 179,3 миллиона долларов. Всего за январь-февраль Узбекистан импортировал товары и услуги более чем из 135 стран. Такие данные приводит Национальный комитет по статистике. Узбекистан и Казахстан планируют объединить свои платежные системы. Национальная платежная система НУМО и казахстанская компания Kaspi.kz начали работу над созданием общего платежного пространства между двумя странами.

КАЗАХСТАНЦАМ ОТКРЫЛИ БЕЗВИЗОВЫЙ ВЪЕЗД В ПОПУЛЯРНУЮ СТРАНУ ЕВРОПЫ

Правительство Черногории 17 апреля 2026 года ввело временный безвизовый режим для граждан Казахстана. Об этом Zakon.kz рассказали в пресс-службе Министерства иностранных дел (МИД).

Таким образом, согласно заявлению ведомства, казахстанцы на основании проездного документа, действительного с 1 мая до 1 октября 2026 года, смогут выезжать, пересекать территорию и находиться в Черногории до 30 дней. Для более продолжительных поездок требуется оформление соответствующей визы.

ЗАРАЖЕННЫЕ СЕМЕНА И ЗЕРНО ВЫЯВИЛИ В ДВУХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

В Казахстане предотвращен ввоз опасных карантинных сорняков вместе с импортной сельхозпродукцией. Нарушения выявили специалисты Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе МСХ РК в ходе фитосанитарного мониторинга в Костанайской и Актюбинской областях, передает Liter.kz.

Как сообщили в ведомстве, речь идет о двух партиях карантинной продукции — продовольственном ячмене и семенах гуара, поступивших из Российской Федерации. Общий объем зараженных грузов составил десятки тонн. В Костанайской области при повторном фитосанитарном контроле партии семян гуара объемом 3 тонны специалисты выявили признаки заражения. Лабораторная экспертиза подтвердила наличие опасного карантинного сорняка — амброзии полыннолистной. Аналогичное нарушение выявлено в Актюбинской области. Результаты фитосанитарной экспертизы подтвердили наличие амброзии полыннолистной и амброзии трехраздельной (*Ambrosia trifida L.*), - добавили в пресс-службе МСХ РК. Составлены административные протоколы, материалы направлены в суд.

КОМАНДИРОВ БУДУТ СУДИТЬ ПОСЛЕ ГИБЕЛИ СОЛДАТА В ВКО

Расследование гибели срочника Казбека Оспанова в воинской части Усть-Каменогорского гарнизона завершили, - сообщает Ulysmidia.kz.

Командира батальона и взвода обвиняют в превышении власти и халатности — Следствием установлено, что должностные лица неоднократно допускали неуставные взаимоотношения и оказывали психологическое давление на погибшего военнослужащего, — сообщила Главная военная прокуратура. По данным следствия, в части допускали давление не только на погибшего солдата, но и на других военнослужащих. Кроме того, командир взвода не контролировал хранение оружия. Уголовное дело направили в суд. Командира части и двух его заместителей сняли с должностей, еще 9 сотрудников привлекли к дисциплинарной ответственности. 20-летний Казбек Оспанов погиб в январе во время службы. Официально сообщалось о самоубийстве, но семья с этой версией не согласилась. Родные говорили, что парень жаловался на давление и просил деньги у знакомых.

КАЗАХСТАН ОГРАНИЧИЛ ГОСЗАКУПКИ ИНОСТРАННЫХ ТОВАРОВ В ПЯТИ ОТРАСЛЯХ

Правительство Казахстана установило изъятия из национального режима при государственных закупках ряда иностранных товаров. Соответствующее постановление принято 23 апреля 2026 года, передает корреспондент агентства Kazinform.

Согласно документу, ограничения вводятся в отношении продукции машиностроительной, химической, металлургической, строительной и мебельной отраслей, произведенной за пределами Казахстана. При этом исключение предусмотрено для товаров, которые не производятся на территории республики.

В постановлении также отмечается, что к участию в государственных закупках будут допускаться только физические и юридические лица, включенные в реестр казахстанских товаропроизводителей.

О ФОНОГРАММЕ НА КОНЦЕРТЕ ПУБЛИКА БУДЕТ УВЕДОМЛЕНА ЗА 1 МЕСЯЦ

В Казахстане теперь, если на концертах и культурно-массовых мероприятиях певцы будут использовать фонограмму, об этом необходимо заранее сообщить зрителю, сообщает Malim.kz.

Новые требования утверждены Министерством культуры и информации Республики Казахстан 16 апреля 2026 года. Правила вступают в силу со 2 мая. Организаторы должны опубликовать информацию о применении фонограммы не менее чем за 30 дней до начала продажи билетов. Эта информация обязательно должна быть отражена на рекламных щитах, билетных кассах и рекламе в средствах массовой информации. Если реклама о концерте транслируется по радио или телевидению, предупреждение о фонограмме должно быть четко слышно или отображаться в начале или в конце ролика не менее 5 секунд. Кроме того, предупреждающий голос не должен уступать основной рекламе и не должен быть покрыт другими звуками. А в рекламных объявлениях продолжительностью менее 15 секунд отметка «используется голосовая фонограмма» обязательно должна быть произнесена или записана.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІ

Сембек ӘБДІРАХМАНОВ
«Алатау»

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЖЫЛ САЙЫН 1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІН АТАП ӨТЕДІ. БҰЛ МЕРЕКЕ 1995 ЖЫЛДЫҢ 18 ҚАЗАНЫНДА БЕЛГІЛЕНІП, МЕЙРАМ 1996 ЖЫЛДАН БАСТАП КЕҢІНЕН ТОЙЛАНЫП КЕЛЕДІ. «МЕРЕКЕЛЕР ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНДА АТАЛҒАН МЕРЕКЕ МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕГЕ ИЕ, СОЛ СЕБЕПТІ БҰЛ КҮН ЕЛДЕ РЕСМИ ТҮРДЕ ДЕМАЛЫС КҮНІ ДЕП БЕКІТІЛГЕН.

Елімізде бұл мерекенің пайда болуына ел халқының ұлттық құрамының ерекшеліктері мен өзгерістері бірден-бір себеп болды. XX ғасырға дейін республика көлемінде титулды ұлт – қазақтар басым болса, соңғы он жылдықта ел аумағына түрлі себептермен өзге ұлт өкілдері келіп қоныстанып, тұрақтап қалды. Басқа ұлттардың Қазақстанға көшуінің төмендегідей басты себептері болды.

• XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтың бос жатқан жерлеріне Орталық Ресей губерниялары шаруаларының қоныс аударуы.

• К С Р О - д а ғ ы ұжымдастыру саясаты және 1930 жылдардағы ашаршылық қазақтың санын едәуір азайтты.

• Содан бастап жылдар бойы Қазақстан аумағына өзге мемлекеттерден миллиондаған азаматтар қоныс аударды: поляктар, украиндықтар, литвалықтар, Поволжье немістері, Кавказ халықтары және т.б. ұлт өкілдері.

• 1950 жылдары бүкіл КСРО-дан қоныс аударушылардың тағы бір толқыны тың игеру үшін қазақ еліне табан тіреді. Нәтижесінде Қазақстандағы қазақтардың саны біршама азайды (кей жылдары олардың пайыздық үлесі тіпті 30%-дан аспады). Жағдай тек КСРО ыдырағаннан кейін ғана өзгерді. Одақтас республикалардың бөлінуі және өздерін егемен ел деп жариялауы нәтижесінде, елден көптеген еуропа ұлттары үдере көше бастады. Десе де жылдар өте келе елде бала туу көрсеткіші артып, жергілікті тұрғындар саны өсті. Бүгінгі таңда қазақ халқы ҚР-дағы негізгі этникалық топты құрап отыр.

КСРО ыдыраған жылдары, кейін де Қазақстаннан көшіп кеткен ұлт пен ұлыстар саны көп болса да, олардың кейбірі Қазақстанды өз Отаны деп қабылдап, күні бүгінге дейін елде тұрақтап қалды. Міне осы ұлт пен ұлыстардың бірлігі мен олардың мызғымас ынтымағын айғақтайтын бірден-бір мереке – **Қазақстан халықтарының бірлігі күні** болып отыр.

Елімізде бұл мереке – патриотизм мен адалдық мейрамы ретінде қабылданады. Елімізде тұратын басқа этностардың барлық топтары өздерінің

ұлттық дәстүрлерін, мәдениетін, өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік алды. Бұл әрбір халықтың дамуы үшін негіз қалаушы болды.

Қоныс аударушылар үшін өз үйіне айналған Қазақстанға деген алғысы жаңа Отанға деген адалдық пен махаббатқа әкелді. Қазақстан халқының бірлігі күні бұл қарым-қатынасты анықтай түседі.

Барлық этностардың одан әрі бірігуіне, достық пен келісімде бірге өмір сүруіне қызмет етеді. Ұлттық мәселені дұрыс шешу - ауыр ұлтаралық қақтығыстарды болдырмауға көмектесті, елімізде сындарлы этносаралық қатынастар қалыптасты. Республика аумағында тұратын барлық өзге ұлттар өз салт-дәстүрлері мен мәдениетін, тұрмыс-салтын сақтап қалуға мүмкіндік алды. Сол себепті еліміздегі көптеген басқа ұлттар мен ұлыстар қазақ халқына тек алғысын айтады.

Қазақстан халқы бірлігі күні еліміздегі барлық ұлттардың ынтымағы мен бірлігін нығайтатын, достастық қарым-қатынасты нығайтатын айтулы мереке болып қала бермек. Бұл ретте ұлтаралық татулықты сақтаудағы ел саясатының рөлі де басым болды. Оған дәлел, бүгінгі күнге дейін Қазақстанда ұлтаралық қақтығыстардың болмауы, керісінше, олардың арасындағы конструктивті этникааралық қарым-қатынастың дамуы болып отыр. Ұлттар арасындағы ынтымақ туралы көптеген мысал келтіруге болады.

ВАЛЕРИЙ МЕН ИНДИРА



Валерий және Индира

Көшіп келген ұлыстарды қазақ халқы жылы қарсы алып, алғашқы кездері көмегін аяған жоқ. Кавказдан жер аударылып келген балқарлар, гректер, шешендер, Еділ мен Поволжьеден келген немістер, Владивосток өңірінен келген көрістерге қазақ халқы қамқорлық көрсете білді. Сондай қазақ халқының қонақжайлылығының арқасында ұлыстар арасында тығыз достастық пайда болды. Бірге туған туыстай болып араласып, тіпті құдаласып та кетті. Көдімі қазақ ауылдарында бірнеше балқар, қарашай, орыс, неміс ұлттарының қыздарына үйленген ағаларымыздан қаншама ұрпақ



Валера мен Индира балаларымен

тарап кетті. Бұл қарым-қатынас бүгінгі күндерде де жалғасын тауып келеді.

Көксу ауданы, Талапты ауылында туып өскен қазақ тілін жергілікті қазақ балаларымен бірдей меңгерген орыс ұлтының баласы - Валерий Викторович пен Көксу ауданының Қызыларық ауылында туып өскен Ибраһимова Индира Ташқызы - ұлты ұйғыр, қазақ тілін өзінің ана тілімен тең меңгерген.

Орыс жігіті мен ұйғыр қызының махаббаты жарасып, 2010 жылы тұрмыс құрып, бір-бірімен сыйласымды, түсіністікпен өмір кешіп, екеуі өздеріне ортақ 3 баланы тәрбиелеп келеді. Валера Талапты ауылындағы салынып жатқан электр станцияның үлкен құрылысында жұмысшы. Ал Индира - Мұсабек Сенгірбаев атындағы ауылдың мәдениет үйінде көркемдік жетекші болып, барып-келіп жұмыс жасайды.

Екеуі бір-бірімен жоғары адамгершілікте, түсіністікпен отбасы болып тұрып жатқандарына 15 жылдан астам уақыт болды.

АМАНТҰР МЕН ЛИДА

Сол сияқты, осы Талапты ауылында Бершімбаев Амантұр атты азамат та орыс ұлтының қызына үйленіп үлгілі отбасы болып тұрып жатыр. (Суреттерін салмауды өтінді).

Бұлардың да араларында 3 балалары бар. Келіншегі Кузьмина Лидя Олеговна 2019 жылы Амантұрға тұрмысқа шыққаннан бастап тегін Бершімбаева деп ауыстырып, бірден ислам дінін қабылдаған. Мұсылмандарша неке қию рәсімін молда арқылы жасаған. «Фатиха сүресін жаттап



Лариса және Әбдікерім (Әбен)

алды, бисмилласыз іс бастамай-ды», - дейді жолдасы Амантұр.

ӘБДІКЕРІМ МЕН ЛАРИСА

Ескелді ауданы Шұбар ауылының тұрғыны Әбдікерім Әмреев (Әбен) деген азаматтың да келіншегі орыс қызы. Әбен өзі және отбасы жайында былайша әңгімелейді.



Жанна күйеуі көріс ұлтының баласы Антон және немересімен бірге

Мен Әмреев Әбдікерім Сыдықұлы, осы Алдаберген ауылында есейіп өстім, мектепті осы ауылдың Матай Байысов атындағы орта мектептің 8 сыныбын бітіріп, Көксу ауылындағы техникалық училищені (техникумына) оқуға түсіп, «Механик широкого профиля» мамандығын оқып бітіріп, 2 жыл Совет армиясы қатарындағы борышымды Украина елінде атқарып келдім.

Біз үлкен Әмреевтер әулетінің бір бұтағымыз. Келіншегім Әмреева Лариса Дмитриевна ұлты орыс. Шешесінің ұлты неміс. Некеміз қиылған, таза қазақша сөйлейді, қазақтың әдеп-ғұрпын жақсы игерген - үлкенді сыйлайды, ауылда сыйлы, таза қазақша өмір сүруде. Екеуіміз 1993 жылы тұрмыс құрдық.

1995 жылы келіншегім маған тұңғыш қызым Жаннаны сыйлады. 1998 жылы ұлым Темірлан өмірге келді. Біз сол кезеңде ауылымыздағы мектеп-интернатта екеуіміз жұмыс жасадық. Сол интернат жабылғанша қызмет қылдық. Содан кейін осы Алдаберген ауылында 8 жылдай алма бағында қызмет еттім.

2002 жылы қызым Жанель дүниеге келді. Содан тағы екі жыл өткенде кенже қызым Аяжан 2004 жылы өмірге келді. Аллаға шүкір, 4 балам бар. Бәрі шаңырақ көтеріп, тұрмыс құрған.

Ұлкен қызым Жанна көріс баласына тұрмысқа шыққан болатын. Қазір күйеуі Антон екеуі бір қыз, бір ұлымен Оңтүстік Корея елінде жұмыста. Ұлым Темірлан жекеменшік шағын автобуспен



Темірлан және Алина

отбасын асырап жүр. Келіншегі Алина орыс ұлтының қызы. Жанель қызым көрші ауылда колледжде жұмыста. Аяжан Алматы қаласында, күйеуі Бағлан екеуі өз тіршіліктерін жасауда.

Қазақстан халықтары арасындағы достық, туысқандық әр ауылдан кездеседі. Сондықтан 1 мамыр - Қазақстан халықтар



Бағлан мен Аяжан бөпесімен

бірлігі күні болып қала береді. Татулық деген ырыстың белгісі. Ал ырыс дегеніңіз – баршылық,



Назар мен Жанель

байлық. Қазақ атамыз бекер айтпаған ғой «бірлік бар жерде тірлік бар» деп. Тірлігіміз бен бірлігіміз берік болсын, ағайын. Мереке құтты болсын!

ҚАЗАҚ АРМИЯСЫНЫҢ ҚАУҚАРЫ ҚАНДАЙ?

Соңғы кездері әлемдегі қауіпсіздік жағдайы күрт өзгерді. Украинадағы соғыс, Таяу Шығыстағы тұрақсыздық, ірі державалар арасындағы жаңа геосаяси текетірес – мұның бәрі мемлекеттердің қорғаныс қабілетіне деген көзқарасын өзгертті. Осындай жағдайда кез келген ел үшін ең маңызды сұрақтардың бірі – армиясының дайындығы. Қазақстан да бұл мәселені айналып өте алмайды. Сондықтан қазақ армиясының нақты мүмкіндігін эмоциясыз, пафоссыз, барды бар, жоқты жоқ деп қарастыру қажет.



сан жағынан аса үлкен болмаса да, техника мен авиация мүмкіндігі бойынша аймақтағы негізгі әскери күштердің бірі саналады. Сонымен бірге модернизация мен технологиялық жаңарту әлі де жалғасуы тиіс. Әсіресе дрондар, байланыс жүйелері және цифрлық әскери технологиялар саласында жұмыс күшеймейінше, заманауи армия қалыптастыру қиын. Бүгінгі әлемдегі геосаяси жағдай құбылып тұр. Кеше ғана бейбіт көрінген аймақтар бір сәтте әскери қақтығыс аймағына айналып кетуі мүмкін.

орын).

- Әскери-әуе күштері: 237 ұшақ (әлемде 40-орын).
- Әскери бюджеті: 3 900 000 000 \$ (әлемде 49-орын).

ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Артықшылықтары: Қазақстанның қарулы күштері Орталық Азия елдері арасындағы көшбасшылығын сақтап, Global Firepower 2025 рейтингінде бір сатыға көтерілді. Мемлекеттің әскери шығындары шамамен 1,3 трлн теңгені құрайды. Бұл қаржы жаттығуларды жүйелі түрде өткізуге, техниканы жаңартуға және қорғаныс өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік береді.

Кемшіліктері:
*қарулы күштің басшыларының жиі ауысуы
*мемлекеттік тілді менсінбейтін әскерилердің басшылыққа келуі
*қару-жарақ, оқ-дәрі жағынан Ресейге тәуелділігі /дереккөз kaznuz.kz/

ӘСКЕРГЕ 2026 ЖЫЛЫ ҚАНША АДАМ ШАҚЫРЫЛАДЫ?

2026 жылы Қазақстанда әрқайсысы 20 мың сарбаздан тұратын екі мерзімді әскерге шақыру науқаны өткізіледі, деп ха-



кең көлемдегі дрон армиясы Қазақстанда әзірге жоқ.

Қазақстан армиясының тағы бір ерекшелігі – стратегиялық баллистикалық зымырандардың болмауы. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында ядролық қарудан толық бас тартқан мемлекеттердің бірі болды. Сондықтан Қазақстанның әскери доктринасы негізінен қорғаныс сипатында құрылған. Қарулы күштер құрамында тактикалық зымыран кешендері мен әуе қорғаныс жүйелері бар, бірақ стратегиялық ядролық қару немесе құрлықаралық баллистикалық зымырандар жоқ.

Әскердің жауынгерлік дайындығы оқу-жаттығулар арқылы тексеріледі. Қазақстанда жыл сайын ірі әскери жаттығулар өткізіліп тұрады. Әсіресе десанттық бөлімшелер мен арнайы күштердің жаттығулары жиі ұйымдастырылады. Сонымен қатар халықаралық әскери оқу-жаттығуларға да қатысу тәжірибесі бар. Мұның бәрі әскери бөлімдердің тактикалық дайындығын арттыруға бағытталған.

Қазақстанның қорғаныс бюджеті жылына шамамен екі миллиард доллардан асады. Бұл Ресей немесе Түркия сияқты ірі әскери державалармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Бірақ Орталық Азия мемлекеттері арасында ең жоғары бюджеттердің бірі саналады. Соңғы жылдары әскери техника сатып алу және модернизациялау шығындары біртіндеп өсіп келеді. Дегенмен армиядағы мәселелер де жоқ емес. Әскердегі тұрмыстық жағдай, кейбір бөлімдердегі әлімжеттік оқиғалары, келісімшарттағы әскери қызметкерлердің жетіспеуі сияқты проблемалар қоғамда жиі талқыланып жүр. Бұл мәселелер тек техникамен емес, әскери тәртіп пен басқару мәдениетімен де байланысты.

Жалпы алғанда, Қазақстан армиясы



Сондықтан кез келген мемлекет үшін ең басты қауіпсіздік көпірі – дайын тұрған армия. Қазақстан үшін де осы қағида өзгермейді. Бейбітшілікке ұмтылған елдің өзі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әскерін ердайым дайын күйде ұстауы тиіс. /nazarmedia.kz/

Global FirePower (GFP) сараптама орталығының есебі бойынша Қазақстан 2024-жылғы әскери әлеуеті жөнінен 60-орынға табан тіреді.

Еліміздің Қарулы күші жайлы айтар болсақ, біз Орталық Азияда көршілес Өзбекстан Республикасынан кейін ең көп әскері бар мемлекет боп саналамыз. Көпвекторлы саяси бағыт ұстанғандықтан да Қазақстанның экономикасында біршама тұрақтылық пен халықаралық саяси аренада танымалдылық бар.

inbissness.kz бойынша

- Танктері: 310 (әлемде 48-орында).
- Артиллерия саны: 450 (әлемде 27-

барлады қорғаныс министрінің орынбасары Асқар Мұстабеков. Қорғаныс министрі орынбасарының айтуынша, күзде тағы 20 мыңға жуық адамды әскерге шақыру жоспарланып отыр. /дереккөз ҚазТАГ/

Кейбір деректерде бұл сан 43 мыңнан астам деп көрсетілген. /Қарағанды кз./

Ұлдарымды иықты ет!

Ақылдарын биік ет!

**Ел қорғаған сарбаздың
Абыройын тұнық ет!** (әскерге ұлын шығарып салған ана тілеуі)

Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, бейбіт тірлігімізді көз ілмей күзететін, халқымызға қорған болатын ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін! 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

Бетті дайындаған Еңлік ДАНИЯРОВА

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ 110 ЖЫЛ

Сембек ӘБДИ-РАХМАН

«Алатау»

Ең алдымен, өзінің шаруашылық ерекшеліктеріне қарай қазақ елінің майданды және елді шикізат, азық-түлікпен қамтамасыз етудегі рөлі мейлінше күшейді. 1914-1916 жылдардың арасында тек Түркістан өлкесінен 2089 мың тонна мақта, 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 14 мыңға жуық киіз үй алынған. Соғыстың бірінші жылында тек Жетісу өңіріне майданға жіберілген мал мен малшаруашылығы өнімдерінің құны 34 миллион сомға жетті.

Соғыстың ауыр зардаптарының бір көрінісі - шаңырақ салығының артуы болды. 1914 жылы қазақтан жиналатын осы әлеуметтік ауыртпалықтың мөлшері 600 мың болса, 1917 жылға қарай 1 миллион 200 мың сомға ұлғайды.

Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және сая-

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯДАҒЫ ОН АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН ЕДІ. 1914 ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАН І ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ПІСІП-ЖЕТІЛІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАЛПЫ ДАҒДАРЫСТЫ ШЫРҚАУ ШЕГІНЕ ЖЕТКІЗДІ.

Қазақстандағы көтерілістің алғашқы ошақтары 1916 жылы шілде айының бас кезінде пайда болды. Халықтың ашу-ызасына жұмысқа алынатындардың тізімдерін жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті әкімшіліктердің басқа да қызметкерлері ұшырады. Өйткені жасалған тізімдер әуел бастан жаппай парақорлық, көзбояушылық пен қиянатқа негізделді.

Әкімшілік жүйе ол кезде қазақтарда туу туралы куәліктің болмағанын пайдаланып, тізімге жас шамасына қарамастан кедейлерді қалауынша енгізіп, ал ауқатты әулеттерден пара алып, оларды шақыртудан босатты.



Кеген аудандық музейінің қызметкерлері Аяулым мен Индира Жетісу телеарнасында

болды. Көтеріліске сондай-ақ қазақ халқының басқа әлеуметтік топтарының (байлар, болыстар мен билер, интеллигенция) өкілдері де қатысты. Соңғылары кейбір аймақтарда жетекші рөл атқарды.

Түркістан генерал-губернаторы бірнеше жазалау отрядын жасақтап, көтерілісшілерге қарсы жөнелтті. Көтерілісшілер Самсы төңірегінде отрядқа шабуыл жасап, оларды Верныйға (Алматы) қарай шегінуге мәжбүр етті. Т.Бокин бастаған көтерілісшілер (10 мыңнан астам) тамызда шабуылға шығып, Верный мен Пішпек арасындағы байлансты үзді. Көтерілісшілер арасынан Бекболат Өшекеұлы, Нұқа Сатыбеков сияқты басшылар шықты.

1916 жылы шілдеде Қарқаралы (Семей облысы) мен Өскемен уезінің, Көкпекті мен Зайсанның көтерілісшілері майданға жіберілетін адамдардың тізімін тартып алып, болыстарға күш қолданды.

Бұл кезде Жаркент және Лепсі уезіндегі көтеріліс күшейе түскен еді. Жетісу облысындағы ірі көтерілістің бірі Қарқара жайлауында болды.

Қазақ зиялыларының кейбір өкілдері (Т. Бокин, Ж. Ниязбеков, Ә. Жүнісов, Т. Рысқұлов, С. Мендешев, Б. Алманов, Ә. Жангелдин, т.б.) патша жарлығына қарсы шығып, халықты қарулы қарсылыққа шақырды.

Ал «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан либерал-демократияшыл зиялылардың жетекшілері (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, т.б.) патша әкімшілігінен тыл жұмысына адам алуда асықпауды өтініп, керісінше дайындық шараларын жүргізу жөнінде ұсыныстар жасады. Олар көтеріліске шыққан халық патша өкіметі тарапынан аяусыз жазалауға ұшырайтынын ескертіп, көпшілікті жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды.

Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» кітабының бас қаһармандары - 1916 жылғы Қарқара көтерілісі жетекшілерінің бірі Жәмеңке Мәмбетұлының біз біле бермейтін қыры көп. Жазушы Жәмеңкенің көтеріліске қатысты жағдайын бере отырып, бар болмысын оның айналасындағы адамдар арқылы жеткізген. Шығарма арқауы Жәмеңке мен Ұзақ арқылы дамып, олар бір-бірін қашанда толықтырып, елдің ертеңі мен бүгінін ойлаған басшылар есебінде баяндалады. Ел ішіндегі татулық пен бірлікті сақтауға барын салып, патша өкіметіне қарсы шыққан күрескерлер ретінде баяндалады. Екеуі де албан, суан, қырғызға белгілі тұлға болғандығын көрсетеді. Оны біз

және тарих пәнінің мұғалімдерімен конференция өткізді. Конференция барысында студенттерге «Қарқара» көтерілісінде пайдаланған батырлардың бес қаруы – дулыға, қылыш, шоқпар, садақ, күрзі және олардың ішіндегі белсенді батыр Ұзақ Саурықұлы мен Жәмеңке Мәмбетұлының ұстаған бұйымдары (ұстарасы, шөугім, шөйнегі, мыстан жасалған қасығы т.б.) қойылып, таныстырылды. Көтерілісті ұйымдастыруға белсенділік көрсеткен адамдардың суреттері де қойылды.

Конференцияны музей директоры Әділет Жанғабылұлы ашып, музейдің негізгі құрылымы мен мақсаттарына тоқталып өтіп, әрі қарай кезекті әріптестері Аяулым Санатқызы мен Индира Нүрәділқызына берді. Аяулым мен Индира жоғарыда жазылған тарихи оқиғаны кеңінен баяндай отырып, студенттер сұрақтарына жауап берді.

Жетісу университеті кафедраларының директоры Бекзат Тынысбекқызы, тарих пәнінің ұстаздары – Абдилданова Альбина Қойшыманқызы, Қаратаева Динара Ғалымқызы, Қалелова Жадыра Уатайқызы қатысты.

Альбина Қойшыманқызы өз сөзінде: «Бүгінгі жастарға бұл тарихты білу өте қажет. Бұл қазақ жерінде бұдан 110 жыл бұрын егемендікті аңсаған қазақ ұлтының басынан өткен 1916 жылғы ұлт-



си мәселелерге тікелей байланысты болды. Отаршылдық езгінің күшеюі, Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халқының жерлерін тартып алудың жалғасуы, салықтар мен басқа да алымдар көлемінің шамадан тыс ұлғаюы, патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясатының кең өріс алуы мен қалың бұқараның әлеуметтік жағдайының күрт төмендеуі көтерілістің басталуына себеп болды.

Қазақтардың туу туралы куәлігінің жоқтығын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майданға, жұмысқа алына-тын «қара тізімге» қосты, ал феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдар 30 жаста, 25 – 30 жастағы



Кеген музейінен әкелінген жәдігерлер

Көтерілістің басталуына II Николай патшаның 1916 жылы 25 маусымдағы «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің «бұратана халықтарының» ер-азаматтарынан (19 бен 43 жас аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен жолдар салу, окоп қазу, т.б.) 400 мың адам, оның ішінде қазақтан 240 мыңға жуық адам алу белгіленді.

бай балалар 50 жаста деп жазылды. Көтерілісшілер болыстық кеңселерді, болыстар мен ауыл старшындарының үйлерін, жасалған тізімдерді өртеді, жекелеген болыс бастықтарын өлтірді. Стихиялы қозғалыс біртіндеп ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің негізгі қозғаушы күштері – отарлық езгіден күрт кейденген шаруалардың қалың тобы мен сол кезде қалыптаса бастаған жергілікті жұмысшылар



айтқанынан қайтпай, өздерінің пікірлерінен таймады. Осыдан кейін көп кешікпей абақты жөндеттері Жәмеңке ақсақалға әдейі қастандық ұйымдастырады. Жасы сексенге таянған Жәмеңкеге у беріп, «ажалымен өлді» деген сылтау айтқан. «Жәмеңкенің сүйегі жақын туысқандарына берілмесін» деген бұйрық та болып, оның сүйегі мұсылман зиратына жасырын жерлеген.

Биылғы жылы ұлт-азаттық көтеріліске 110 жыл толуына байланысты Алматы облысы Кеген аудандық тарихи – өлкетану музейінің қызметкерлері Чукунов Әділет Жанғабылұлы – музей директоры, экскурсия жетекшілері Рамазанова Индира Нүрәділқызы мен Ақымжан Аяулым Санатқызы Талдықорған қаласына келіп, «Жетісу» телеарнасының «Таңжарық» бағдарламасынан тікелей эфирден сұхбат беріп, одан кейін Жетісу университетінің тарих факультетінің 4-курс студенттерімен

азаттық көтеріліс – бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылудың бірден-бір белгісі еді. Осының соңы 1986 жылғы Алматыдағы жастардың наразылығына жалғасып жатты. Егемендік үшін күресте талай боздақтарымыз шөйіт болды. Тіпті сол 1916 жылғы көтерілістің өзіне «Ұлт-азаттық көтеріліс» - деген статустың өзі көп жылдардан кейін берілді. Оған дейін «бандалар» деген сияқты әр түрлі атап келді. 1986 жылғы жастардың наразылығын да нашарлар деп айыптады емес пе? Егемендік үшін құрбан болған аталардың рухын көтеріп, еске алып, жастар арасында осындай шара ұйымдастыруға сонау 500-600 километр жерден ат арытып келген Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері, сіздерге үлкен ризашылық білдіреміз, істеріңізге ақ жол тілейміз!», - деген жылы лебізін білдірді.

«ЕР - ЕЛІНІҢ ҚОРҒАНЫ»



Отан қорғау – әр азамат үшін абыройлы міндет. Ал сол міндетті кәсіби деңгейде атқарып жүрген жандардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Достық» шекара бөліміне қарасты «Шыңдалы» шекара бөлімшесі де аталған бағытта сүбелі үлес қосып келеді. Мереке аясында сол бөлімшеде қызмет ететін лейтенант **Фани Қайырбекпен** шекара қызметінің тынысы туралы сұхбаттасқан едік.

– Біз сарбаздарды жан-жақты бағалаймыз. Оның ішінде, дене және психологиялық дайындық, көрсеткіштер мен тәртіпке бейімділік дегендей критерийлер бағаланады. Оның бәрі не үшін қажет деген сұрақ туындаса, шекарадағы технология мен тактиканың түрлілігіне бейімделіп, нағыз шыңдалған әскери қызметші дайындаудың фундаменти деп сипаттасақ



– Жалпы шекара қызметі – елдің тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды сала екенін білесіз. Біздің қызметіміз түрлі бағытта құралған. Бірақ бәріміздің негізгі міндетімізге – мемлекеттік шекараны қорғау, заңсыз көші-қонның алдын алу, қауіпті заттардың ел аумағына өтуіне жол бермеу – дегендей, өзге де жауапкершілігі басым жұмыс жүктелген.

Соның ішінде, менің қызметім осы міндеттердің сапалы орындалуын ұйымдастырумен тікелей байланысты. Яғни, қарамағымдағы әр жауынгерге тиісті білім беру ісін жасаймын.

Бұл тұста, ең алдымен қызмет кезінде аталған салаға алғаш қадам басқан жауынгердің дайындығын дұрыс қалыптастыруға мән беремін. Әскерге енді келген сарбаздың жақсы қалыптасуы алғашқы кезеңде дұрыс бағыт көрсетуімен маңызды. Бастапқы берілген тәрбие мен білім оның болашақтағы қызметіне тікелей әсер етеді.

Екіншіден, қару-жарақ пен техниканың әрдайым дайын болуын қадағалау да міндетіміздің бірі. Әскери қызметте кез келген уақытта әрекет етуге дайын болу қажет. Сондықтан барлық құрал-жабдықтың ақаусыз жұмыс істеуі – басты талап.

Сонымен қатар, жауынгерлердің кестеге сай түрлі сабақтан толық өтуін, жаттығуларды дұрыс орындауын бақылап жүреміз. Күнделікті жоспар бойынша түрлі дайындық жұмыстарын жүргіземіз.

– Қарамағыңыздағы жауынгерлердің дайындығын қалай бағалайсыз?

Болады. Қазіргі таңда қарамағымдағы жауынгерлердің 90 пайызы жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Барлығы тапсырманы жауапкершілікпен орындайды, әскери тәртіпті сақтайды.

Апта сайын жоспарлы түрде оқу-жаттығу

өткізіледі. Бұл сарбаздардың дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, әр жауынгеріміздің көзқарасы дұрыс, қызметке деген жауапкершілігі жоғары деп бағалаймын.

– Шекара қызметіндегі ең күрделі бағыттардың бірі қайсы деп ойлайсыз? Қазіргі таңда шекараны қорғауда қандай жаңа әдістер немесе технологиялар қолданылып жатыр?

– Нақты бір бағытты «өте қиын» деп бөліп жара алмаймын. Себебі, шекара шебіндегі әр жұмыстың өз қиындығы мен оңтайлы тұсы қатар жүреді.

Әскери қызмет болған соң әрбір маман түрлі сынаққа тап болады ғой. Кейде табиғи жағдайлар әсер етеді, кейде күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Мұнда ең бастысы – сол қиындықтарға сақдай-сай дайын болса болғаны.

Қазір шекара қызметінде заманауи технологиялар кеңінен қолданылып жатыр. Мысалы, бейнебақылау камералары, тепловизорлар, қозғалысты анықтайтын жарықшам құрылғылары бар. Аталған техникалар бізге жағдайды бақылауға, қауіптің алдын алуға көмектеседі. Бірақ қандай жаңашылдық болса да, оны тиімді қолдану адамның өзіне байланысты.

– Қызмет барысында қандай

қиындықтар кездеседі? Алғаш келген кезіңіз есіңізде ме?

– Қызмет барысында түрлі жағдайлар кездеседі. Оның бәрін ашып айтып отыру біздің жұмысымызда қызметтік жағдайды пайдалану деп есептеледі.

Бірақ мен үшін ең қиыны – жедел шешім қабылдау кездерінде болған шығар. Алғаш келген кезде мұндай жағдайлар жиі болды. Себебі тәжірибе аз, жауапкершілік үлкен еді. Бір ағат қадам үлкен салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан әр әрекетті ойлап жасау қажет. Мұндай жағдайда тек өзіңнің ғана емес, қарамағыңдағы әр сарбаздың тағдырына жауапты екенінді түсінеді екенсің. Уақыт өте келе тәжірибе жинақталып, оқыс жағдайларға бейімделе бастайсың.

– Әскери қызмет сізге қандай қасиеттерді үйретті? Нәтижесінде осы мамандықты таңдадыңыз?

– Ең алдымен, жауапкершілікті үйретті дер едім. Сонымен қатар сабырлы мінез, темірдей тәртіп, стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырды.

Қиын жағдайда өзіңді ұстай білуді, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды меңгердім. Бұл қасиеттер тек қызметте ғана емес, өмірде де ұстанымыма айналған.

Ал таңдауға келер болсақ, бала кезімнен өзімді тек әскери қызметте суреттей біліпін. Сол қызығушылығымды өсе келе орындадым. Нақты шекара бағытына бет бұруды өкемнің берген бағыт-бағдарына қарай таңдадым.

Бұл сала жүрегіме жақын және салмақты мінезіме де лайық. Өмірде екі таңдауда қателеспей керек деп айтады ғой. Мамандықты таңдауым дұрыс болғанына көзім жетті. Себебі жұмысымды сүйіп істеймін, Отан алдындағы борышымды лайықты алып жүрмін деп ойлаймын.

– Жас жауынгерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Жас сарбаздарға айтарым – Отанға деген сүйіспеншілікті жүрекпен сезіну керек. Қызметті тек міндет ретінде емес, үлкен миссия ретінде қабылдау қажет. Әр әрекетің тек өзіңе емес, өзге де әсер ететінін түсіну маңызды. Сонда ғана өз жолыңды табасың.

– **Фани мырза, Отан алдындағы әскери еңбегіңіз жоғары бағалануына тілкетесіз. Мерекіңізбен шын жүректен құттықтаймын!**

P.S. Шекара – ел тыныштығының алғашқы шебі. Ал сол шепте тұрған әрбір сарбаз – ел сенімін арқалаған азамат. Лейтенант **Фани Қайырбек** сияқты өз ісіне адал жандар барда, бұл сенім әрдайым ақтала береді деп сенеміз.

Қоғам көзінен көбіне тасада қалатын, бірақ ел тыныштығы үшін аса маңызды қызметтің бірі – шекара күзеті. Бұл – сырт көзге бірсарынды көрінгенімен, ішкі тәртібі қатал, жауапкершілігі ауыр, психологиялық тұрғыдан да үлкен дайындықты талап ететін сала. Осындай ортада әскери борышын өтеп жүргендердің бірі – **Талдықорған қаласының тумасы, 20 жастағы Жарқын Баймолда.**

Бүгінде ол «Жетісу» шекара бөлімшесінде сегіз айдан бері қызмет етіп келеді. Осы уақыт ішінде жас сарбаз азаматтық өмірдің еркіндігін артқа тастап, әскери тәртіптің талаптарына толық бейімделген.

Жарқынның күнделікті тіршілігі нақты жоспарға сәйкес құрылған. Таңғы дайындықтан бастап, киім кию, қару-жарақты тексеру, бұйрық күту – бәрі белгілі тәртіпке бағынады. Әр қимылдың өз уақыты, әр әрекеттің өз орны бар. Әскери өмірдің басты ерекшелігі де – осы жүйелілік пен қатаң тәртіп.

Кейіпкердің негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны қорғау, күзету. Ол көбіне бақылау бекеттерінде немесе арнайы мұнараларда тұрып, белгіленген аумақты үздіксіз қадағалайды. Күмәнді қозғалыс байқалса, бірден рация арқылы бөлімшеге хабар береді. Қарапайым көрінетін осы жұмыстың артында үлкен қырағылық пен жауапкершілік жатыр.

Жас сарбаздың айтуынша: – Шекара қызметінде ең бастысы сақтық пен сергектік керек. Әсіресе тунга кезекшіліктің өзіндік салмағы бар. Камерадан белгісіз қозғалыс байқалған

сәтте дабыл беріп, күмәнді ізді тексеруге шығамыз. Мұндай кезде бойды белгісіз үрей билейтіні жасырын емес. Дегенмен әскери тәртіп пен нұсқаулыққа сүйене отырып әрекет ету – әр жауынгердің басты міндеті деген қағиданы қатаң сақтаймыз. Кей жағдайда күмәнді іздің жануарға тиесілі екені анықталғанда ғана ішкі қысым сейіліп, тынысымыз кеңейеді.

Жарқынның сөзінен әскери қызметтің адамды қалай өзгертетіні жайлы да анық байқалады. «Бұрынғы еркіндік орнына жауапкершілік келіп, әр қадамды ойлап жасау дағдыға айналған. Бір адамның қателігі бүкіл бөлімшеге әсер ететіндіктен, әр сарбаз тек өзін емес, қасындағы серіктерін де ойлауға үйренеді» - деген ол артық сөйлемей, әр ісіне есеппен қарайтын болғанын айтады. Әсіресе ұжымдық



жауапкершіліктің мәнін терең түсінген сыңайлы.

Жауынгер үшін маңызды қасиеттерді Жарқын қысқа әрі нақты: қырағылық, төзімділік, тәртіп және жылдам шешім қабылдай білу деп сипаттайды. Бойында осы қасиеттер болмаса, шекара қызметінде табандылық таныту оңай емес дегенді түсіндірді ол.

Отан қорғау мәселесіне келгенде де оның ойы анық. Ол мұны әр азаматтың қасиетті борышы деп қабылдайды. Шекараның тыныштығы – елдің тыныштығы, ал бұл өз кезегінде әр отбасының амандығымен тығыз байланысты екенін жақсы түсінеді.

Сегіз ай ішінде Жарқын тек әскери машықтарды ғана емес, өмірлік маңызды

дағдыларды да меңгерген. Бүгінде ол өзін сабырлы, жинақы, төзімді адам ретінде бағалайды. Оның айтуынша, әскер – адамды шыңдайтын, жауапкершілікке үйрететін ерекше мектеп.

Шекара шебіндегі өмір көпшілікке бейтаныс болуы мүмкін. Алайда сол тыныштықтың артында осындай жас сарбаздардың күнделікті еңбегі мен қырағылығы жатыр. Жарқын Баймолда – солардың бірі ғана. Бірақ оның әңгімесі арқылы тұтас бір әскери өмірдің шынайы келбетін көруге болады. Отанын қорғауға үлесін қосқан, «Ер – елінің қорғаны» деген сөзге лайық әр азаматты төл мерекесімен құттықтаймыз!

Дүйсенбі - Понедельник, 4 мамыр

ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»
07.00, 09.00 Мультсериал «Барбоскины»
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12.00 Cover show
14.00 «Әлеумет»
14.30 «Көзқарас»
15.00 Худ. фильм «Испанский английский»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»
23.00 Худ. фильм «Чёрная Молния»

16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Фибрат»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «АІ әлем»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Күн болам»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.45 «Пусть говорят»
13.20 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Koremiz-Шоу»
14.30 Qoslike
20.00 «Главные новости»
20.30 сериал «Первый отдел-3»
01.00 «Главные новости»
01.35 сериал «Диверсант»
02.30 «Басты жаңалықтар»
02.55 Koremiz-шоу»
03.40 «Паутина»

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 «Куліп All» ойын-сауық
07.30 «Татті шоу» ойын-сауық
08.00.00.40 «31 езіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Аватар Легенда об Аанге»
09.30 Мультсериал «Губка Боб»
10.50 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12.30 КИНО. Робин Уильямс в фэнтези «Джуманджи»
14.30 Худ. фильм «Армагеддон»
17.30 Худ. фильм «Вертикальный предел»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Худ. фильм «Глаза дракона»
22.50 Худ. фильм «Копы в законе»
02.40 Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Тойхана»
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
09.00 әңгімесі ауылдың...
09.30 «Үздік әзілдер»
10.00 Мультсериал «Ну погоди!»
11.00, 12.00, 17.00, 01.50 Телесериал
13.00 18.00 жаңалықтар
13.15, 19.30 новости
13.30 телехикая «әмірші әйел»
14.50 «жұмбақ қыз» кркем фильм
18.30 телехикая «алыс шаһар»
20.00 сериал «ветренный»
21.00 сериал «далекий город»
23.40 «Әзілің жарасса». Әзіл-сықақ бағдарлама
01.00, 05.00 Жаңалықтар
01.20.05.25 Новости
04.10 Гүл-гүл шоу

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Угәгәй melody»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.40 Д/ф «АІ әлем»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Әзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»

Сейсенбі - Вторник, 5 мамыр

ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»
07.00 «Оян»
09.00 Мультсериал «Барбоскины»
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің Арманы»
12.00 Телехикая «Келінжан»
13.00 «Ойна»
14.00 «Народный контроль»
14.30 Пульс планеты
14.45 Жер-жаһан
15.00 Худ. фильм «Чёрная Молния»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»
23.00 Худ. фильм «ВЗРЫВ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «кешкі кездесу»
07.00 «қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «доброе утро, Казахстан!»
10.00 «жить здорово!»
10.50 «модный приговор»
11.50 «давай поженимся!»
12.50 худ. фильм «любовь по-японски»
14.00 «жаңалықтар»
18.30 «басты жаңалықтар»
19.00 «koremiz-шоу»
20.00 «Главные Новости»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
20.30 сериал «первый отдел-3»
01.00 «Главные новости»
01.35 сериал «Диверсант»
02.30 «басты жаңалықтар»
02.55 «koremiz-шоу»
03.40 «Паутина»

КТК

07.05 кешкі жаңалықтар
07.30 «әнім сен едің»
08.10 «джелаладдин»
09.30 вечерние новости
10.10 сериал «тверская. любой ценой»
12.10 сериал «клан ювелиров»
14.10 сериал «кольцо с рубином»
16.40 сериал «дворняжка ляля»
18.30 сериал «однажды в чукурова»
20.30 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 сериал «клан ювелиров»
23.40 сериал
01.30 сериал «дворняжка ляля»
03.00 «джелаладдин», түрік телехикаясы. с субтитрами на русском языке.
04.00 кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.25 «ктк қоржыны»
05.25 «өнім сен едің» ойын-сауық (қайталау)

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Көріңбейтін көмекші»

11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Тәртіп»
12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Фибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Күн болам»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Тәртіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолбарыс»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің ағам -агент»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 20.00 Информбюро (рус, каз.)
08.00.01.20 «31 езіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09.30 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.50 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11.40 Худ. фильм «Вертикальный предел»
14.20 Худ. фильм «Глаза дракона»
16.20 «Геракл»
18.20 Худ. фильм «13-й район»
21.00 Худ. фильм «Воин»
23.40 «Сезімтал»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «TikTok show» ойын-сауық
03.20. 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02 «тойхана»
107.00, 22.00 телехикая «үзілген жапырақ»
09.00 «үздік әзілдер». әзіл-сықақ бағдарлама
10.00 «ну, погоди!»
11.00, 12.00, 17.00, 01.50 телесериал
13.00, 18.00 жаңалықтар тікелей эфир
13.15, 19.30 новости. прямой эфир
13.30 «әмірші әйел»
14.50 «нашедшего ждет вознаграждение»
18.30 «алыс шаһар»
20.00 «ветренный»
21.00 «далекий город»
23.40 «әзілің жарасса»
01.00, 05.00 жаңалықтар
01.20.05.25 новости
04.10 гүл-гүл шоу

Сәрсенбі - Среда, 6 мамыр

ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Барбоскины»
09.30 Мультсериал «Лунтик»
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12.00 Телехикая «Келінжан»
13.00 «Ойна»
14.00 «Біздің назарда»
14.30 Пульс планеты
14.45 Жер-жаһан
15.00 Худ. фильм «ВЗРЫВ»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «КешREC»
23.00 Худ. фильм «Шестой пост»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «кешкі кездесу»
07.00 «қайырлы таң, қазақстан!»
08.30 «доброе утро, казахстан»
10.00 «жить здорово!»
10.50 «модный приговор»
11.50 «давай поженимся!»
12.50 Худ. фильм «ЛЮБОВЬ По-японски»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «басты жаңалықтар»
19.00 koremiz-шоу»
20.00 «главные новости»
20.30 сериал «первый отдел-3»
01.00 «главные новости»
01.35 сериал «диверсант»
02.30 «басты жаңалықтар»
02.55 koremiz-шоу»
03.40 «Паутина»

КТК

07.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «әнім сен едің»
08.10 «джелаладдин»
09.30 вечерние новости
10.10 сериал
12.10 сериал «клан ювелиров»
14.10 сериал «кольцо с рубином»
16.40 сериал «дворняжка ляля»
18.30 сериал «однажды в чукурова»
20.30 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 сериал «клан ювелиров»
23.40 сериал «подсудили»
01.30 сериал «дворняжка ляля»
03.00 «джелаладдин»
04.00 кешкі жаңалықтар (қайталау)
04.25 «ктк қоржыны»
05.25 «әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Өзгеремін»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Киелі Қазақстан. Мыңжылдықтар мұрасы»
12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/

12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Менің ағам -агент»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.15 «Сакральная Казакстан.Наследие Великой степи»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «После огня»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көлеңкедегі күш»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

06.00 04.00 «Әзіл студио»
06.30 «Ризамын» ойын-сауық
07.00. 20.00 Информбюро (рус, каз)
08.00 «31 езіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Аватар. Легенда об Аанге»
09.30 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.50 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11.30 Худ. фильм «три ниндзя»
13.30 худ. фильм «воин»
16.20 худ. фильм «13-й район»
18.00 худ. фильм «13-й район: ульти- матум»
21.00 худ. фильм «война будущего»
23.40 худ. фильм «узы любви»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «TikTok show» ойын-сауық
03.20.05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Ата-ана. бала-шаға»
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
09.00 «Үздік әзілдер» Әзіл-сықақ бағдарлама
10.00 Мультсериал «Ну, погоди!»
11.00, 12.00, 17.00, 02.00 Телесериал
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Телехикая «Әмірші әйел»
14.50 Худ. фильм «Переверни страницу»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Телехикая «Алыс шаһар»
19.30 Новости
20.00 Сериал «Ветренный»
21.00 Сериал «Далекий город»
23.50 «Әзілің жарасса». Әзіл-сықақ бағдарлама
01.10.04.50 Жаңалықтар
01.30, 05.20 Новости
04.10 Гүл-гүл шоу

САҒЫНЫШ

ОҚТАУДА КЕСПЕН ҚАЛДЫ КЕСІЛМЕГЕН...

Ана... Осы бір сөз тұтас бір ғаламмен, өмірмен пара-пар екенін, басыма қайғы бұлты үйірілгенде, бұрынғыдан да терең сезініп отырмын. Жасым елуден асып, өзім де ана, ата атанғаныммен, анамның жанында мәңгі бала болып қала беретінімді, оның мейіріміне бөленіп, еркелеп жүрген сәттерімнің қандай баға жетпес бақыт екенін қазір анық ұққандаймын. Расында қазақта «анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген сөз қарапайым тіркес емес, жүректен ғана түсінілетін ақиқат екен...



Дәл бүгінге дейін анам жайлы жазуға қолым бармады. Қолыма қалам алып, «Жәннәтім» туралы өткен шақпен жазамын деп ешқашан ойламаппын. Қанша ғылыми еңбек, мақала жазғанда кідірмейтін, ойы жүйрік, қаламы ширақ қолым дәл осы сәтте ауыр тартып, әр әріпті жүрегімнің түбінен суырып алып жазғандай болып отырмын. Сағынышымды, мұңым мен жан жарамды жеткізу мүмкін болмай тұр... Бірақ осының бәрін ішімде тұншықтырмай, ақ қағазға түсіруді перзенттік борышым деп білдім.

Менің анам – мен үшін ғана емес, бізді білетін барша жұрт үшін ерекше жан еді. Ол 1949 жылдың 31 мамырында қарапайым отбасында дүниеге келіп, сол қарапайымдылықты өмірінің соңына дейін жоғалтпай өтті. Жүзі жылы, жанары мейірімге толы, сөзі жұмсақ, ісі

нық, еңбекқорлығы мен сабырлылығы бір төбе болатын. Бізді бағып-қағып, ешкімнен кем қылмай өсірді, өмірдің қиыншылығын білдірмей, балалық шағымызды шаттыққа бөлеп, жүрегімізге өшпес жылулық сыйлады.

Анамның аялы алақаны, кейде тентектік жасағанда қатуланған қабағы, айтқан әрбір ақылы мен ескертуі – бәрі-бәрі менің бүгінгі болмысымды қалыптастырған үлкен мектеп, өмірлік бағдар болды. Ол тек шаңырағымыздың ұйытқысы ғана емес, ел ішінде сыйлы, көпке қамқор, ақылын аямайтын дана ана еді. Анамның жүрегі – бәрімізді сыйдырған кең әлем секілді, пейілі дархан даладай шексіз болатын.

Біздің тазалығымыз, ұқыптылығымыз, тәртібіміз – бәрі де ана тәрбиесінің жемісі. Кейде өткен күндерді ой елегінен өткізіп, еріксіз жымиып аламын. Анам үйге кірген шыбынды қондырмай, қуып жүріп өлтіретінін бүкіл туыс біледі. Сонда әкем марқұм әзілдеп: «Байқұс, қазір Нұрхан көрсе өлесің ғой», – деп қалжындап отыратын. Бірақ анам өз ұстанымынан ешқашан айнымаған. Ас ішкенде кесесіне шыбын қондырмай шай ішіп, Семейдің қатты аязды күндерінің өзінде сырттан келген бойда беті-қолын жұмай үйге кірмейтін. Бұл оның тазалыққа деген ерекше құрметі мен өмірлік дағдысы еді.

Анамның қолынан шыққан тағамның дәмі әлі күнге дейін таңдайымда қалғандай. Әсіресе, жайған наны мен жіңішке етіп турайтын кеспе көжесінің иісі бүкіл үйді, жанымызды жылытатын. Оның дастарқаны әрдайым берекеге толы болатын, ауылдастары да тамағын

ерекше сүйсініп жейтін. Жазда жайлауға шығып құрт-май дайындап, қыстың қамын жаздан ойлаушы еді. Бізді де ерте еңбекке баулып, өмірдің қадірін еңбекпен үйретті.

Үйдің үлкені болған соң, анам маған ерекше сенім артып, кіріс-шығысқа жауапты етті. Бауырларымызды бір-біріне сыйластықпен қарауға, кішіпейіл болуға тәрбиеледі. Оның әрбір айтқан сөзі, ісі-бүгін ойласам, бізге үлкен өмірлік сабақ болған екен.

Анам туралы айта берсем, сөз таусылмайды... Ол тірі кезінде «ешқайсыларыңа ауыртпашылық салмай, білдірмей кетсем екен» деп жиі айтып отыратын. Сол сөздің астарында қандай терең ой, қандай үлкен жүрек жатқанын біз бұрында толық түсінбеппіз... Ал бүгін сол тілектің қалай орындалғанын көріп, жүрегім сыздайды.

Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатыр, анашым... Бірақ сізсіз өмірдің мәні өзгеріп кеткендей. Таңның атуы да, күннің батуы да бұрынғыдай әдемі емес, үйіміздің берекесі кеткендей, төріміз бос қалғандай күй кешудеміз. Кейде әлі де телефоныма хабарласып, күлімсіреп тұрған бейнеңізді көретіндей боламын... Дәл осы сәтте мандайыңыздан иіскеп, иығыңызға басымды қойып, бар сағынышымды тарқатқым келеді... Бірақ ол енді орындалмас арманға айналғанын ойласам, жүрегім қарс айрылады.

Соңғы күндеріңіз де көз алдымнан кетпейді... Жиен немереңіз Тоғжан сізді кафеге апарды деп қуанып едіңіз. Өмірі билемейтін сіздің соңғы барған тойда билеп, жадырап жүргеніңіз – біз үшін ең соңғы жарқын сәт болып қалды. Бәлкім, бізбен қоштасар алдындағы соңғы қуанышыңыз сол болған шығар... Сіз біздің жадымызда дәл сол күлімсіреген



бейнеңізбен мәңгі қалдыңыз, анашым...

Сіздің, әкемнің арқаларыңызда біз еркелеп, уайымсыз, бақытты өмір сүрдік. Түсінгенім, менің жеткен әрбір жетістігім – бір өзіңіздің маңдай теріңіз бен ақ ниетпен жасаған дұғаларыңыздың жемісі екен. Менің жана-шырым, мейірім шуағым, асқар тауым едіңіз. Өмірімде қаңырап қалған орныңызды ешкім баса алмайды, ешкім толтыра алмайды...

Арамыздан кеткеніңізге қырық күнге жуықтады. Бірақ сол қырық күн мен үшін қырық жылдай ауыр өтті. Уақыт өтсе де, жүректегі сағыныш басылмады, керісінше күн өткен сайын тереңдей түсуде. Сіздей асыл ананың перзенті болғанымға әрдайым мақтанамын.

Аруағыңыз разы болсын, жан анам. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын...
Бибігүл КАРИМОВА,
оқырман

ЗАКОН

«АПОСТИЛЬ»

Апостиль необходим для подтверждения достоверности официально-го документа, выданного в одной стране, и принятия его на территории другой. Штамп апостиля удостоверяет подлинность подписи лица, подписавшего документ, и проставленных на документе печати или штампа. Таким образом, апостиль является важным инструментом межстранового обмена документов.

Что такое услуга «Е-апостиль»?

Услуга «Е-апостиль» специально разработана для автоматизации процессов выдачи штампа апостиля на официальные документы, выданные на территории Республики Казахстан. Это означает, что благодаря услуге разработан электронный апостиль, который используется для передачи и подтверждения подлинности документов в электронном виде.

Сервисный программный продукт «Е-апостиль» был инициирован Министерством юстиции Республики Казахстан в 2018 году. Разработка и реализация проекта заняла на 2 года. Сейчас проект ввели в эксплуатацию и внесли решение в каталог услуг сервисных программных продуктов.

В настоящее время участниками Конвенции, отменяющей требование консульской легализации иностранных официальных документов, являются 134 государства.

Электронный апостиль и электронный регистр реализованы в 52 странах-участниках Конвенции (Австрия, Колумбия, Молдова, Грузия, Бахрейн, Новая Зеландия, Испания, Канзас/Монтана-США, Корея, Армения, Сингапур, Армения, Чили, Мексика, Аргентина, Бельгия, Боливия, Бразилия, Эстония, Болгария, Доминиканская Республика, Латвия, Словения, Венесуэла (электронный апостиль), Австралия, Азербайджан, Андорра, Китай (Гонконг), Коста-Рика, Ирландия, Никарагуа, Парагвай, Перу, Румыния, Словения,

Уругвай, 7 штатов США, Латвия, Великобритания, Гватемала, Косово, Марокко, Никарагуа, Филиппины, Румыния, Таджикистан, Российская Федерация, Украина (электронный регистр).

Какие задачи позволит решать услуга «Е-апостиль»?

Получать услугу апостилирования, не выходя из дома и без предоставления бумажных документов.

Оптимизировать сроки оказания государственных услуг.

Проводить процедуры по формированию электронного реестра.

Раньше граждане Казахстана получали документ с апостилем только в бумажном виде. Соответственно граждане, находящиеся за рубежом, испытывали трудности в получении таких документов. Теперь, благодаря услуге «Е-апостиль», они смогут получать документы с электронным апостилем в онлайн-режиме, находясь в любой точке мира.

Какие документы удостоверяются апостилем?

Документы, исходящие из органов юстиции и иных государственных органов, а также нотариусов.

З. АБЗАЛОВА

Главный специалист отдела регистрации некоммерческих организаций и контроля в сфере регистрационной службы Департамента юстиции области Жетісу

МЕСЕЛЕ

Қазіргі таңда құмар ойындарға тәуелділік, яғни лудомания, қоғамда жиі талқыланатын әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Менің ойымша, бұл құбылысты тек жеке адамның әлсіздігі немесе ерік-жігерінің жетіспеушілігі ретінде қарастыру дұрыс емес. Өйткені халықаралық медициналық жіктемеде құмар ойындарға тәуелділік мінез-құлықтық бұзылыс ретінде танылған. Бұл оның ғылыми тұрғыдан дәлелденген психологиялық тәуелділік түрі екенін көрсетеді.

ЛУДОМАНИЯНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Лудомания адамның ойын процесін бақылау қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Яғни, адам қаржылық немесе әлеуметтік салдарын түсінсе де, ойынды тоқтата алмайды. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай тәуелділік қаржылық шығындарға, қарыздардың жиналуына, отбасылық қатынастардың бұзылуына және психоэмоционалдық күйзелістерге алып келеді. Кей жағдайларда депрессиялық белгілер мен әлеуметтік оқшаулану да байқалады. Сондықтан бұл мәселе тек жеке тұлға деңгейінде емес, қоғамдық деңгейде қарастырылуы тиіс.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың дамуы құмар ойындардың қолжетімділігін арттырды. Онлайн-беттинг платформалары мен интернет-казино қызметтері тәулік бойы жұмыс істейді және мобильді құрылғылар арқылы оңай қолжетімді. Бұл фактор тәуелділік қаупін күшейтеді, әсіресе жастар арасында. Мінез-құлықтық тәуелділіктің ерекшелігі – адам белгілі бір затқа емес, эмоциялық қозу мен тәуекел сезіміне тәуелді болады. Осы тұрғыдан алғанда, лудоманияны психологиялық және әлеуметтік факторлардың жиынтығы ретінде қарастыруға жөн деп есептеймін.

Құқықтық реттеу де маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасында ойын бизнесі лицензиялау, аумақтық шектеу және жарнама талаптары арқылы бақыланады. Соңғы жылдары өзін-өзі шектеу тетіктері мен борышкерлерге қатысты шектеулер енгізілді. Бұл шаралар тәуекел топтарын қорғауға бағытталған. Дегенмен, құқықтық тетіктермен қатар алдын алу



жұмыстары да жүйелі жүргізілуі қажет.

Әлеуметтік саясат тұрғысынан қарағанда, лудоманияның алдын алу бірнеше бағытта жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймын. Біріншіден, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру маңызды. Адам қаржылық тәуекелді дұрыс бағалай алса, ойынға тәуелділік ықтималдығы төмендейді. Екіншіден, психологиялық көмек қызметтерінің қолжетімділігі артуы қажет. Үшіншіден, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қоғамда ойынға қатысты шынайы көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, лудомания – көпқырлы әлеуметтік құбылыс. Оның салдары экономикалық, психологиялық және әлеуметтік деңгейлерде көрінеді. Сондықтан бұл мәселені шешуде құқықтық реттеу, профилактикалық шаралар және ғылыми негізделген психологиялық қолдау өзара байланыста жүзеге асырылуы тиіс деп санаймын.

Меруерт АНАРБЕК,
Филология мамандығының студенті
Жетісу университеті

Ұлы Жеңіске - 81 жыл!



ҚҰРЫШ СТАРШИНА - ТЕМІРҒАЛИ ИСАБАЕВ

(«Даңқ» орденінің толық иегері)

Бір мың тоғыз жүз жиырмасыншы қаңтарда, Жылдың басы - үшінші атқан ақ таңда. Торсық шеке ұл келді бұл өмірге, Жер жәннәты Жетісу, Шаған тауда.

Ел аузында айтылған әңгіме көп, «Темір ұстасы Исабай болыпты», - деп Темірдей болсын балам деді ме екен, Ат қойыпты сәбиге Темірғали деп.

Шаған таудың бауырында еркін өсті, Атқа шауып, қар басып, батпақ көшті. Бойға жинап туған жер қасиетін, Азамат болып есейіп, ол ер жетті.

Ел мен жұрттың батыр туған ұланы, Су жағалай бойлап өскен құрағы. Туған жердің топырағында ойнақтап, Ер болып туып, еркін шапқан пырағы.

Биік таудың сирек ұшар ұлары, Ұлар даусын естіп өскен құлағы. Артық туған ұлына жігер берген-Қасиетті Қабылиса бұлағы.

Ел жұрты танып, білді батыр ұлды, Өсті аңғарып, алыс пен жақыныңды. Елін қорғау, жерін қорғау - ер міндеті, Он сегізде әскерге шақырылды.

Темірғали жауынгер қатардағы, Әскери тәртіп күшті қатал бөрі. Тез үйреніп ортаға бейімделді, Орындап бұйрықтарды адал ері.

СОҒЫС ТУРАЛЫ ДАБЫЛ

Сап түзеген жауынгерлер алдында, Полк командирі орта тұсқа барды да. Жария етті басталғанын соғыстың, Жиырма екінші маусымның таңында.



Белоруссияның Кебеш қаласында, Дүркін-дүркін шабуыл ортасында. Тойтарыс берді Исабаевтар ротасы, Оранған қара түтін арасында. Қырық бірінші жылдың қазан айы, Тапсырылды бұйрық пен істің жайы. Кіші командир сержант Темірғали, Алдыңғы шепке шығуға болды дайын. Алғашқы айқас Рота командирі Корташев басқарған, Бір топ жауынгер барлауға аттанған. Жауын-шашын, тұманды пайдаланып, Жау окопының ішіне бас салған.

Кенеттен сезіп қалып жау әскері, Шабуылдап келіп қалды фашистері. Қолма-қол айқас басталып Темірғали, Үш неміске қарсы тұрып беріспеді.

Көз ілеспес, жылдамдық арқасында, Бірін атып құлатты шалқасынан. Екеуін жарып салып шытықпенен, Сытылып кетті шығып ортасынан.

Өзі де жараланды бүйірінен, Қызыл қан өтті сыртқа киімінен. Жақыннан байқап қалған командирі Жарасын таңып берді өзі бірден.

Бұйрықпен кері қайтып келе жатып, Байқады бір топ дұшпан бұққан жатып. Граната дәл түсіп, нысанаға Қашқандарын атып салды бытырлатып.

Өтіп жатты қатерлі күн менен түн, Бұл айқас соғыстағы жетінші күн.

Темірғали көрсетті асқан ерлік, Кескілескен ұрыста Отан үшін. Командирлер шақырып қал сұрады, Қошемет айтып жатты жалпы бөрі. Түзілген сап алдында кеудесінде, «Ерлігі үшін» медалі жарқырады.

ҚЫРЫМДЫ АЗАТ ЕТУ

Қырымды азат ету мақсатында, Жаттықты өрмелеп тасқа, шыңға. Десанттың әрекетін, тәсілдерін, Үйренді дұшпанды жойып, жоғалтуға.

Десанттар түсті Керчь маңайына, Бекінісі күшті дұшпан аяйды ма? Пулеметтен оқ атып, бет қаратпай, Дұшпанның оғы тиді талай ұлға.

Әрекетсіз бос тұру жарайды ма? Жай адам жақын барып, жолайды ма? «Пулеметті жой!» деген бұйрық келді, Старшина Исабаев жалайырға.

Ажал оғын боратқан пулеметті, Байыптап байқады да жақын өтті. Аңдып жатып, дәл көздеп атып салды, Фашист өліп, пулемет үні өшті.

Жауынгерлер алға ұмтылып, бас салды, Дұшпандармен қолма қол ұрыс басталды. Жер бауырлап жақыннан граната лақтырып, (Қамал үйді құл-талқан етіп тастады.) Сегіз фашист сол жерде өлім жастанды.

Керчь үшін шайқас таңға созылды, Таң ата фашистерден тазартылды. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін, Темірғали Исабаев III-дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

СЕВАСТОПОЛЬДІ ҚОРҒАУ

Генерал Маништейннің дивизиясы, Румынияның атқыштар армиясы. Севастопольді әскермен қоршап алып, Құрылды зеңбірек артиллериясы.

Бұйрықтың аты бұйрық, орындау - міндет, Командирдің сенімінде болу құрмет. Жауынгерлер жаппай алға көтерілді, Қырғын болды үлкен бір керемет.

Бұл айқас бірнеше айға созылды, Дұшпанның да таусылды сірә төзімі. Жетпіс мың әскері жер жастанып, Фашист құрған тас қамалы бұзылды.

Біздің жауынгерлер шабуылды үдетті, Соғыса-соғыса Сапун қыратына да жетті. Артиллериядан оқ боратқан, Негізгі күш осында болып шықты.

Сол бір қырғын қиян-кескі шайқаста, Оқ бораған қан сасыған айқаста. Темірғали көрсетті нағыз ерлікті, Күнә болар оны мүлдем айтпасқа.

Нысананы дәл көздеп ПТР- мен қолдағы, Төрт зеңбірек, үш зениттік қондырғы. Күлі көкке ұшты, үні өшті, Оншақты фашистің жанын суырды.

Оқтан қашпай, отта тұрып атысқан, Севастопольді қорғауға қатысқан. Жүз жиырма алты командир мен жауынгер, Кеңес Одағының Батыры болып аталған.

Ерліктері ескерілді, ақталды, Есімі де жүректерде сақталды. Севастопольдегі ерлігі үшін, II - дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

ШАУЛЯЙ ҚАЛАСЫН АЗАТ ЕТУ

Жоғарыдан келді тағы бұйрық мықты, Көтеруге тура келді ауыр жүкті. Қара теңізден соң Балтық жағасын, Азат етуге жинады үлкен күшті.

32-атқыштар дивизиясы құрамында, Ержүрек Исабаев та болды мұнда. Шығыс Пруссиямен байланыстыратын, Шуляйды алу қиындық тудырды да.



Қаланы азат етіп жауды қуып, Келе жатқан кез еді жүріс суыт. Кенет орман тасасынан шыға келіп, Шабуылдады көп дұшпан жүзге жуық.

Алдында екі танк қалқаны бар, Келеді шашыратып шалшық пен лай. Оп-оңай таптап өтпек ойлары бар, Немісше айқайлайды олай-бұлай.

Батальон командирі сасып қалды, Ойланып әрекетсіз тұрып қалды. Күтіп тұрмай бұйрықты Исабаев, ПТР мен қос танкіні атып салды.

Күрт тоқтады танктер табан асты, Уралап жауынгерлер алға басты. Фашистер асып-сасып келген ізбен, Шегініп орман ішіне қайта қашты. Сол кезде келіп қалған полк командирі, Исабаевтің ерлігін танып көңіл бөлді. Сөмкесінен алды да III - дәрежелі «Даңқ» орденін батыр төсіне ілді.

Ерлік жасау ер жігітке жарасар, Аталы сөзге кімде уәж бар таласар. Үш даңқ орденінің иесі саналады, КСРО Батыры атағымен пара-пар.

ШЫҒЫС ПРУССИЯДАҒЫ ШАЙҚАСТАР

Полковник Вишняков асырды ақылын, Исабаевқа бір іс тапсырды ақырын. Қарсы жақты бақылап «тіл» әкелуге 15 барлаушыны жолға салды жасырын.

Суық жел басқа дыбыс естілмейді, Барлаушылар бауырлап еңбектейді. Қолдарында автомат пен бір пулемет, Мысықша басып, тасалау жер іздейді. Бұларды сезіп қалған жау күзетшісі, Қорыққаннан жасады ұят істі. Қаруын қолындағы тастай беріп, Қол көтеріп табанға құлай түсті.

Ойда - жоқта үстерінен лап басты, Фашистер жан-жаққа тұра қашты. Аз уақыт қолма-қол айқастан соң, Окопты дұшпандардан тартып алды.

Төрт сағатқа созылып шайқас қызды, Арттан келген рота көмек қылды. Исабаевтар полкі фашистерді, Эльбаға дейін тоқтаусыз арттан қуды.

ӨЗЕННЕН ӨТІП, ПЛАЦДАРМ АЛУҒА БҰЙРЫҚ БЕРІЛДІ

Темірғали бастаған, тоғыз жауынгер, Тоғызы да нағыз батыр, нағыз ер. Станокті пулеметті орнатып ап қайыққа, Оң жағалауға жүзіп кетті мергендер.

Бұларды жау әскері байқап қалып, Оқ жаудырды пулеметтен тыр-тырлатып. Фашистер танкіге қарсы қолданатын, Зеңбіректі орнатып бастады атып.

Батырлар бұдан тайсалмай, алға жүзді, Отанға деген ыстық сезім лебі. Дұшпанға деген ыза кек өшпенділік,

Оларды оң жағалауға жетеледі.

Исабаев оның хас батырлары, Жау окопына лап қойды жақындады. Қолма-қол айқаста сұрапыл шайқаспен, Траншеяны олардан тартып алды.

ШАҒЫН ТОПТЫҢ БІР РОТА НЕМІСПЕН ШАЙҚАСЫ

Дұшпанмен қарсыласқан басталды ұрыс, Ұрыста қарап тұру болмас дұрыс. Қолға түскен зеңбіректі кері бұрып, Өз снарядтарын өзіне атты гүрс-гүрс.

Сиреп қалған фашистер шегінді артқа, Кері бұрылып әу баста келген жаққа. Барлаушылар жүзден астам жауды қырды, Есеп жоқ жауға атылып ұшқан оқта.

Батальон мен полк та өтіп жетті, Исабаевтар ерлігін үлгі етті. Ақыры жау стратегиялық маңызы зор, Плацдармнан айырылып кері кетті.

Шағын топ сап алдында құрметтелді Исабаевтар ерлігімен таныс етті. Шағын топ жауынгерлерінің бәріне, «Қызыл Ту» орденін табыс етті.

Жау бекінген шепті алу, Соңынан қуып жеткен солдаттармен, Жау окопына қарғып түсті айбатымен. Алты бірдей неміс офицерінің Үстінен түсіп біреуін атты бірден.

«Ханде хоқ!» - деп бесеуін тұтқындады, Қалғандары да қолға түсті құтылмады. Тиісті орынға оларды тапсырған соң Шақырумен штабқа келді тағы.

Қалай ғана пулеметке қарсы шаптың, Қалай ғана пулеметшіні дәлдеп аттың. «Сен нағыз батырсың Исабаев!» -деп Құшақтап генерал риза болды қатты.

ЖЕҢІС ШЕРУІ

Хас батырлар, Москваға шақырылды, Олардың ерлік даңқы ерек айтылды. Кремль сарайында Исабаевқа, Төрт орденді М.И.Калинин тапсырды.

Темірғали ерлікті жалғастырды жүре берді, «Құрыш старшина» - деп танып түгел білді. Польшаны азат етудегі ерлігі үшін, «Қызыл жұлдыз» орденін иеленді.



Жүріп өтті салтанатты шеруде, Рухы асқақ көтеріңкі көңілде. Темірғали «темір батыр» аталып, Аты қалды үлкен тарих бетінде.

Соғыс бітіп, елге аман оралды, Апладан рахмат, елден алғыс мол алды. Ұлын ұяға, қызын қондырып қияға, Ұландарға батыр ата аталды.

Қырық жыл қырғында тек ажалды өлер, Ажалсыз аман-есен елге келер. Жақсылық, жамандықты бастан өткеріп, Көп жасап бұйырғанның бәрін көрер.

Ұлы Жеңіске - 81 жыл!



ҒАСЫР АТАСЫ АТАНҒАН СОҒЫС АРДАҒЕРІ

9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТЫҢ ОЙЫНА СОҒЫС СҰМДЫҒЫ ЕЛЕС БЕРЕДІ. КЕЙІНГІ ЖАСТАР СОҒЫС КАРТИНАСЫН БЕЙНЕЛЕГЕН РЕЖИССЕРДІҢ ОЙ-ҚИЯЛЫ АРҚЫЛЫ КӨРСЕ, ҚАЗІРГІ АҒА БУЫН СОЛ СОҒЫС МҮГЕДЕКТЕРІН КӨЗДЕРІМЕН КӨРДІ. ОЛ ЕЛЕС ЕМЕС-ТІН. ЕЛГЕ АМАН ОРАЛҒАН ЖАУЫНГЕРЛЕР БАСТАН ӨТКЕРГЕН АЛАПАТ СОҒЫС ТУРАЛЫ ОЛАРДЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІН ЕСТІП БІЛГІМІЗ-АҚ КЕЛІП ТҰРАДЫ.

1942 жылы 18 жасқа толғаннан кейін қыркүйек айының 2-сі күні әскер қатарына шақырылып, Аягөз қаласындағы 1-қазақ полкінде 6-айлық кіші командирлер



адамдары жан-жаққа көшіп кетті. Сол мал іздеп барғанында бір ешкі бағып жүрген қызбен танысады («Қазіргі кемпірім ғой», - деп ақсақал күліп қояды). Содан сол қызды ұнаттып қалса керек, Сәрсенбай ақсақал Томар өткелден күнде өтетін болыпты, тіпті кейде екі рет өтетін де кездері болған. Өткел болғанмен астындағы тасы ірі, суы мол атты адамның үзеңгілігіне жетеді. Бұрыннан өтіп жүрген адамдар болмаса, сырын білмейтін, сырттан келген адамдар жөнін білмей қиыншылыққа ұрынғандар көп болды.

Сөйтіп, атамыз судан ары бері өтіп жүргенде, астындағы мінгені өзінің биесі қиналып қалса керек, құлын тастап жіберіпті. Оны көрген көрші-қолаң, құрбы-құрдастары құлақтанып, «Сәрсенбайда тыным жоқ, тор биеде құлын жоқ» деген әңгіме көпке дейін ел аузында жүріпті...

АҚСАҚАЛМЕН ТАНЫСҚАНЫМДА ОЛ КІСІ 92 ЖАСТА ЕДІ

Мен Алғабас ауылындағы орта мектепке директор болып тағайындалғаннан кейін, бірер апта өткен соң, кабинетке бір үлкен ақсақал кірді қолында таяғы бар. Менен бұрын «Ассалаумағалейкум» деп амандасты. Орнымнан жылдам тұрып барып ақсақалдың қолын алып, төрге отырғыздым. Ол кісі мені бұрыннан білетін танысындай, атымды атап, қал-жағдайымды сұрай бастады.

Сөзарасында «ақсақал, мені қашаннан бері білесіз?», - деп сұрап қалдым. «Ой, сені кім білмейді. Кез-келген қазақ ауылынан тышқан жорғалап өтсе де, зерттеп біліп алады. Ауылдағы мектепке жаңа директор келіпті, қайдан келгенің, қай русың, аты-жөнің, жалпы барлығы жаңалық болып сол күні – ақ тарап кеткен» - деді ақсақал. Оң жақ ұртын тартып, жымиып қойды да: «Мен сені одан бұрыннан танимын, өзіңді көрмесем де, сенің жазған мақалаларың мен өлеңдеріңді газеттерден оқып танысып», - деп ақсақал газет оқып жүретіндігінен хабардар етті.

Сәрсенбай ақсақалмен әңгімелесе отырып ол кісінің терең білімді, көкірегіне көп түйгені бар ерен ақсақал екендігін мойындадым.

ЖАЯУ ЖҮРҮДІ ҰНАТАТЫН АРДАҒЕР

- Ақсақал, соғыста болып от кештіңіз, қиыншылық заманды бастан өткердіңіз, жасыңыз тоқсаннан асса да бойыңызда ширақтық бар. Ұзақ жасауыңыздың сыры неде?

- Біріншіден, мен жастайымнан шымыр болдым, жарыстарға қатысып, жүлде алмасам да спортпен айналысып өстім. Аңшылықты жақсы көремін, бос күндері тау-тасты аралап аң қуып жүрдім. Жаяу көп жүру керек.

Екіншіден, адамдарға қарттық келген кезде оның отбасындағы әр күні дұрыс, қалыпты жағдайда болғаны абзал. Кемпірім Бәтиха екеуіміз 4 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірдік. Солардың ішінде ұлдың кенжесі Айдаралы үйленіп, менің қолымда қалды. Қалған ұлдар жеке отбасылы болып, өз тіршілігімен әр жерде. Қыздар да тұрмыс құрып өз



Ұлы Отан Соғысының ардагері, ұстаз, почта байланыс қызметкері, бір ғасырдан астам өмір сүрген көп баланың әкесі. Көксу ауданының құрметті азаматы Сәрсенбай Қантарбаев

жалғастырады. Алғабас ауылында почта бөлімшесі болмағандықтан барлық хат-хабар, газет, журналдарды 17 км қашықтықтағы Айнабұлақ бекетіндегі почтадан тасымалданып келген. 1965 жылы осы оқлықтың орнын толтыру үшін белсенділік көрсетіп, халықтың қалауын жоғарғы билікке жеткізіп, Алғабас ауылына почта бөлімшесін ашып, өзі сол почтаның бастығы болып, зейнетке шыққан.

ЖАПЫРАҒЫ ЖАЙҚАЛҒАН БӘЙТЕРЕКТЕЙ ОТБАСЫ

Соғыс аяқталғаннан кейін Қаңтарбай Сәрсембай Ұлы Отан соғысының І-дәрежелі орденімен, «Ұлы Отан соғысының ардагері» медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, 12 (Жеңіс күні) медальдарымен және «Астананың 10 жылдығы» медалімен марапатталған.

Қантарбаев Сәрсембай – Көксу ауданының Құрметті азаматы.

Жұбайы - Нүсіпқызы Бәтихамен (1924 жылы туған) 1950 жылы отбасын құрған. Нүсіпқызы Бәтиха – «Алтын алқалы» ана.

Екеуі 9 бала (Құдайберген, Базаралы, Назаралы, Айдаралы атты - 4 ұл, Балжан, Маржан, Ақмарал, Жанар, Сәуле атты – 5 қыз) тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырыпды. Қазіргі уақытта 9 баладан 25 немере, 37 шөбере сүйіп, Бәтиха апа 96 жасында ақсақалдан бұрын өмірден өтті.

алдына ел болып кетті. Бір өкініштісі, ұлым Айдаралы небәрі 36 жасында өмірден өтіп кетті. Артында үш баламен келінім Салтанат 32 жасында қалды. Келінімді құдай біздің бағымызға берген. Мектептегі жұмысын жасай жүріп үш баланы өсіріп, әлі күнге дейін біздің қас-қабағымызға қарап келеді. Бізді тастап тұрмысқа шықпады. Соңынан бөтен сөз ілеспеді, – деп ақсақал әңгімесі осы жерден тоқтады.

Көлікпен жүретін талай ауыл азаматтарынан естідік. Ақсақал Алғабасан арасы 5-6 км қашықтағы Қызылтоған ауылындағы құдасының үйіне жаяу барып, жаяу қайтады екен. Тіпті жолда тоқтап көлікке отырғызып ала кетпек болған



Жұбайы Нүсіпқызы Бәтихамен бірге

Ал Сәрсембай ақсақал 2025 жылы 9 наурызда, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына тура 2 ай қалғанда 101 жасында өмірден озды. Атасы жақсы көретін келіні



Алғабас ауылындағы почта бөлімшесінің бастығы Сәрсембай Қантарбаев

соң Жаркент педагогикалық училищесінің білім жетілдіру курстарын бітіріп, мектепте мұғалімдік қызмет атқарған. Ауылдық кеңес хатшысы, ауылдық почта бөлімі бастығы қызметтерінде болған. **Әңгімеміздің күйікері – соғыс ардагері Сәрсембай Қантарбаев еді.**

ТОМАР ӨТКЕЛ ОҚИҒАСЫ

Сәрсембай ақсақалмен көп сырластым. Ол кісі Талапты ауылындағы Көксу көшесінің жоғарғы жағында тұрыпты. Кейінірек біз сағып алып тұрған үй сол кісі тұрған үймен көрші болыпты. Ақсақалдың мынадай бір әңгімесі еске түседі. Асау Көксу өзенінде «Томар өткел» - деп аталатын өткел әлі бар. Ақсақал сол «Томар өткелден» өтіп, арғы жағаға барады, шамасы, мал іздеп барған болса керек. Сол жақта «Құйған» деген шағын ауыл болған, ол ауыл 1970 жылдарға дейін болды. Кейінірек



Сәрсембай ата мен Бәтиха апа бала-шаға, немерелер ортасында

жүргізушілерге рахметін айтып, көлігіне мінбейді екен. Сәрсембай ақсақал 1952 жылға дейін Талапты ауылында мұғалімдік қызмет жасап, Алғабас ауылына көшіп келгеннен соң да мұғалімдік қызметті

Салтанат та қыздарын, ұлын оқытып ер жеткізді. Қыздарын құтты орнына қондырды. Ендігі арман, мақсаты азамат болған ұлы Нұралыны аяқтандырсам, маған да атаның келініндей келін жолықса деген тілегі бар.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

МӘН БЕРСЕ МЕҢГЕРУ ҚИЫН ЕМЕС

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолданыс аясын кеңейту жолындағы маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме жаппай жұмылғандары жөн. Сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алатынын еске сала кетсек артық болмас. Демек, осы орайда мемлекеттік тілді сот саласындағы жолдану аясын да барынша арттыра түсу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланған жөн деп ойлаймын. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Демек, әркім өзінің конституциялық құқығын дұрыс пайдаланып, жақсы білетін ана тілінде, яғни, қазақ тілінде арызын беретін болса, соттағы іс сол тілде жүргізіледі.

Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда

жастардың қазақ тілінде емес, орыс тілінде көп сөйлеуін байқаймыз. Тіпті ұлты қазақ бола тұра, қазақ тілін білмейтіндер де кездесіп жатады. Оның барлығы тікелей өзінің ортасына, отбасына және ақпараттық құралдарға байланысты деп ойлаймын. Біріншіден, жастардың өзге тілде нақты айтатын болсам, орыс тілінде сөйлеуі оның ортасынан туындайды. Кез-келген адамның қасындағы жолдасы орыс тілін ғана біліп, сол тілде ғана сөйлей алатын болса, ол адам да оған ілесіп орыс тілінде сөйлей бастайды. Уақыт өте келе ол адам сол ұлтша ойлай бастап, өз ана тілінде еркін сөйлеуін доғарады. Интернет желісінде білім мен ғылымның, технологияның және т.б. дамуына байланысты орыс тілінде ақпарат берілуі мүмкін. Тіпті, мультфильм мен фильмнің басымы бөлігі сол тілде. Ал, оны бір рет көрген адам әрі қарай да көруді жалғастырады. Сонымен қатар жастардың интернет желісінде

отыруы да кері әсерін тигізеді. Мысалы, түрлі видеолар көбінесе орыс тілінде, қарапайым хат алмасудың өзі ана тілімізде емес.

Сондықтан тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды болуы үшін әрбір азамат мемлекеттік тілді дамытуды, оның қолданылу аясын кеңейтуді басты борышымыз деп санауы керек. Ең бастысы ана тілін отбасынан бастап үйретуді қолға алу керек. Өзге ұлттың өкілдері меңгеріп жатқан тілімізді қандастарымыз меңгеремін десе оның ешбір қиындығы жоқ. Ең бастысы ынта мен ықылас болса болғаны ғой. Бастапқыда аралас сөздермен сөйлеп келе-келе сөз қорын молайта түсіп, мүдірмей сөйлеп кетуге болады емес пе. Ендеше ең бастысы тіл меңгеруге мән берсе нұр үстіне нұр болар. Орайы келгенде, мына бір ойымызды ортаға сала кетсек артық болмас. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп,

мерейін тасыту жолында егемен елімізде іргелі істер істеліп жатыр. Бодандық заманда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіз мемлекет болғалы бері қызу қолға алынды. Енді ғаламтордың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қазақ тілін үйрететін сайттарды көптеп ашып, жоғарыдағы мүмкіндікті іске асырсақ, яғни ғаламторда қазақ тілін үйретуге қызықтыратын сайттар көбейсе әлемнің түкпір түкпіріндегі қазақ тілін үйренгісі келген адамдар өздігінен үйрене берері даусыз. Осылайша тіліміздің қолдану аясын кеңейту жолында ортақ іске өзіндік үлес қосылар еді.

Азиза СЫДЫҚОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ГЕНДЕР

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ӨРІСІН ТАБУДА

Гендерлік теңдік — әйелдер мен ерлердің қоғамдағы барлық салада тең құқыққа, мүмкіндікке және жауапкершілікке ие болуы. Бұл ұғым тек заң жүзіндегі теңдікпен шектелмейді, ол адамдардың көзқарасы, мәдениеті мен күнделікті қарым-қатынасына да тікелей байланысты. Гендерлік теңдік адам құқықтарын қорғаудың маңызды бөлігі болып саналады және тұрақты дамудың негізгі шарттарының бірі. Дәрекездерге жүгінетін болсақ, ғасырлар бойы әйелдердің қоғамдағы рөлі олардың отбасы мен қоғамдағы орны туралы дәстүрлі көзқарастармен шектелді. Көптеген мәдениеттерде әйелдер кемсітілді және екінші деңгейлі рөлдерге ауыстырылды. Алайда XIX ғасырдың аяғынан және әсіресе XX ғасырдың

ортасынан бастап елеулі өзгерістер бола бастады. Бүгінгі таңда кейбір елдерде айтарлықтай прогреске қол жеткізілгенімен, гендерлік теңсіздік әлі де өзекті мәселе болып қала береді. БҰҰ мәліметтері бойынша, әйелдер өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде жұмысқа орналасу, білім беру, денсаулық сақтау және саяси қатысу сияқты кемсітушілікке тап болуда.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында гендерлік саясатты жүзеге асыруда бірқатар жетістіктерге жетті. Осы кезеңде Қазақстан әйелдердің мәртебесі мен құқықтарына қатысты бірқатар ауқымды және халықаралық келісімдерге қосылды және бекітті. Гендерлік және отбасылық-демографиялық

саясаттың тұтас институционалдық жүйесі қалыптасқан, елеулі құқықтық база құрылды.

Гендерлік саясат дегеніміз, бұл ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Ұлттық гендерлік саясат біздің еліміздің демократиялық процесінің маңызды негізі болып табылады, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу боп табылады.

Бұл тұрғыда экономикалық өмірге белсенді қатысқан әйелдер үшін жағдай жасау, денсаулығын жақсарту және аналар мен баланың әлеуметтік кепілдіктерін арттыру мақсатында Қазақстан Республи-

касы Үкіметінің Қаулысымен «Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар» бекітілді. Конституцияның 33-бабына сәйкес азаматтардың мемлекет істерін басқаруда тең құқықтары мен мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ Республикамызда 2000 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының Конвенциясына сілтеме жасай отырып, "Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы және оны жою жөнінде халықаралық күрес күні" деп жарияланған. Осылайша біздің елімізде өзекті мәселе орнын табуда екеніне көз жеткізуге болады.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

ЗАҢ ТАЛАБЫ

КЕПІЛ ТҮРІНДЕГІ БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Күдікті немесе айыпталушы Қылмыстық-процестік Кодексіне (ҚПК) көзделген бұлтартпау шаруаларын, атап айтқанда: «ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат», «жеке кепілгерлік», «әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы», «кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру», «кепіл», «үйқамақ» түріндегі шараларды бұзатын іс-әрекеттерді жасаған жағдайда оларға неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылады. Бұл туралы күдіктіге, немесе айыпталушыға тиісті қаулының көшірмесін табыс ету кезінде жарияланады.

ҚПК-тің 145-бабына сәйкес, кепіл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе

соттың шақыруы бойынша оларға күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін сот депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша енгізуінен тұрады.

Бұрын тандалған «күзетпен ұстау» немесе «үйқамақ» түріндегі бұлтартпау шарасы кепілмен ауыстырылған жағдайда, күдікті, айыпталушы кепіл іс жүзінде енгізілгеннен кейін ғана күзетілуден босатылады.

Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған кезде күдіктіге, айыпталушыға олардың міндеттері және оларды орындамаудың салдары, ал айыпталушы, күдікті болып табылмайтын кепіл берушіге адамның қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетіні, айыпталатыны, жасалған іс-әрекет үшін заңда көзделген жаза, күдіктінің,

айыпталушының тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер және олардың шақыру бойынша келуі, сондай-ақ осы міндеттерді орындамаудың салдары түсіндіріледі.

Күдікті, айыпталушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттерді дөпелді себептерсіз орындамаған жағдайда, прокурор тергеу судьясына кепілді мемлекет кірісіне айналдыру туралы өтінішхат жібереді. Ал сот тиісті шешім қабылдайды, яғни жоғарыда аталған міндеттерді күдікті, айыпталушы дөпелді себептерсіз орындамаған жағдайда соттың шешімімен кепілдік ақша, құндылықтар, жылжитын және жылжымайтын мүлік мемлекет кірісіне айналдырылады.

Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді таңдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-

тексеруді жүзеге асыратын адам осы Кодекстің 140-бабына сәйкес сот алдында осы шараны қолдануға санкция беру жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны сотқа жібереді. Қаулыға өтінішхаттың негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Кепілдің мөлшері күдіктің ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, қылмыстық іс-әрекеттің сипаты, кепіл берушінің мүлдік жағдайы ескеріле отырып айқындалады.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы.

СУДЬЯ ӘДЕБИ

СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ

Күнделікті жұмыс барысында қарапайым халықтың құқықтық санасы арта түсуіне байланысты, қазіргі таңда туындай қалған дау-дамайды сотқа жүгіну арқылы шешу үшін соттың табалдырығын аттаушылар саны көбейе түскеніне де көз жеткізіп келеміз. Осыған орай, қоғамда жиі кездесетін әртүрлі даулы мәселелер бойынша қарапайым халықпен жақын жұмыс жасайтын, сот билігін жүзеге асыратын судьялар екені де белгілі. Сол себепті, олардың өмір тәжірибесі бай, сөзге шешен, бұқара халыққа өз қызметін толық түсіндіре, көрсете білуі олардың басты міндеті ретінде жүктелген. Сондықтан сот отырыстарын жүргізудің жоғары мәдениеті, істің барлық мән-жайларын дұрыс анықтау,

заңды шешімді дұрыс қабылдау және оны түсіндіру судья жұмысының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Сайып келгенде, Судья әдеби кодексінің қабылдаудың негізгі мақсаты - қоғамда биліктің сот тармағының өкілдері ретінде судьялар туралы ерекше оң пікір қалыптастыруды көздейді. Судьялардың сот отырысына қатысушылармен және сот ісін жүргізуге тартылған адамдар тобымен өзара қатынастарды реттейтін заңның іс жүргізу нормаларын сақтаумен байланысты судьяның кәсіби қызметіне ғана негізделеді. Жалпы алғанда, судья сот отырысын қалай жүргізсе, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімі сол деңгейде қалыптасады. Сот отырысының мәдениеті тұрғысынан сот

отырысының уақтылы басталуынан сот құжаттарын рәсімдеуге дейінгі барлық нәрсе маңызды. Сот процестерінің мәдениетін арттыру үшін соттың сыртқы жағдайының маңызы аз емес. Бұл судьялардың, прокурордың, адвокаттың істі қарауға жақсы, адал дайындығын және олардың істі терең білуін талап етеді. Судьялардың дауласушы тараптарды сот отырысы барысында тәртіпке шақыра отырып, олардың арасындағы даудың ушығып кетуіне жол бермеуге атсалысуы керек.

Сүйсінерлігі сол, кейінгі жылдары соттар қоғамдағы шиеленісті азайту, бітімгершілікке келу, келісім институттарын дамытуға айрықша бет бұрды. Дауды сотқа дейін жеткізбеудің, сотқа дейінгі рәсімдердің

алдын-ала шешудің мол мүмкіндіктерін мақсатты түрде пайдалана бастады. Оны біз күнделікті процестерді судьялар «Екі тараптың татуласу мүмкіндігі бар ма?, дауды бітімгершілік жолмен шеше ала-сыздар ма?», «Сол үшін сіздерге уақыт қажет пе?», деген дәстүрлі сұрақтармен бастауларының өзі осыған жарқын дәлел болса керек. Осының арқасында, кейінгі жылдары дау-дамайларын бітімгершілік жолмен шешіп, араларын суытпай екі тарапты да қанағаттандыратын шешімдер қабылдау қатары арта түскені көңіл қуантады.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.

Бейсенбі - Четверг, 7 мамыр

ХАБАР

05.00 Телехикая «Фат магуль»
07.00 Оян.
09.00 Мультсериал «Лунтик»
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12.00 Телехикая «Келінжан»
12.30 Деректі фильм
13.00 «Ойна»
14.00 «Неосеть»
14.30 Пульс планеты
14.45 Жер-жаһан
15.00 Худ. фильм «Шестой пост»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «Кеш REC»
23.00 Худ. фильм «Двойной Дракон»

14.20 «19 аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көлеңкедегі күш»
17.00 «Әу» де /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Қарындас»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Национальные парки Казахстана»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Вкус жизни»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Лидер»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Кешкі кездесу»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 Доброе утро, Казахстан!
10.00 Сериал «Касым»
14.30 Qoslike»
18.30 «Басты Жаңалықтар»
19.00 Kogemiz-Шоу
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Первый отдел-3»
01.00 «Главные новости»
01.35 Сериал «Диверсант»
02.30 «басты жаңалықтар»
02.55 kogemiz
03.40 «Паутина»

КТК

07.05 Кешкі Жаңалықтар
07.30 «Әнім Сен Едің»
08.10 «Джелаладдин»
09.20 Вечерние Новости
10.00 Сериал «Подсуди»
12.00 Сериал «Клан Ювелиров»
14.00 Сериал «Кольцо С Рубином»
16.40 Сериал «Дворянка Ляля»
18.30 «50 Жыл елмен Бірге»
21.00 Сериал «Клан ювелиров»
23.00 Сериал «Подсудимый»
00.50 Сериал «Дворянка Ляля»
02.20 «Джелаладдин»
03.20 Концерт
05.10 Сауық (Қайталау)

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Ұлттық парктер-ұлттық байлығымыз»
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/

Жексенбі - Воскресенье, 10 мамыр

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Өнұраны
05.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 Концерт «Ұлы дала жүрегі»
10.00 Д\ф «Өшпес даңқ. Аңызға айналған ұшқыштар»
10.30 М\ф «Капитан семи морей»
11.45 Х\ф «Время патриотов»
13.45 Өмір өнегі
15.00 «Азамат» ток-шоу
16.15 Тх «Келінжан»
19.00 «7-күн»
19.40 Глобальные события
20.00 «Қызық times»»
22.15 Х\ф «Добро пожаловать в рай»
23.20 «Біздің елдің жігіттері»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.30 «Кеш қалмайық»
07.00 Старое ружье
10.45 Сериал «В парке Чаир»
14.00 Говорим о главном
15.00 Сериал «В парке Чаир» продолжение
16.25 Х\ф «Август»
20.00 «Аналитика»
20.50 «Аллигатор»
01.40 «Что? Где? Когда?»
02.30 Кеш қалмайық

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 Ән мен әнші
09.00 Ө\ф «Вирус»
10.20 Сериал «Зоговорен-

Жұма - Пятница, 8 мамыр

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Өнұраны
05.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 М\с «Лунтик»
10.00, 20.00 Тх «Эшрефтің арманы»
12.00 Тх «Келінжан»
12.30 Д\ф «Өшпес даңқ. Қасым Қайсенов»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Пульс планеты»
14.45 Жер-жаһан
15.00 Х\ф «Двойной дракон»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
22.00 «Қоғам пікірі»
23.00 Х\ф «Біздің жігіттер. Афған»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Кешкі кездесу
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «Модный приговор»
11.45 «Пусть говорят»
13.10 «Наша война. Последний бой»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 Новости
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.20 «Басты Жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ-ШОУ»
20.00 «Главные новости»
20.30 Парламент Online
20.55 Поле чудес
22.10 Сериал «Старое ружье»
06.00 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05,04.20 Ктк қоржыны
08.00,05.20 Әнім сен едің
08.40,03.00 Т\с «Джелаладдин»
10.00 Сериал «Подсудимый»
12.10 Сериал «Клан ювелиров»
14.00 Сериал «Кольцо с рубином»
16.40,01.30 Сериал «Дворянка ляля»
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»
20.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Самогон»
02.20 «Кел шырқайық»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Үздіктер кітабы»
11.05 «Әсем әуен»

ный»
14.00 Сериал «Однажды в чукурова»
18.40 «Қ.Нұртастың шығармашылық кеші»
21.00 Сериал «Қасым»
01.00 Ө\ф «Вирус»
02.10 «Қ.Нұртастың шығармашылық кеші»
04.00 Ктк қоржыны
05.50 Әнім сен едің

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
11.00 «Шашу»
11.45 Д/ф «Арнайы экономикалық аймақтар»
12.00 «DARA LINE»
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Қылышсыз майдан»
13.40 «Дала сыры»

11.40 Д/ф «АПК: от импорта к экспорту»
12.00 «Әу» де»
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «DARA LINE»
14.30 «Қарындас» (Талас фильм)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Лидер»
17.00 «Бір шәугім шай»
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщает»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «АӨК. Импорттан экспортқа»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Бауырластық»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Келін BATTLE»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 Ризамын
07.00 «Гравитация Хитмэна»
09.00 М\с «Аватар. Легенда об Аанге»
09.30 М\с «Губка боб»
10.00 М\с «Пингвины мадагаскара»
10.30 Х\ф «Человек-паук: Паутина вселенных»
13.20 Х\ф «Мой парень из Зоопарка»
15.20 Х\ф «13-й Район: Ультиматум»
17.20 Х\ф «Война будущего»
20.00 Информбюро
21.00 Х\ф «Враг у ворот»
23.30 Х\ф «Біздің жігіттер Афған»
01.30 «31-әзіл»
02.40 «Time vine»
03.00 «TikTok show»
03.20, 05.00 «Whats up»
04.20 «1001 Өзіл»
04.30 «Bala Battle»

7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран
06.02 Тх «Ата-ана, бала-шаға»
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
09.00,00.20 Өзілің жарасса
10.20 Х\ф «Пес Барбос и необычный кросс, Самогончики»
11.00,12.00,17.00,02.30 Теле-сериал
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
14.50 Кімге керексің
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
18.30 Алыс шаһар
19.30 Новости. Прямой эфир
20.00 Ветренный
21.00 «Далекий город»
23.50 Өңгімесі ауылдың
01.40,05.50 Жаңалықтар
02.05,05.00 Новости
04.40 Гүл-Гүл

14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.45 Д/ф «СЭЗ в экономике Казахстана»
17.00 «Шашу»
17.40 «Агро аймақ»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
21.00 «Үгәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Бағбан»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00, 05.00 Әзіл студио
07.00, 01.30 «31- әзіл»
07.30 «Тәтті шоу»

Сенбі - Суббота, 9 мамыр

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Өнұраны
05.00 Тх «Фатмагүл»
07.00 «Алғашқы»
08.00 Концерт «Майдан хаттары»
10.00 Д\ф «Өшпес даңқ. Бауыржан Момышұлы»
10.30 М\ф «Кот под прикрытием»
14.00 «XXI-ғасыр көшбасшылары»
15.30 «Әлия – дастан»
17.00 Тх «Келінжан»
18.00 «Қара қыз»
20.00 «Cover show»
22.00 Х\ф «Время патриотов»
00.00 Ән-кеш «Қара бала»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Касым»
10.00 Сериал «В парке Чаир»
18.45 Кино «В бой идут одни старики»
20.50 Сериал «Алигатор»
01.15 Х\ф «Памилование»
03.00 «Кеш қалмайық»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05,05.20 Әнім сен едің
07.40 Ө\ф « Бір алқаның қасіреті»
09.30 Вечерние новости
10.10 Сериал «Самогон»
14.00 Сериал «Однажды в чукурова»
18.20 «Ән мен әнші»
21.00 Сериал «Заговоренный»
00.40 Ө\ф «Бір алқаның қасіреті»
02.10 Ән мен әнші
04.20 Ктк қоржыны

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Үлкен отбасы»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Моя работа – часть меня»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Әсем әуен»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.35 «102» сообщает»
15.00 «Аман болайық»
15.40 «Әсем әуен»
16.45 Д/ф «Менің мамандығым»

08.00 М\с «Аватар. Легенда об Аанге»
08.50 М\с «Губка Боб»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 TeleBingo
10.30 Күліп all
11.00 Саумал
11.20, 03.00 TikTok show
11.30 Х\ф «Братец медвежонок»
13.10 Х\ф «KINGS MAN: Начало»
16.00 Х\ф «Тор любовь и гром»
18.20 Х\ф «Иллюзия обмана-2»
20.50 Х\ф «Дом у дороги»
23.10 Х\ф «Враг у ворот»
03.30 «Time vine»
03.50 «1001 Өзіл»
04.00 «Bala Battle»
04.30 Whats up
05.30 Ризамын

17.00 «Шашу»
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»
18.00 «Абадан»
18.20 «Әсем әуен»
19.00 «Қылышсыз майдан»
19.40 «Әсем әуен»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.30 «Апта»
22.30 Д/ф «Fake You»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00, 04.40 Әзіл студио
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.20 М\с «Аватар. Легенда об Аанге»
09.10 М\с «Пингвины мадагаскара»
10.00 «Готовим с Адель»
10.40, 11.20 «Шаншар»
11.00 Саумал
11.30 Кино «Қара қыз»
13.40 Кино «Жизнь прекрасна»
16.00 Х\ф «Братец медвежонок»
17.40 Х\ф «Защитник»
19.20 Х\ф «Тор: Любовь и гром»
21.30 Х\ф «Операция Валькирия»
23.40 Кино «Поезд п Пусан»
01.40 «Bizdin show»
03.30 «Тамаша Live»
05.00 «1001 Өзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 Whats up

7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран
06.02 Тх «Ата-ана, Бала-шаға»
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
09.00 Кімге керексің
11.00 Телесериал
12.00 М\с «Ну погоди!»
12.30 Х\ф «Белорусский вокзал»
14.30 «Тренер аға»
16.30 «Таптымау сені»
18.30 Тх «Алыс шаһар»
19.30,23.50 Өңгімесі ауылдың
20.00 Сериал «Ветренный»
21.00 Сериал «Далекий город»
00.20 Х\ф «Ва банк»
02.00 Гүл-гүл шоу
02.50 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.40 Жұлдызды шаңырақта
04.20 Қызықты weekend
04.50 Өсекшілер

7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран
06.02 Тх «Ата-ана, бала-шаға»
07.00, 22.00 Тх «Үзілген жапырақтар»
09.00 Х\ф «Ва банк»
11.00 Телесериал
12.00 Жұлдызды шеру
12.30 Таптым-ау сені
14.30 Тренер аға
16.30 Таптым-ау сені-2
18.30 Тх«Алыс шаһар»
19.30,23.50 Өңгімесі ауылдың
20.00 «Ветренный»
21.00 Сериал «Далекий город»
00.20 Х\ф «Самоотверженная любовь»
03.00 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.40 Жұлдызды шаңырақта
05.30 Япырай

ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК

Соңы, басы өткен сандарда

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ
тарихшы-өлкетанушы

ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫ

Жер жәннәті Жетісудың тыл ардагерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлерге жіберген киім-кешек, азық-түлік, посылкалары туралы алдыңғы жарияланған деректерде әр ауданның үлестері айтылған еді. Төменде облыс бойынша майданға жіберілген көмектер саны мынадай:

- бас киім – 3677 дана, жылы күртеше – 19 159, күпәйке – 1363 дана, қысқа тон – 87 472 дана, пима – 26 476, аяқ киім – 2377 дана, шұлық – 1208 дана, іш киім – 2272, шалбар – 1570, көрпе – 11 873 дана. Посылкалар – 9720 дана, ақша – 22 598 017 сом, 507 992 сомның облигациясы. Бұдан басқа астық, жарма, ет, бал, қант, сарымай, балық т.б тағамдар жіберілген екен. («Ұрпаққа ұран болған Жеңіс», Алматы, 2025, 466-467 беттер)

(Ескерту: Жоғарыда көрсетілген майданға жіберілген көмек саны әр басылымдарда - ғылыми, тарихи-тағылымдық әдебиеттер мен газет-журналдарда әртүрлі жазылатынын кездестірдік)

ОКТАБРЬ АУДАНЫ

Октябрь ауданы қазіргі Панфилов ауданының құрамындағы аудан. Орталығы Қоңырөлкен болған. Ел газеті «Социалистік Қазақстанның» 1944 жылы 14 қаңтарындағы №10 санында «Ста-



хановшылар саны есуде» деген материалда соғыс кезіндегі аналардың еңбегі насихатталған. Онда: «Жаркент ауданының Калинин атындағы колхоздың мүшелері егіс даласында аябай істей отырып, 1943 жылдың ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай аяқтады. Колхоз мемлекетке астық тапсыруды уақтылы орындап үлгерді. Алдыңғы қатарлы колхозшылар еңбек өнімділігін еселеп арттыра түсуде. Стахановшы колхозшы Сандыбаева, Хамыраева, Садинова сынды жолдастар колхоз шаруашылығының қай саласында болса да күндіз нормаларын 250-300 пайыз орындайды. Мұндай стахановшылар қатары колхозда жыл сайын арта түсуде. Өткен жылы небәрі 7 гана стахановшы болса, қазір оның саны 24-ке жетті», - делінген. (Бірлікүлы Қ. «Тылдағы майдан – «Егемен архивінде» - «Егемен Қазақстан», 2025 жыл 3 сәуір)



ПАНФИЛОВ (ЖАРКЕНТ) АУДАНЫ

1942 жылы 7 мамырда Жаркент ауданы Панфилов ауданы болып өзгертілді. Соғыс кезінде жаркенттіктер жоғары моральдық қасиетін жарқырата ашып көрсетті. 1943 жылы аудан орталығының көшелері 4 панфиловшы гвардия батырларының есімдерімен аталды. Олар – Кеңес одағының батырлары Николай Иванов, Хамет Қожабергенолы Кобиков, Иван Пащенко және Исмаил Халелов.

Ауданға эвакуацияланған балалар мен қарттар, әйелдер көптеп келе бастады. Жергілікті

халық, Кеңес органдары эвакуацияланған отбасыларды орналастыру, көмек көрсету ісін жүйелі жүргізді.

Сол тұста Жаркент - Панфилов ауданына Харьков, Минск тағы басқа қалалардан келген 100 отбасын орналастырды.

Аудан тыл ардагерлері келген халықты қабылдап қана қоймай, өздері де майдандағы жауынгерлерге көмек жіберіп жатты, оның ішінде 1002 күпәйке, жылы шалбар, 1025 теріден жасалған күртеше, госпитальге қажет 805 метр түрлі мата жіберілді. («Заря коммунизма», 15.05.1995 жыл)

1945 жылы ақпан-наурыз айларында Дмитров атындағы колхоздың әйелдер кеңесі Отанын қорғап жүрген жауынгерлердің отбасына көмек көрсету үшін сенбілік өткізіп, көркем өнерпаздар күшімен концерттер ұйымдастырып, тұрмысы тапшы отбасыларға 15 кг. бидай, екі центнерден жүн, 5 мың сомнан ақша жинап берді. («Заря», 06.05.1995 жыл)

Сондай-ақ, аудан тұрғындары Қызыл әскерге 695 посылка, 528 пұт әртүрлі тамақ өнімдерін жіберген. («Заря коммунизма», 27.08.1980)

1941 жылы 1 желтоқсанда аудан еңбекшілері Қорғаныс қорына азық-түлікке деп 123 мың сом, 554 мың сом тұратын заем облигациясының ақшасын аударған. (Летопись Талды-Курганской области (1819-1980ж., 30 бет)

Соғыс уақытындағы Панфилов ауданының 2400 тыл еңбеккерлерінің еңбегі бағаланып, олар «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 г.г.» медалімен марапатталды. Олардың арасында қарттар, әйелдер, балалар да бар еді. «Красный Восток» колхозының 68 мүшесінің 25 ұл-қыздары да осы медальмен марапатталды. Олардың арасында 1943-1945 жылдары 12 жасар кезінде 643 еңбеккүн жасаған Жеңісбек Бутарбаев та бар.

15 жастағы Садық Бұхамбаев шопан әкесіне көмектесіп, бір қозы шығын етпеген. Ал 12 жастағы Тохтарбай Дәулетов жер аударуда күндіз нормасын 100 пайыз орындап жүрген.

Бұдан басқа жастары 13-тегі Ваня Куликов, Миша Долженко, Сапырхан Мұратбеков тағы басқалар бар. («Заря коммунизма», 22 наурыз 1985 жыл)

ТАЛДЫҚОРҒАН АУДАНЫ

Қазір Ескелді би аталған бұл ауданның бұрынғы аты Талдықорған ауданы болатын. Аудан еңбеккерлері соғыс уақытында советтік патриоттылықтың жоғарғы үлгісін көрсетті. 1942 жылдың шілде айында ауданның жұмысшылары мен колхозшылары Қызыл әскер жауынгерлеріне 14 800 дана жылы киім, 400-ден астам сәлемдеме, 2000 центнер астық жөнелтті. Сондай-ақ, Қорғаныс қорына 733 853 сом ақша және 818 мың сомның облигациясын қосты.

Ауданға Харьков, Киев, Минск, тағы басқа соғыс жүріп жатқан жерлерден эвакуацияланған 5713 адам орналастырылды. («Октябрь туы», 10.05.1985 жыл № 90)

Сарыбұлақ колхозының төрағасы Есжан Берліқожанов И.Сталинге хат жолдап, өзінің жеке қорынан 200 мың сомды танк жасауға, 150 пұт астықты Қызыл Армия қорына аударған. И.Сталиннен жауап алғыс хат алған. («Заря коммунизма», 16 ақпан 1978 жыл)

Жетісу колхозының ардагер мүшесі, соғыстың тыл ардагері, 1938 жылы туған Балшекер Тайжанова нағыз еңбек адамы. Жас кезінен егіс алқабында жұмыс істеп, кейін сауыншы болды. Сүт фермасында күніне 44 сиыр сауып, мал бақты. Құрметті зейнеткерлікке шыққаннан кейін де туған ауданының дамуына, жастарды тәрбиелеуге үлес қосуын жалғастырды. Көп балалы ана жұбайы Бейсек қариямен жеті бала тәрбиелеп өсірді. Қазір 22 немере, 44 шөберенің сүйікті, қамқоршы, ақылшы анасы, әжесі. («Жетісу», 10 сәуір 2025 жыл)


Зайда Мүсәліқызы Екінді колхозында күшқайраты кеткенше колхозда, күні-түні «Жеңіс үшін, Отан үшін!» - деп жұмыс істеді. Қызылша екті, суғарды. Бар қажыр-қайратын ел үшін, Жеңіс үшін сарықты.

«Красный пахарь» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары 1942 жылы маусымда «Социалистический путь» газетіне былай деп хат жазған: «Майданға қажеттінің бәрін жібереміз. Жаумен шайқаста жүрген жауынгерлерге Гитлер басқарған неміс фашистерінен елді азат ету жолында, олардың Жеңіс күнін жақындатуы үшін шаршап-шалдықыпай еңбек етуді өзіміздің міндетіміз санаймыз!», - деген екен. (текст орысшадан аударылды - автор)

Жеңіске жету үшін колхозшылардың арасында социалистік жарыс ұйымдастырылып тұратын. Сол еңбек жарыстарының алдыңғы қатарында тыл ардагерлері жүрді.

«Наш путь» ауылшаруашылық артелінің мүшелері - звено басқарушы Дударева, Галаненко, Мичурин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері Кальницкий мен Кудрявцев социалистік жарыстың алдыңғы қатарында болды.

Аудандық тұрмыстық комбинат тігіншісі Голикова, Охват, Шеймерденова және тағы басқалары еңбек үлгісін көрсеткен тыл ардагерлері болды.



Есжан Берліқожанов

(«Заря коммунизма», 18 желтоқсан 1982 жыл)

1 Мамыр колхозының (Первое мая) бригадирі Минькова тәулік бойы загопункте бидай тапсырудан екі және одан да көп нормасын орындаған. Қарабұлақ қант зауытының токарі Н.Проходцева, электромонтер В.Кольцовой, тас қалаушы Крухмалева да өз нормаларын бір жарым еседен артық орындап жүрді. («Заря коммунизма», 15 мамыр 1985 жыл)


Тыл ардагерлері туралы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Адал ері табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда сыйлы болуы ке-



Балшекер Тайжанова

рек», - деген болатын.

Сол табанды еңбегімен Жеңіс күнін жақындатқандардың бірі - «Тельман» колхозында дүниеге келген Зейнеп Әмірбекқызы апамыз. Бүгінде 83 жастан асқан апамыз балалары мен немерелеріне соғыс жылдарындағы бастан өткерген еңбек майданының қиыншылықтарын үлгі-өнеге етіп айтып отырады. 15 жасында жауыр атқа мініп, аудан орталығына барып есеп беретін. Ерлердің атқаратын ауыр жұмыстарын арланбай атқарып, қайсар мінезді әйел атанды. Жаз болса дала жұмыстарын, күн суыта әйел жұмыстарын -



Сталинге хат

жіп иіріп, жылы киім тоқып, майданға жіберетін. Апамыздың кеудесі осы ауыр тірліктің белгісіндей болған жарқыраған медальдарға толы.

Соғыстың қиын жылдарында 13-14 жасар ұл балалар «Жетісу» колхозында әр гектардан 80 центнерден жоғары бидай, 450-500 центнерден қант қызылшасын жинады. («Заря коммунизма», 27 сәуір)

Қарабұлақ кентінде Қатима Омарқызы Телегенова (1930 жылы туған) соғыс басталғанда

10 жастан сәл-ақ асқан жасында еңбекке араласты. Күндіз ересектермен бірге бидай егіп, оны жинап, «бір түйір дән шашылмасын, бәрі майдан үшін, Жеңіс үшін» деп еңбектенсе, түнде соғыстағы сарбаздарға тоқыма киім тоқып, оны майданға жіберетін. Қысқасы, ауылдың ауыр еңбегінің барлық түрін көрді. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде есейген соң тұрмыс құрып, алтын



Зейнеп Әмірбекқызы

құрсақты ана болды. Өзінен туған 9 бала, 30 немере, 39 шөберенің бақытты анасы, сүйікті әжесі.

- Біз көрген сұмдықты балалар көрмесін. Ел ішінде тапшылық болса да бәрін майданға жөнелтіп жүргенде тоя тамақ ішіп, алаңсыз аяқ серппей ұйықтау арман еді ғой... Ойын баласы болсақ та егілген астықты шашау шығармай жинаймыз. Мұндай зұлматты күн енді тумасын, - дейді батыр ана. («Жетісу» 6 мамыр 2025 жыл)

«Екінші бесжылдық» колхозында (қазір Абай атында) 1927 жылы туған Күнсяя Оспанова - халық ақыны Темірғали Рүстембековтың екінші қызы. Күнсяя соғыс кезіндегі еңбегін еске былайша түсіреді: «Соғыс уақытында менің анама бір өгіз бен соқа берді. Бір гектар жерді аударасыңдар деп. Жерді жырттып болғанда өгізіміз болдырып құлап қалды. Орнынан итерсек тұрмайды. Колхоздың бастығы келіп айғайлаған соң, біз өгізді қанша сабасақ та өгіз орнынан тұрмады... Біз басқа да шаруашылық жұмыстарды атқардық. Шөл жинадық, Анам шөпті орады, мен жинаймын, шөмелеймін. Қыз-келіншектер осындай жұмыстарды атқардық. Бір күні «біз жеңдік!» деген жақсы хабар алдық. Қуандық. Бір-бірімізді құшақтап жыладық», - дейді Күнсяя сол кезді еске алып. Соғыстан кейін Күнсяя ҚазМУ-ге оқуға түсті. Ақын, ұстаз, көп жыл аудандық, облыстық газеттерде журналист болып қызмет істеген, 7 кітаптың



Күнсяя Оспанова

авторы.

Клавдия Степановна Гөгешко (1920 жылы туған) Жетісудың тұрғындары сияқты Қарабұлақ поселкасының қыз-келіншектерімен егін екті, оны орып жинап, қырманға жеткізіп, күзетіп, шөп шауып, жинап, маялап шаруашылықтың барлық ерлер істейтін шаруаларын істеді. Сол жұмыстары үшін күніне 500 грамм нан алатын. («Желтая газета», 6 мамыр 2016 жыл)

ЕЛ БОЛЫП ЖАСАЛҒАН ЕРЛІК

Неміс басқыншыларымен өткен жанкешті соғыста майданға Жетісу өңіріндегі еңбек ерлерінің Жеңісті күндерді жеделдетуге деген ынтыса мен көмегі туралы тірнектеп жинаған деректеріміз жастарға үлгі-өнеге болсын деп Жетістің 81 жылдығына орай оқырман назарына ұсынған едім. Осы «Алатау» газетінің 3 сәуіріндегі №12 санынан бастап жарияланып жатқан деректерде Жетісу өңірінің сол жылдардағы саны 13-ке жететін аудандарындағы тыл ардагерлерінің ерен еңбектері, аты-жөні, майданға жіберілген көмектері туралы жаздым.

«Соғыс баласы» деген атқа ие болғандар,

МАЙДАНЫ



Клавдия Гегешко

яғни бұғанасы бекімеген, қабырғасы қатаймаған, балалық шақтары соғыстың қиын кезеңімен сәйкес келгендердің сол кезде алды 7-де, арты 10-11 жасар балалар тылдағы ауыр жұмыстарды үлкендермен бірдей атқарып жатты. Жазда табандары тілінгенше жұмыс істесе, қыста майданға жылы киім тоқып, көктемде аналары қой қораның қиын шапса, ұл-қыздар шабылған қиды жинап, бөлшектеп келтіріп, тезек қалап, отын ғып дайындайды. Жас жеткіншектер мал да бақты, қойды да қоздатты, жазғытұрым күн жылығанда жер жырттып, бидай сеуіп, шөп орып, бидай мен тары төгетін қырманды тазалап дайындаса, енді бірі аяғын шүберекпен байлап, бидай таптап, астық бастырғандар да болды. Семейге етке тапсыратын малды жаяу айдап апаратын. Тамақтың орнына қуырылған бір уыс бидай асқазанға талғажау болатын. Тойып тамақ ішкен кездер жоқтың қасы болды. Үлкендер өздері жемесе де, «болашақтың иесі» деп ұлдарға көңіл бөлетін. Қысқасы, ауыл тірлігінің таусылмайтын шараларымен жыл он екі ай жүретін.

Сонда байқағаным, сол тылдағы жандардың 1941 жылдан 1945 жылға дейінгі қажырлы еңбегі - біздің Жеңісіміздің негізі болды десек, қателеспейміз. Бала болып құлыншақпен жарысқан ұлдар, қуыршақпен ойнамаған қыздар, балалық шағын ауыр еңбекте өткізген сол кездегі жас буын бүгінде асыл ана мен данагөй аталар. Олар өздері көрген соғыс құқайын ұрпақтары көрмесе екен деп тілейді. Ал біз сол жандарды қалай бағалап жатырмыз? Қалай ұлықтап жүрміз? Жауабы қиын сұрақ...

Сол жылдарғы Талдықорған облысының 13 ауданының тыл ардагерлерінің деректерін шамам келгенше зерттеп жазып шықтым. Газет бетіне жарияладым. Онымен міндетім аяқталды демеймін.

Соғыс жылдарындағы тыл ардагерлерінің Талдықорған қаласы мен Текелі қаласындағы тыныс-тіршілігін де шамам келгенше зерттеп, оларды да айта кеткенді жөн деп санадым.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

1922 жылы 14 мамырда «Талдықорған уездік орталық» болып аталды, ал 1944 жылы 15 наурызда облыс орталығы болып белгіленді. Осы жылдың 27-ші шілдесінде Талдықорған қаласы облыс орталығы болып бекітілді.

Ұлы Отан соғысы кезінде Талдықорған қаласының тұрғындарының да майданға қосқан үлесі туралы Қ.Байғұжин өзінің тарих ғылымының кандидаттығына жазған зерттеуінде атағап өткен болатын. Қалада 1975 жылы мамыр айында 644 тыл ардагері өмір сүріп жатқаны белгілі болды.

Солардың бірі - тыл ардагері Рашида Колупаева (1924 жылы) жұмысшы отбасында дүниеге келген. Соғыс басталып кетіп, мектепті бітіре алмаған. Өте зерек, қабілетті, сауатты Рашида Талдықорған аудандық партия комитетінің қабылдау бөліміне техникалық хатшы, кейін облыстық атқару комитеті аппаратының хаттамалық бөлімінің меңгерушісі болып ауыстырылды. 1947 жылға дейін «Тельман», «Красный пахарь», «Молотов» атындағы колхоздарда



Сейілхан Қасенова

комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. Одан кейін облыстық баспаханаға есепші, экономист-есепші болып 48 жыл еңбек етті. («Жетісу», 8 наурыз 2025 жыл)

Облыс орталығының тұрғындары ішінде тыл ардагерлері - 90-нан асқан Сейілхан Қасенова, Галина Саенко т.б. аман-есен ұрпақтарымен бақытты өмір сүріп жатыр. («Талдықорған» 4 наурыз 2025 жыл)

Қала тұрғыны Владимир Хлебников пен Мария Брянцева өз естеліктерінде соғыс жылдарында жасөспірім болса да, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін «Майдан үшін, Жеңіс үшін» - деп, еңбек еткенін сол себепті «соғыс балалары» атанғандығын, бүгінгі қариялардың балалық шағы болмағанын айтып, ауыр жылдарды еске алады. («Талдықорған», 28 наурыз 2025 жыл)

Тыл ардагері Қаншай Ешбайқызы сау-



Қаншай Ешбайқызы жолдасы Тоқтасын Рахметұлымен

ын фермасында еңбек етіп, жұмыстың бар ауыртпалығын көтеріп, ферманың түрлі еңбек түрін меңгерді. Оның тиянақтылығы мен жоғары жауапкершілігі еленіп, үздіктер қатарынан көрінгені үшін Мәскеуге шақырылып, марапатталды. Еңбекте көрген қиыншылықтарды ол Отанға, майданға деген парызы санайды. Жеңісті жақындатқан тыл ардагерлерінің ерлігі жас буынға өнеге. Бүгінде «Алтын алқа» иегері Қаншай апамыз балалардың әкесі Тоқтасын Рахметжанұлымен өмірдің ауыр сындарынан өтіп, өнегелі шаңырақ болып, ұрпақтарын өсіріп, тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. («Талдықорған», 16.05.2025 жыл)

Ғарифа Нигматуллина да соғыс



Ғарифа Нигматуллина


тауқыметін көргендердің бірі. Әкелерінің мал-мүлкін кәмпескелеп, Орынбор облысынан Қарағанды облысына жер аударып жібереді. Барлық дүние-мүлкін тартып алып, өздері көріп-білмеген жаққа жіберілген отбасының көрмеген қиындығы жоқ. Арқаның қақаған суығында далада қалғандар да, қаза тапқандар да болды. Бойжеткен Ғарифа 1938 жылы тұрмысқа шығып екі қызы дүниеге келген кезде соғыс басталып, күйеуі майданға аттанады. Тылдағы ауыр жылдардың небір машақатын көреді. Соғыс жылдарында Қарағанды өңіріне жер аударылған көптеген ұлт өкілдерімен Жеңіс үшін еңбек етеді. Қиналып жүрсе де ұстаздық мамандықты игеріп, соғыстан кейін мектепте ұстаздық етеді. Шашырап кеткен туыстарын іздестіріп, Жетісу өлкесіне тоқтайды. Зейнетке 1978 жылы шығады. Оған дейін бар білімі мен тәжірибесін, бар өнегесін жас буынға туған жерді қорғауға, Отанды сүюге үйретіп тәрбие беруге арнайды. («Алатау», 29.05.2015)

(өкінішке қарай, кейбір тыл ардагерлерінің суреттерін табу мүмкін болмады)

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

Текеліліктердің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі орасан. Қиын жағдайда жан аямай еңбек етудің нәтижесінде Текелі қорғасын-мырыш комбинатының ұжымы елімізге қажетті өнім өндіріп, Жеңіс күнін жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Шымкенттің қорғасын зауытынан шыққан әрбір сегізінші оқ-дәрі Текелінің қойнауынан алынған металлдан жасалды.

Текелі қорғасын-мырыш зауытын құрудың маңызы - халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты еді. КСРО түсті металл халық комиссариатының 1941 жылғы 7 тамыздағы №459-шы бұйрығы бойынша комбинаттың алғашқы ке-



зекте іске қосу мерзімі 1942 жылдың 1 шілдесі болып бекітілді. Зауыт еңбеккерлері маусымның 22 күні болған митингте: «Біз фашистердің басына жай оғын бұршақша жаудыру үшін қорғасынның қаншалықты қажет екенін білеміз. Сондықтан Отанымыз қанша қажет етсе, сонша қорғасын беріп, жұмысты бұрынғыдан да жақсы істейміз. Жауға еңбегімізбен де, білімімізбен де қарсы тұрып, қажет болса өз өмірімізді де аямаймыз», - деді.



1942 жылдың 22 тамызында ХКО КСРО-ның Қаулысымен Текелідегі кен орнында қорғасын-мырыш комбинаты құрылды. Руданың алғашқы тонналары сол жылы берілді. Содан бастап комбинат өзінің өндірістік қуаттылығын ұлғайта бастады. Байыту фабрикасының алғашқы сынақ ретінде іске қосылуы 1942 жылы 6 қарашада өтті. Текеліде жасалған оқ Жеңісті жақындатуға себеп болды деуге болады. Осы жылдары тылда еңбек еткен ұл-қыздардың иығына ауыр жүк түсті. Бейбіт өмір үшін шыбын жандарын шүберекке түйді. Еңбек майданындағы өмір оқ пен оттың ортасындағы соғыстан кем түспегендігі ашық айтылуы керек.



Евдокия Коваленко және Анна Десятниченко

Текелі қорғасын-мырыш зауытында жергілікті тұрғындармен қатар шетелдіктер де жұмыс жасаған. 1942 жылдың соңына дейін Текеліге 108 испан эмигранты келген. Олардың 28-і өрімдей жас бала («Егемен Қазақстан», 24.04.2025). Сондай-ақ, тұтқынға түскен жапондар да жұмыс жасаған. Алайда ол туралы БАҚ-тарда көп жазылмаған. Осы заводтың В.Федоров басқарған 5 адамнан тұратын токарлар бригадасы өндірістік жоспарды күнделікті 160-180 пайыз орындаған. 1942 жылы 1-ші кордонда руданы қорыту фабрикасы жұмыс істей бастады. Комбинат алғашқы қорғасын концентратын бере бастады («Заря коммунизма», 16.02.1990 жыл). Осы комбинаттың жұмысшысы Н.А.Локтионова алдыңғылардың бірі болып аз уақыттың ішінде электровоз машинисі мамандығын игеріп, күндік норманы 268 пайызға орындаған. («Заря коммунизма», 28 наурыз 1980 жыл)

Жетісулықтар соғыс жылдарында еліміздің Қорғаныс Қорына 50 млн. сом қаржы және ондаған млн. сомның облигациясын қосты. Жетісу тұрғындары, тыл ардагерлері 1942-1945 жылдары Отанды қорғау үшін танк пен самолет жасау үшін 28 млн. 833 мың 835 сом ақша жинап, заем



Константин Романов

облигациясын 2 400 750 529 сомға сатып алды («Заря, 06.05.1995 жыл»). 1944 жылы облыс бойынша 28 комсомол-жастар трактористер бригадасы, 294 центнер бидай жинау, 117 ұнтақтандыру, 268 автокөлік бригадасы, 262 жоғары деңгейдегі астық жинау бригадасы ұйымдастырылған. Осы жастар коллективінде 5840 комсомол еңбек еткен. («Заря коммунизма», 15 мамыр, 1985 жыл)

1943 жылы 3 қаңтарда Жетісу еңбекшілері мен тыл ардагерлері «Колхозник Қазақстана» танк колоннасын құрастыру үшін 17 млн. 430 мың сом ақша жинап, Отан қорына аударған. Жалпы, соғыс жылдарындағы 4 жыл ішінде танк-самолет жасау үшін 28 млн. 625 мың сом қаражат жинап, Отан қорына өткізген. («Заря коммунизма», 27.08.1980 жыл)

Ақ халатты абзал дәрігерлердің қамқорлығындағы тыл ардагері, Текелі қаласының тұрғыны Романенко Константин: «Біздің балалық шағымызды ұрлаған соғыс енді болмасын! Қартайған шағымызда осындай құрмет пен қамқорлық жасап жатқан дәрігерлерге ризамын. Заманымыз тыныш болсын!» - деп тілейді. («Текелі тынысы», 30.04.2025 жыл)

СӨЗ СОҢЫНДА АЙТАРЫМ...

«Жетісудың тыл ардагерлері туралы» зерттеулерімді аяқтай келе, айтайын дегенім, бүгінгі бейбіт, тыныш өміріміз - майдандағы жауынгерлерді жеңіске жетелеген ана мен атасының, бала-шағаның «майдан үшін, жеңіс үшін» - деп атқарған ерен еңбегінің, әрбір жанның қажырлы еңбегінің жемісі. Жетісу өңірінің тыл ардагерлеріне деген алғыс сезіміміз бен шексіз құрметіміз мәңгілік есімізде сақталуы тиіс. Олардың еңбекқорлық қасиеті бүгінгі ұрпаққа үлгі болғаны дұрыс.

Соғыс жылдары Талдықорған облысы болып құрылған өңірдің 13 ауданы мен Талдықорған және Текелі қаласы тыл ардагерлерінің тарихын, өкінішке қарай, түгел қамтыдым деп айта алмаймын. Өйткені, мақалалардың 70 пайызын орыс тілінен аударуға тура келді. Онда жалпылама аттары аналған тыл еңбеккерлері қай колхоз, қай аудан, қайда жұмыс істегені көрсетілмеген. Сондықтан өз қолымда 1975 жылдан бері жинаған мақалаларды сұрыптап, аудандарды солу уақыттағы атауларымен жүйелеп жаздым. **Осы деректерді жазу барысында ойға келген біраз ұсыныстарымды Жетісу облысының өкімі Бейбіт Исабаевқа жеткізуді жөн көрдім.**

ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ӨКСІКБАЙҰЛЫ ИСАБАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА!

- **Жеңісті жақындатқан тыл еңбеккерлерінің жасы бүгінде 80-90 жасқа келіп қалды. Саны азайып қалған Жетісудың тыл ардагерлерінің облыс көлемінде бастарын қосатын бір жиын өткізсе деген тілек бар.**

- **Тыл ардагерлері туралы архив материалдары негізінде жеке кітап болып, оған қоса тыл ардагерлерінің суреттері жарияланған фотоальбом шығарылса.**

- **Баспасөз беттерінде жарияланған тыл ардагерлері туралы мақалалардың басын біріктіріп жинақ етіп шығарса - тыл ардагерлерінің есімдері де тарихта қалып, ізденген ұрпаққа тәрбие көзі болар еді.**

Менің бұл ұсынысым қалай болар екенін деп басып айта алмаймын. Бірақ өңір басшысының назарына сала кетуді жөн көрдім...

Реті келген соң айта кетейін, мен Жер жәннәті Жетісудың жеріндегі елеулі тарихи оқиғалар елеусіз қалмасын деген ниетпен өңір тарихын зерделеп, зерттеп жүрген жанмын.

Облыс өкімінің жеке қабылдауында болып, Талдықорған қаласының 80 жылдығына, сондай-ақ Жеңістің 80 жылдығына орай аталған даталарға байланысты орындалуы аса қиындық тудырмайтын біраз ұсыныстарымды 2024 жылдың ақпан айында айтып, Бейбіт өкім оларды жазып алған болатын. Бірақ ұсыныстарым сол айтылған жерде қалды...

Бұқара халық билікті уәдесіне қарай бағалаған ғой... Сондықтан басқасы орындалмаса да Жетісудың тыл ардагерлері туралы ұсынысымды өңір басшысы назарына алар деген үміттемін.

ПАРАСАТТЫ ЕРЛІК

Әке-шеше, ел-жұртымды көрем деп,
Он бес күнге келді әскерден Төребек.
Сағынышты келін етіп түсірді,
Төрт, бес айда қайтып елге келем деп.

Тағдырының не боларын кім білер,
Әскеріне қайта оралды жауынгер.
Сағыныш болып қалды артта Сағыныш,
Тар кеудесін барады өртеп жалын дерт.

Амал нешік қалды артында күтем деп,
Үмітпенен өтіп жатты күн, түн көп.
«Соғыс! Соғыс!» суық хабар естіліп,
Қасіреттің қара бұлты түсті кеп.

Он сегіз бен қырық жастың арасы,
Қарсы тұрар ешкімнің жоқ шарасы.
Жаппай түгел жіберілді майданға,
Бірге аттанды әке менен баласы.

Қол жетпейтін толған айдың жүзіндей,
Сағынышпен өтті күн, түн көз ілмей.
«Майдан үшін!» - деген басты ұранмен,
Атқарды істі жас, көрі деп бөлінбей.

Қиындықпен жасады барлық істі,
Демалыс та аз болды талап күшті.
Ер адамның арқалап барлық жүгін,
Қатын, бала мойнына салмақ түсті.



Төребектен хат-хабар келіп тұрды,
Сағынышты сәлеммен бөліп сырды.
Екі жыл өткеннен соң хат үзіліп,
Күмән кіріп көңілге орынықты.

Үш айдан соң қаралы қағаз келді,
Жылатты да, зарлатты барлық елді.
Майданда қаза тапты ерлікпен деп,
Бар үмітін үздірді күткен ерді.

Өлді деуге қиындады және күтті,
Қимастықпен бір жарым жыл уақыт өтті.

Күннен күнге жалғыздық жанға батып,
Біржолата күтуден күдер үзді.

Түскеннен соң тағдырдың құрсауына,
Ем табылмас көңілі құсалыға.
Сөз сап жүрген бір ақсақ бригадирдің,
Шыдам бітіп, құлады құшағына.

Сол таңда ұйқысы да қанық тұрды,
Сілкіп төмен тастады барлық мұңды.
Бригадир отбасылы болса - дағы,
Көмек жасап қас-қабағын бағып жүрді.

Амалы жоқ жасырып жаба алмады,
Жүкті болып күнбе-күн жуандады.
Біреулер жанашырлық танытқанмен,
Біреулер жүрді күліп бұған бәрі.

Мың тоғыз жүз қырық бестің көктемі,
Алма, өрік барлығы да көктеді.
Тайға мінген шауып келіп бір бала:
«Күйеуіңнің алдынан шық жет!», - деді.

Аяқасты хабардан қалды сасып,
Отыра қап жылады көңілі жасып.
Ар, ұяты өлтіріп өкінішпен.
Көтеріліп шықты басқа қаны тасып.

Іздеп тауып қаралы алды хатты,
Боздап жылап күңіретті бар аймақты.
«Жарып таста күнәһар мен бейбақты,»-
деп күйеуінің аяғын құшып жатты.

Мейрленіп Төребектің жалғыз көзі,
Қолтығынан көтерді жерден өзі.

«Сен де адамсың жаралған ет, сүйектен,
Намыстың да орынсыз болмас жөні.

Бәріне де кінәлі соғыс тажал,
Жоқ етті талай жанды өлім, ажал.
Саған қалай жаным-ау кінә тағам?
Болған жоқ қой сенде де, басқа амал».

Сыйынып бір аллаға жалынып тек,
Ұл туды Сағыныш та күттірмей көп.
Ерлік жасап Төребек парасатты,
Жас сәбиге ат қойды Жұбаныш деп.

Отбасы болып екеуі көп жыл тұрды,
Бірге өсірді оншақты қызды, ұлды.
Бақытты ғұмыр кешсе де ел ішінде,
Кетпеді сыз жүректен соғыс жылғы.

Ерлік жасап жауынгер парасатты,
Сақтап қалды негізгі махаббатты.
Екеуінің Жұбанышы сексенге кеп,
Жақын күнде өмірден ол да аттанды.

Талай жандар осындай тағдырменен,
Баз кешіп бұл өмірден күдер үзген.
Тығырықтан шығатын жол таба алмай,
Құсалықпен қан жұтып жігері өлген.

Соғыс! Соғыс! Қайта соғыс болмасын,
Мәңгілікке бейбітшілік орнасын.
Сүйгендерге төзім, сабыр мол беріп,
Кір шалмасын махаббаттың айнасын!

Сембек ӘБДІ-РАХМАН
10.04.2025ж



Кеңшілік МЫРЗАБЕКОВ

Соғыс зардабын тартқан миллиондардың ішінде күйеулері майданға кетіп, қайтпай қалған жауынгерлердің асыл жарларының бақытсыздығынан жүрек сыздайды. «Соғыстан кейін тусам да, соғыстың сезгем салмағын» - деп ақын Күләш Ахметова жырлағандай Кеңшілік Мырзабековтың балладасы соғыс зардабының бір штрихын суреттепті. Ол – тағдыр талайы, өмір сүруді таңдау - өркімнің өмір сүру еркі бар екенін байқату. Бұл жерде автордың жазып отырған кейіпкерін, меніңше, кінәлай алмаймыз, оның күнәсі де жоқ. Бәріне кінәлі – соғыс...

– Жеңеше! – дедім,
Жеңешем маған жалт қарап,
Боталап көзі жылауға өзі шаққа қап.
– Кенжем-ау, – деді, – ертең-ақ келем,
дәм жазса,
Соғыс жоқ онда... алдымда тұрған оқ борап.

– Келем ғой, келем, дәм жазса, келем, – деді де,
Белгісіз діріл бөгеліп қалды деміне.
Орамал ұшын апара берді көзіне,
Көзімді мен де көлегейледім жеңіме.

Көрісіп жылап,
көрсетіп жылап көрмеген,
Көкемнен келген қара қағазға сенбеген.
Жеңешем менің бойжеткен қыздай өлі де,
Жолына тағдыр қалайша тұрмақ көлденең.

Жеңешем менің жер басып жүрер болса егер,
Отауын іздеп осылай қарай жол шегер.
Жеңешем менің көкемнің ғана теңі ғой
Көкемнің орны кімненен оған өлшенер.

Сондықтан сенем, келеді жеңгем оралып,
Шақырса Отан, отырар кім бар омылып.
ФЗО-дан менің он тоғыз жасар жеңешем,
Келеді ертең өмірдің сыйын мол алып.

Жеңешем менің –
ақудың көгілдіріндей,
Жүзінде нала, мұңы бар көңіл білінбей.
Үстіне өне, ақ жібек көйлек киіпті,
Жеп-жеңіл екен ақша бұлт жеңілдігіндей.

Ақша бұлтқа ұқсап, кетеді шарлап қиырды,
Кетеді қазір. Жүрегім неге жиі ұрды?
– Тезірек кел, – деп
соңғы рет айттым жеңгеме,
Жеңешем де маған сұқтана қарап қиылды.

Атам мен әжем де:

– Тағдыр соллай бұйырды.
Біріне-бірі сүйеніп тұрып, сыйынды.
Ырдуан арба қозғала берді сықырлап,
Арбакеш бала шыбыртқы сонда үйірді.

Сонымен, менің он тоғыз жасар жеңешем,
Келін боп түсіп, шымалдық көрді демесен,

ФЗО-ҒА КЕТКЕН ЖЕҢЕШЕМ

(баллада)



Қабағын ашып, қауызын жара алмаған,
Артығы жоқ-ау, гүлге де оны теңесең...

Жеңешем менің жанымдай жақсы көретін,
Жан көкем үшін жүрегін жұлып беретін...
Көкемнің кеткен жолымен ол да жөнелді,
Келетін сынды.. көкемді алып келетін.

Жеңешем құрған шымалдық жерге сусыды,
Шешемнің үнсіз көзінен жасы ыршыды.
Көкем де жоғын, бөпем де жоғын ойласам,
Кеудемнің менің қаттырақ соқты дүрсілі.



Соңғы бір күндер сарғайып өңі суалған,
Сағыныш сылып, үмітпен ғана жұбанған.
Жеңешем менің шешімі батыл жан еді,
Ауданға барып ФЗО-ға өзі сұранған.

Ауылда біздің әңгіме тиек ағытты:
– Пеленшенің келіні кетіп қалыпты.
– Қалаға кеткен..
– Далаға кеткен десейші,
– ФЗО-ға кеткен,
– ФЗО-сы несі, бетім-ау,
– Күдерін үзіп біржолата кеткен десейші.

Қып-қызыл өсек, қыздырма сөздер кеу-кеулеп,
Соғыстың көзі (сөйлейтін ауыз семген жоқ).
Көңілім күпті, сенімім мықты, ал шындық –
Келмейді көкем,
жанымда және жеңгем жоқ.

Жеңешем бірақ күдерін бізден үзбепті,
Келін боп түскен Отауын – Отын іздепті.
Магниттау деген қаладан жазған хатында:
– Заводта қазір жасаймыз жарақ біз депті.

Дегбірсіз әжем, соңына хаттың шыдап па,
– Көкеңнен қалқам,
хат-хабар барын сұрап па,
Сұрап па? – деді,
– Сұрапты, – дедім бөгеліп,
Ең тұңғыш рет өтірік айттым бірақ та.

Өтірік емес,
шындығым еді – ол менің,
Жан көкем менен жеңешемді бұл бөлмеуім.
Келмейді көкем,
Жеңгемді бірақ ешкімге,
«Бермеуім керек, бермеуім керек, бермеуім!»

«Бермеуім керек!»
Бозбала балғын ниет бұл,
Үмітімді менің жеңешем ғана сүйеп тұр.
Қаусаған көрі, қауқарсыз бала бұл үйде,
«...Келеді жеңгем!» –
Ортадағы ортақ тілек бұл.

«Есен-сау жүрсін, жолынан қыдыр жолыққыр!»
Қарайды әжем, төрт қанат үйді шолып бір.
– Қайтейн, – дейді, – Отаудың көркі, ботам-ай,
Отаудан гөрі Отанға керек болып тұр».

Отаудан гөрі Отанға керек болғасын,
Заводтың барып ұстады жеңгем балғасын.
Мыңдаған жесір, мыңдаған жетім балалар
Жетілмей жатып жалғайды ұрпақ жалғасын.

Оқ пенен оттың ортасында олар ес білді,
Махаббатпенен мандайдың терін сес қылды.
– ФЗО-ға кеткен,
– ФЗО-ға кетті, – деген сөз,
– Майданға кетті, – дегенмен бірдей естілді.

Менің де жеңгем сол ұрпақ, сол топ ішінде,
Темірдей тәртіп тезіне түскен пішінде.
Көксенгір завод, көкпенбек құрыш илеген,
Жеңгемді кейде көретін едім түсімде.

Темірдей тәртіп, темірдей тезі Өмірдің,
Жеңгемді менің шындағандай боп көрінді.
От көйлек киіп, ойнады ол құрыш темірмен,
Айналасында қып-қызыл жалын өрлімді.
Қып-қызыл жалын араны бөліп, жеңешем.
Бермеді қолын, бермеді, кейін шегінді...

Түсімді бірақ жорытқам да жоқ, жорымай,
Сынаптай ойым сарсаңға түсті қорымай.
Жеңгемнен бір сәлемдеме келді – о, ғажап,
Ақ тілегімнің оңғарып жолы болуы-ай!

Кездеме бөзін, ашмүшке шайын азғана,
Бүкіл бір ауыл бөліскен кезде маз болса,
Атам мен әжем қасқайып жұртқа қарады,
Сап тынды сонда қып-қызыл өсек, сөз-жала.

– Пәленшекеңнің ФЗО-ға кеткен келіні-ай,
Бір жерден түбі шығады, – дейтін ел ұдай.
Мінекей шықты, ақыры шықты, жеңешем,
Газетке шықты: суретін қалдық танымай.

Өкпеммен қоса газетті сонда қолға ұстап,
Ұштым-ай дейсің, қонғандай басқа болды ұшпақ.
– Көрдіндер ме? – деп, жеңгемді менің, – жүгірдім,
Шаттығым өзі шартараптарға жол нұсқап,
Сүйінші сұрап, ес біліп, етек жапқалы,
Көрмеген бала, сезімі көзсіз, қатты әрі.
– Жеңешем менің, ФЗО-ға кеткен жеңешем,
Отаумен бірге Отанның, міне мақтаны.

Табаным жерге,
тімеді төбем көкке елі,
Өттен-ай, өттен, жеңгеме қолым жетпеді.
Стахановшы, жүлдегер дейді жеңешем,
Кім екен оның... өнеге көрген мектебі?

Біздің үй ме екен, Магниттау ма, завод па,
Соғыс па, әлде соғыстан көрген сабақ па?
Тағдырға деген ащы ызасы ма әлде оның,
Махаббаты ма тастамас мәңгі талаққа?

Артында қалған сәлемі ме, әлде бізге оның,
Білдіргені ме біздерден күдер үзбеуін?
Тұмардай тағып жеңгемнің құйттай суретін,
Көз қығынан қимастық сезім іздедім.

Атам мен әжем көз жасын іркіп жинаған,
Айтатын сөзі жасына көздің сыймаған.
– Қайтейн-ай, – деп күрсінген олар тағдырға,
Жауқазын гүлдің тозаңын бірге қимаған.

Тағы да хаттар...
Тағы да тағы – келді хат,
Сүйінші сұрап жүгіргем жоқ мен бірақ.
Атам мен әжем,
жеңгеме бүкіл ел құлап,
Уақыт ұзап...
Оралмады елге ол бірақ.

Сәлемі, хаты - жан илтипаты демесен,
Оралмады елге ФЗО-ға кеткен жеңешем.
Кездеме бөздің, ашмүшке шайдың күні өтті,
Күні өтпес дүние – құп-құйттай көңіл есесі...

Күні өтпес дүние – құп-құйттай ниет тап-таза,
Тап-таза болса – жүректе жоқ наза.
Жеңешем бізді қия алмай әбден қиналып,
Хат жаза-жаза, шаршады ма екен хат жаза?!

Хатта да бірақ, сұрайтын сұрақ селдіреп,
Баяғы сезім бара да жатты сәл жүдеп,
– Табиғат заңы – тұрмысқа шықтым, кеш,
көнжем,
Қайтейн... – деген хат келді, міне, соңғы рет.

Алдым да хатты, өксіп те өксіп жыладым,
Әзімнен-әзім ең тұңғыш рет сұрадым:
«Жан көкем неге майданға кетті сұранып?,
Жеңешем неге ФЗО-да бағын сынады?»
Жауап берді әжем:
«Отаудан гөрі Отанға
Көрсеткіңді сезінсең ерлік туады».
Ал олай болса,
ФЗО-ға кеткен жеңешем
Жұлдызы жанып алдымнан ертең шығады.

ӘЖЕСІН ІЗДЕГЕН ПОЛКОВНИК

Жеңіс күні қарсаңында қай ауылда болмасын қарбалас жұмыс басталатыны белгілі. Биыл да ауылдық кеңестін ұйымдастыруымен ауылдың көшелерін тазалау жұмыстары жүріп жатты. Сол жұмыстан шаршап қайтқан отағасы ас үйдегі қазақи дөңгелек столдың қасына жайғасып, кемпірі дайындаған түскі асты құрақ көрпеге жантая жатып жеп жатқан кезі еді. Түскі астың бүгінгі түрі оған ұнамай қалды.

- Осы күрішінді қашан қоясың, өзбек емеспіз ғой күнде күріш жейтін. Пісірген күріштің дөңдері бөлек жүреді қашанда. Одан да ботқа етіп пісірмейсің бе тіске жұмсақ етіп - деп бастап еді, тісі ауыз қуысынан бірекі дөңі қолқасына кетіп қала жаздап, қиқылдып жөтеліп қалды.

- Аузыңда тамақ тұрғанда осы сөйлемей-ақ қоймайсың ба?, - деп кемпірі оны желкесінен түйгіштеп жатқанда үйге ауылдық кеңестің шабарман баласы келмесі бар ма?

- Ой, ата, не шашалып қалдыңыз ба? Әй осы, сіздің үйге біреудің келе жатқанын сезген боларсыз, содан ғой шашалып қалғаныңыз! - деп әзілдеген шабарман баланы кемпір «отыр-отырдың» астына алып, алдына шәй қойды. Шашалғанын қойған шал да шәйін сораптап, шөлдеп қалғанын аңғартып кемпіріне кесесін ұсынып қоймады.

- Уххх, шал-шауқанға көше тазалатып қойған ауыл сәбетіңе болайын. Жас тар қайда, осы қоқысты солар ғой шашатын. Бөтелкелер, темекінің тұқылы, қытырлақ қағаздар... Олар ішеді -



жейді, шашады - біз жинаймыз! Көктем шыққалы осымен екінші рет көше тазалауымыз. Біріншісі - Наурыздың алдында тазалап едік, енді, міне, мамырдың мерекелері қарсаңында тағы шықтық. Аудан әкімі келеді дей ме, мейрамда?- деп сұрап қалып, әңгімесін ары қарай жалғастырды.

- Жастық шағымыз соғыста өтті. Одан кейін колхоздың жұмысында жүрдік. Енді демалайық десек, «үйде қарап отырсыздар ғой, мерекені таза ауылда қарсы алайық, ағалар - аталар, көмектесіңіздер!», - деп ауылсәбет айтқан соң, ұялғанымынан шықтым көшедегі қоқысты жинауға. Шаршап келдім үйге. Бар күш - қайрат соғыста қалыпты ғой, - деп бір күрсініп алған Ақытай қарияның көзі қабырғадағы үлкен раманың ішіне ілінген көп суреттердің бірінде өзінің автомат асынып, соғыста жауынгер достарымен түскен сарғайған суретке қадалды. Сол сәтте жас кездері еске түсіп кеткен

ол: Әй, көше жинамаса да, біз көрген сұрапыл соғысты солар көрмесін, бейбіт өмірде де ешкімге ұрынбай аман жүрсе екен - деп, жастарды, олардың ішінде соқталдай өз ұлдарының оғаш қылықтарын ақтағандай болды...

- Ойбууу, ата, мен мұнда неге келгенімді айтайын. Апаның күрең шәйі келген шаруамды ұмыттырып жіберді ғой, - қысқасы, сізді ауыл сәбет кеңсеге келсін деп шақырып жатыр. Соны айтуға жіберді.

- Мен көше кезіп шаршап енді ғана келдім. Енді не істе дейді екен?

- Ата, анығын білмедім, бірақ сізді алыстан біреу іздеп келіпті, аудандық военкоматта отыр дейді сізді күтіп, ауыл сәбет сізді ауданға апару үшін күтіп отыр, шақырып кел дегені сол. Аудан мына тұрған жер ғой, 15 минутта жетіп баратын, тез жүріңіз. Қалғанын өздері айтып береді ғой, анау-мынаусын мен білмейді екенмін, - деді шабарман жігіт.

Шалдың жүрегі зу ете қалды. Жылда Жеңіс күнін атап өтерде оның көз алдына жаумен шайқасқан сәттермен бірге жүрегінің түкпірінде жатқан, сыр сандығы ешкімге ашылмаған, ер жігіт ретінде оның бетін алғаш ашқан әйел бейнесі тұратын... ол бейне жүрегі тілгілеп кететін еске түскен сайын.

...Ауылсәбетке жеткен бойда Ақытай бірден: - Әй, бала, біресе көшені жинатасың, біресе шәйімді шала-пұла ішкізіп, тез жет дейсің. Не болды? Әлде тағы соғыс басталды ма? Жауды жеңіп келгенімізге де бірталай болды емес пе?

Тәрде отырған ауылсәбет жігіт

басқаға қоқандаса да өзі еңбекқор, жұмыстан қашпайтын ақкөңіл, көңілі таза, кішіпейіл, тілеуі дұрыс адам болған соң Ақытай ағасының сөздеріне ренжімеді. Шақырғанына тез келе қалғанына да риза болып, бірден әңгімеге көшті.

- Аға, машина дайын тұр, қазір ауданға кетеміз. Сізді сол жерде алыстан келген молдаван полковник күтіп отыр.

- Не дейді, молдаваны несі? Ол мені неге көргісі келеді? - деген жүрек түкпіріндегі бір секемнен туған мазасыз түрін ешкімге білдіртпеуге тырысты.

Осы кезде ауылсәбетке аудан орталығынан телефон шалынып, ол біреумен сөйлесіп кетті... Ал қарт жауынгердің көңіл көзінен соғыс жылдары кинодағы кадрлердей жаралы күндері жылжып өтіп жатты...

...Небәрі 20 жасында соғысқа аттанып, Кишинев жанындағы сұрапыл



шайқасқа қатысып, қатты жараланған оны сол тоқтаған жердегі тұрғындарға амалсыз тастап кетуге мәжбүр болып бұйрық берген командир өз құрамымен жаумен шайқасуға әрі қарай бет алды. Медсанчасть деген жоқ. Алып жүруге жарамады. Жаралы жауынгер Ақытай сол елді мекендегі Кеңес солдаттарына жаны ашып, қарауға келіскен жас келіншектің қолында қалды. Оның күйеуі соғыста қаза тапқан екен. Келіншектің аты Мария болатын, бірақ ол оны Мария деп атап кетті. Екеуі түйдей жасты болып шықты. Қатты жараланған Ақытайды Мария жақсы қарап, жарақатынан айықтырды. Әйел көрмеген Ақытайдың бетін ашқан Мария болды. Екеуі тіл табысты... Әбден айыққан соң Ақытай Кеңес әскері қатарына қайта қосылып, шайқасқа аттанды. Соғыс корреспонденті екеуінің соңғы қоштасу сәтін суретке түсіріп алған еді. Мария сол суретті алған болар деп Ақытай ары қарай жаумен айқасқа кете барды...

Телефон тұтқасын орнына қойған и ауыл сәбет жігіт:

- Аға, сізді іздеп келген молдаван полковнигі сіздің ұлыңыз екен. Молдаван әйеліңіз болыпты ғой. Соғыс жылдары туыпты, әскери адам болған соң сізге Жеңіс күні қарсаңында көрсем - деп келген екен, аудандық военкоматта отыр бізді күтіп, жүріңіз, кеттік, - деді.

Ақытайда үн жоқ. Қазіргі әйелінен туған 4 ұлға не дейді? Әйеліне не бетін айтады, оны күтіп отырған ұлына не демек?

Қысқасы, Ақытай ауылсәбет жігітке ләм деместен түрі бұзылып, оның кабинетінен шығып кетті. Ол үйіне барған жоқ. Ауылдың төңірегіндегі сиыр фермасына қарай жүре берді. Бәрінен безіп, аулаққа кетіп қалғысы келді... Көзінен жас, мұрнынан су парлап, егіліп келеді... Ауылсәбет жігіт оның артынан бармады. Қарт жауынгердің жүрегі ауырып кеткенін ол түсінді... Ауданға өзі кетті.

...Аудандық комиссариатта әкесін ұзақ күткен полковник оның келмейтініне көзі жетті ме, әлде басқа себеп болды ма екен, қойын қалтасынан сарғайған сары сурет пен бір конверт шығарып, оны аудандық әскери комиссарға ұсынды.

- Мына суретті менің анам өмір бойы сақтап келді. Маған сол суреттегі жауынгерді көрсетіп, «Бұл сенің әкең, сен оған қатты ұқсайсың. Оның ұлты қазақ, ол Қазақстанда, Жетісу деген жерде тұрады. Соғыста жараланып менің қолымда қалды. Емделіп жазылған соң қайта соғысқа кетті. Қайтып келемін деп еді, келмеді. Мүмкін ол тірі емес шығар, әйтпесе ол менің аяғымның ауыр екенін біліп аттанды ғой. Егер мен өліп кетсем, әкеңнің еліне барып қайт. Оның аты-жөнін дұрыстап жазып ал. Мүмкін туыстары бар шығар» - деп маған осы суретті табыстап кетті.

Анам о дүниелік болды. Ал мен болсам іздестіріп жүріп, әкемнің тірі екенін білдім. Өзім әскери болған соң ба, тез таптым әкемнің ауылын. Өкінішке қарай, хабар жоқ, көріп отырсыз. Кездесе алмай бара жатырмын. Кешке пойызға отыруым керек. Әскери адамның уақыты уставка бағынышты. Германияға кетіп бара жатыр едім. Мына сурет пен конвертті Ақытай менің әке алдындағы балалық парызым деп түсінсін. Бір машинаның ақшасы. Мені өмірге әкелгені үшін алғыс айтамын. Менен дұғай сәлем айтарсыз. Менің фамилиям Ақытаев Владимир - деп әскери комиссармен қоштасқан полковниктің көз ұшында бір тамшы жас тұрды...

П.С. Ол әкесін ұзақ іздеген еді. Тапқан кездегі қуанышы шексіз болды. Тірі! Әкем тірі екен! Кездесемін, әңгімесін тыңдаймын. Анамды жақсы көрдің бе, неге оралмадың? Менің өмірге келетінімді білдің бе? - деп сұраймын деген қуанышты сезімі әкесі кездесуге келмеген соң - өшіп қалды... Полковниктің жүрегіндегі қуаныш отын өшірген оның дүниеге келуіне себеп болған, бірақ осы жылдары оны іздемеген, тұңғыш ұлын көруден қорыққан, бір кездері жауды жеңіп, елге жеңіспен оралған жауынгер әкесі еді... Өкінішті-ақ. Әкем бар, ол тірі екен - деп қуанған полковник осы жолы өзінің соғыс баласы екенін анық сезінді...

Деректі әңгімені жазып алған
Баян ТАҢАТАРОВА

У КАКОГО НАРОДА СРЕДНЕЙ АЗИИ БОЛЬШЕ ГЕРОЕВ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

ПОБЕДА В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ – ГЕРОИЧЕСКОЕ ДОСТИЖЕНИЕ ВСЕХ НАРОДОВ СССР. СВОЙ ВКЛАД В ОБЩЕЕ ДЕЛО ВНЕСЛИ И БОЙЦЫ ИЗ СРЕДНЕЙ АЗИИ. УЗБЕКИ, ТУРКМЕНИ, ТАДЖИКИ, КИРГИЗЫ И КАЗАХИ, КАК И ЖИТЕЛИ ДРУГИХ УГОЛКОВ СТРАНЫ, ХРАБРО СРАЖАЛИСЬ ПРОТИВ ФАШИЗМА. СОЛДАТЫ И ОФИЦЕРЫ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ, СФОРМИРОВАННЫХ В СРЕДНЕАЗИАТСКИХ РЕСПУБЛИКАХ, СОВЕРШИЛИ НЕМАЛО ГЕРОИЧЕСКИХ ПОДВИГОВ, ЗАБЫТЬ О КОТОРЫХ НЕВОЗМОЖНО.

КАЗАХИ

Согласно данным Всесоюзной переписи населения 1939 года, численность населения Казахской ССР перед Великой Отечественной войной, превышала 6 миллионов человек. Из них непосредственными участниками боевых действий стали около 1 миллиона 200 тысяч солдат и офицеров. Еще порядка 3,5 тысячи казахов уча-

метчица Маншук Маметова (1922-1943 гг.) и снайпер Алия Молдагулова (1925-1944 гг.), которая уничтожила более 90 немецко-фашистских захватчиков. Будучи смертельно раненой у города Новосокольники, девушка бросилась в рукопашный бой с немецкими солдатами и офицерами.

А летчик Нуркен Абдиров (1919-1942 гг.) совершил 16 боевых вылетов на своем «Ил-2». Его самолет был



войск через Дон мешали вражеские дзоты, из которых велся почти непрерывный пулеметный обстрел. Раненый боец 160-й стрелковой дивизии, израсходовав все гранаты, бросился на вражескую амбразуру, закрыв ее своим телом. Его самопожертвование позволило боевым товарищам захватить стратегически важный плацдарм.

Этот подвиг через полгода повторит другой Герой Советского Союза – Александр Матросов (1924-1943 гг.).

Примечательна и судьба генерал-майора Дайра Асанова (1922-2009 гг.). Будучи сержантом 11-й артиллерийской дивизии, он особо отличился в бою у деревни Пятницкое Харьковской области. 23 марта 1943 года за четыре часа неравного боя этот воин

Исмоил Хамзалиев (1921-1943 гг.) – еще один Герой Советского Союза, он совершил подвиг на Курской дуге. Командир орудийного расчета не позволил вражеским танкам прорвать оборону. Когда его артиллерийская установка была подбита, сержант открыл огонь из другого орудия, расположенного поблизости. Его боевой расчет погиб. Тяжелораненый герой продолжал вести огонь, подбивая танки противника и истекая кровью.

ТУРКМЕНИ

Судя по данным Всесоюзной переписи 1939 года, численность населения Туркменской ССР в начале войны немногим превышала 1 миллион 252

Боевыми орденами и медалями были награждены 78 тысяч воинов, а 112 туркмен получили звания Героя Советского Союза. Одним из военнотружеников, удостоенных такой чести стал **Дурды Курбан (1917-1976 гг.)**. Командир отделения 176-й стрелковой дивизии проходил службу на границе СССР и Румынии, когда началась война. Во время напряженного боя с превосходящими силами противника воин лишился руки, ее оторвало разрывом снаряда. Но это не остановило героя. Истекая кровью, он поднял свое отделение в бой, одержав победу. А кавалеристский эскадрон, который возглавлял **лейтенант Аннаклыч Атаев (1912-1943 гг.)**, за двое суток напряженных боев сумел отразить 7 немецких атак, в которых участвовали 16 танков. Причем, у красноармейцев с собой было лишь огнестрельное оружие и гранаты. Это случилось недалеко от ростовского города Белая Калитва в бою за господствующую высоту 79,9, которую фашисты так и не смогли отбить. Эскадрон кавалеристов уничтожил около 300 гитлеровцев, три немецких танка и бронемашину.

УЗБЕКИ

Накануне войны в Узбекской ССР проживало почти 6,5 миллиона человек. В 1941-1945 годах на фронте погибли около 420 тысяч жителей республики, а всего в ряды советской армии были призваны порядка 1,5 миллиона узбеков. 338 Героев Советского Союза породила эта древняя земля, еще 53 воина в ходе Великой Отечественной войны были удостоены ордена Славы всех трех степеней. Разные боевые награды получили 120 тысяч узбеков.

В составе легендарной Панфиловской дивизии жители республики обороняли Москву. Они сражались в Сталинграде, на Кавказе, участвовали в боях за Смоленск, Киев, Одессу, Севастополь, освобождали от фашистских захватчиков Польшу, Венгрию, другие страны. В Узбекской ССР были сформированы: 21-я и 44-я кавалерийские и 258-я стрелковая дивизии, а также 90-я и 94-я отдельные стрелковые бригады. Командир саперного отделения 13-го гвардейского стрелкового корпуса **Сатым Нурметов (1925-1994 гг.)** совершил свой подвиг 7 апреля 1945 года под Калининградом (ранее – Кенигсберг). Гвардии сержант и четыре сапера, которыми он командовал, обошли с тыла позиции вражеских артиллеристов и в результате неожиданной атаки захватили в плен 25 гитлеровцев, также завладели орудиями противника. Затем бойцы Красной Армии повернули дула немецких пушек против врагов, попытавшихся отбить утерянные позиции. У фашистов ничего не получилось, Сатым Нурметов и его бойцы продержались до прихода подкрепления. Еще один из многочисленных героев-узбеков – **Джурахан Усманов (1923-1945 гг.)**. Помощник командира взвода 69-й стрелковой дивизии участвовал в форсировании реки Сож на территории Гомельской области 29 сентября 1943 года. Вместе с взводом старший сержант отразил более 30 вражеских атак. Когда осталось лишь 9 бойцов, у них кончились боеприпасы. В этой, казалось бы, безвыходной ситуации Джурахан предложил самое смелое решение – собрать на поле боя неразорвавшиеся гранаты и патроны. Бойцы отважились на такой риск. Им хватило боеприпасов, чтобы дождаться подкрепления. Это лишь малая часть всех подвигов, совершенных солдатами и офицерами из Средней Азии на фронтах Великой Отечественной войны.

(Источник: © Русская семерка, «Рамблер». news.rambler.ru)



ствовали в партизанском движении. В кровопролитных сражениях погибли около 589 тысяч жителей республики. То есть, практически каждый второй из призванных на фронт не вернулся домой. **97 казахов получили звания Героя Советского Союза.**

Казахи участвовали во многих военных операциях. Вместе с боевыми товарищами они сражались на Курской дуге и на улицах осажденного Сталинграда, не позволили фашистам прорвать оборону Ленинграда, а затем гнали нацистов с советской земли до самого Берлина, последовательно освобождая Белоруссию, Украину, Молдову, Прибалтику и другие страны Восточной Европы.

Одной из наиболее ярких побед, одержанных советскими войсками в ходе войны, была героическая оборона Москвы, порученная 316-й стрелковой дивизии, которой командовал генерал Иван Панфилов (1893-1941 гг.). Это воинское соединение, сформированное

подбит врагами в районе ростовского хутора Коньков. Понимая, что гибель неизбежна, пилот направил горящий «Ил-2» в танковую колонну противника. Звание Героя Советского Союза было присвоено посмертно.

КИРГИЗЫ

В начале войны численность населения Киргизской ССР немного не достигала до 1,5 миллиона человек, из них 365 тысяч жителей республики отправились на фронт. Они воевали в составе легендарной Панфиловской дивизии, прошли боевой путь от Сталинграда до Берлина. Освобождая СССР и страны Восточной Европы от фашизма, около 115 тысяч киргизов сложили свои головы. Среди жителей республики, отправившихся на фронт, различными орденами и медалями были награждены **тысячи человек**, из них 73 солдата и офицера получили звания Героя Советского Союза. Полными кавалерами ордена Славы стали



уничтожил из своего орудия: 40 автоматчиков; 8 танков и 6 броневиков противника.

ТАДЖИКИ

289 тысяч жителей Таджикской ССР были призваны в годы Великой Отечественной войны в ряды Красной армии, еще 45 тысяч человек отправились на трудовой фронт, откуда многие также попали в войсковые части и соединения. Около 100 тысяч солдат и офицеров из них погибли. Это была очень тяжелая потеря для населения республики, общая численность которого перед войной составляла порядка 1,5 миллиона человек.

Звания Героя Советского Союза получили 68 жителей Таджикской ССР. Боевых наград за проявленное на фронте мужество были удостоены более 55 тысяч воинов, из них 21 являются полными кавалерами ордена Славы. Одним из героев, прославивших свой народ в борьбе с фашизмом, является **Домулло Азизов (1913-1943 гг.)**. Командир пулеметного расчета 69-й стрелковой дивизии погиб при освобождении Белоруссии от немецких захватчиков. В составе десантной группы младший сержант переправился через Днепр и первым бросился во вражескую траншею. Домулло уничтожил находившихся там солдат противника, бросив гранату. Затем он развернул немецкий пулемет и открыл огонь по гитлеровцам. Этот неожиданный и смелый маневр позволил обеспечить форсирование Днепра основными силами Красной Армии.

тысячи человек. Из них на фронт отправились около 300 тысяч жителей республики. Около 86 тысяч воинов не вернулись домой. В Туркмении были сформированы 87-я и 88-я отдельные стрелковые бригады, 97-я и 98-я кавалерийские дивизии. Их солдаты и офицеры участвовали во всех широко известных сражениях Великой Отечественной. Они воевали на Курской дуге, под Москвой, на Кавказе, в Сталинграде. Освобождали от фашистов страны Восточной Европы.



Список Героев Советского Союза Кыргызстана

1. [Азимов, Рузи Азимович](#)
2. [Алиазаров, Садык](#)
3. [Ананьев, Николай Яковлевич](#)
4. [Асаналиев, Джумаш](#)
5. [Асанов, Дайр](#)
6. [Акуионов, Пётр Антонович](#)
7. [Афанасьев, Михаил Денисович](#)
8. [Бабкин, Михаил Николаевич](#)
9. [Бегельдинов, Талгат Якубекович](#)
10. [Беляндра, Василий Яковлевич](#)
11. [Вонахун, Мансуз](#)
12. [Волковенко, Афанасий Иванович](#)
13. [Выглазов, Григорий Исаевич](#)
14. [Гавриш, Иван Фомич](#)
15. [Гадельшин, Хамит Габдуллоевич](#)
16. [Гришин, Иван Александрович](#)



преимущественно из казахов, киргизов и узбеков, остановило немецкое танковое наступление по Волоколамскому шоссе. Подвиг героев-панфиловцев до сих пор изучают молодые курсанты и офицеры многих стран мира. **Звания Героя Советского Союза были удостоены около пяти сотен казахстанцев, более ста жителей республики стали полными кавалерами ордена Славы.**

Среди прославленных героев войны – две казахские девушки: пуле-

более 20 киргизов. Многие удостоены своих наград посмертно.

Например, **Дайшенкул Шопоков (1915-1941 гг.)** – один из 28 героев-панфиловцев, остановивших наступление фашистов по Волоколамскому шоссе. Он погиб у разъезда Дубосеково Московской области, уничтожив вместе с боевыми товарищами 18 вражеских танков. **А Чолпонбай Тулебердиев (1922-1942 гг.)** пал смертью храбрых у села Селявное-Второе Воронежской области. Переправе советских

ГЛАВНОЕ - ВОВРЕМЯ НАПИСАТЬ ЗАЯВЛЕНИЕ В БУХГАЛТЕРИЮ. КАЖДЫЙ РАБОТАЮЩИЙ КАЗАХСТАНЕЦ ЗНАЕТ: ЕЖЕМЕСЯЧНО С ЗАРПЛАТЫ УДЕРЖИВАЮТ 10% ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПОДОХОДНОГО НАЛОГА (ИПН). ОДНАКО С 2026 ГОДА ПЛАТИТЬ ЭТОТ НАЛОГ МОЖНО БУДЕТ МЕНЬШЕ И ДЛЯ МНОГИХ ЭТО СТАНЕТ ОЩУТИМОЙ РАЗНИЦЕЙ. ПРАВДА, ЕСТЬ ВАЖНЫЙ НЮАНС: САМО ПО СЕБЕ НИЧЕГО НЕ УМЕНЬШИТСЯ. AZATTYQ RYNU UZNAL PODROBNOSTI.

ИПН С ЗАРПЛАТЫ В КАЗАХСТАНЕ С 2026 ГОДА

Как известно, привычная система налоговых вычетов меняется. Если раньше ИПН можно было сократить за счет расходов на ипотеку, лечение, обучение или других льгот, то теперь эти механизмы отменяются. Вместо них вводится один универсальный и, по замыслу государства, более простой.

Суть нововведения в том, что часть зарплаты в размере 30 МРП вообще не будет облагаться налогом. Это примерно 130 тысяч тенге в месяц. С этой суммы ИПН удерживаться не будет - независимо от того, есть ли у человека ипотека, платное обучение или медицинские расходы. Механизм одинаковый для всех. Юристы отмечают, важно понимать: этот вычет не применяется автоматически.

То же самое касается и льготных категорий. В 2026 году сохраняются налоговые послабления для лиц с инвалидностью и родителей детей с инвалидностью, но они также действуют только при наличии заявления. Без него никаких изменений в расчетах не будет.

Что говорит Минфин

Чтобы прояснить детали, агентство запросило разъяснение в Министерстве финансов. Там сообщили, что изменения заложены в новом Налоговом кодексе и направлены на упрощение системы.



Чтобы налог действительно стал меньше, работнику необходимо написать заявление в бухгалтерию по месту работы. Если заявление не подать, бухгалтер продолжит удерживать ИПН в полном объеме так же, как и раньше.

По сути, государство отказывается от сложной системы справок и проверок, предлагая единый «налоговый минимум» для всех. В результате, по данным Минфина, граждане с доходом до 145 тысяч тенге в месяц вообще не будут платить ИПН.

«В целях упрощения, налоговые вычеты как, стандартный, на медицину, обучение, ипотечные проценты и для многодетных семей объединены в единый базовый налоговый вычет в размере 30-кратного МРП», - рассказали в Минфине. Ключевой момент: не нужны подтверждающие документы, а также не требуется подавать декларацию о доходах и имуществе.

Льготы все же остаются

При этом базовый вычет не единственное послабление. В Минфине подчеркивают, что социальные вычеты сохранены. Они действуют для лиц с инвалидностью, ветеранов, усыновителей, опекунов и других категорий.

Размер таких вычетов составляет до 3,8 млн тенге в год, а для лиц с инвалидностью I и II группы он увеличен до 5000-кратного МРП, то есть около 21,6 млн тенге.

Кроме того, по-прежнему учитываются вычеты по социальным платежам - обязательным пенсионным взносам, ОСМС и социальным отчислениям, в том числе по договорам ГПХ.

Реформа выглядит простой и выгодной, но только при одном условии, если человек сам заявит о своем праве на вычет. Без заявления никаких «автоматических» налоговых послаблений не будет.

ЗА НАЛОГОВЫЕ ДОЛГИ БЛОКИРУЮТ СЧЕТА

МИНИМАЛЬНЫЙ ПОРОГ ТЕПЕРЬ СОСТАВЛЯЕТ 20 МРП, ИЛИ 86 500 ТЕНГЕ, СООБЩАЕТ ORDA.KZ.

Комитет госдоходов изменил пороги для блокировки банковских счетов казахстанцев. В 2026 году ограничения начнут действовать, если налоговая задолженность превысит 20 МРП.

«Мы применили дифференцированный подход. Сначала начисляется пеня и направляется уведомление. Если долг не гасится, блокируем расходные операции по счетам и кассе, оформляем инкассовые распоряжения», сообщил представитель КГД Кайсар Арын.

Если задолженность остаётся ниже 20 МРП, налоговики ограничиваются только извещением и пеней. Блокировку не применяют. При долгах от 20 до 45 МРП (до 194 625 тенге) счета замораживаются, но имущество не трогают. В эту категорию сейчас попадают 14 313 человек. Общая сумма их долгов составляет 1,8 миллиарда тенге.

Как только задолженность превышает 45 МРП (195 тысяч тенге), налоговая начинает взыскание через дебиторов, описывает имущество, ценные бумаги и акции. В случае неуплаты должника могут признать банкротом по решению суда. Таких налогоплательщиков сейчас более 56 тысяч, на 276,5 миллиарда тенге.

Самая жесткая мера — это запрет на выезд из Казахстана. Она применяется, если долг превышает 27 тысяч МРП или 116,8 миллиона тенге. Это касается 637 человек, задолжавших в сумме 827,2 миллиарда тенге. Мера вступит в силу с 1 июля 2026 года.

Кроме того, с 2026 года налоговики получили право блокировать счета не только должников, но и их дебиторов. Если те проигнорируют уведомление. Ранее такое взыскание не применяли.

Напомним, ранее стало известно, что в рамках проекта «Чистый лист» малому бизнесу в Казахстане спишут штрафы и пени, если предприниматели закроют налоговые долги до 1 апреля 2026 года. Также их освободят от административной ответственности за отчетность и нарушения, допущенные до начала 2026 года.



ТАКСИСТЫ И КУРЬЕРЫ ПОПАЛИ В НОЖНИЦЫ НОВОГО НАЛОГОВОГО КОДЕКСА

Прежде многие выбрали для себя режим работы в качестве ИП, параллельно ведя другую предпринимательскую деятельность. Теперь же работать с агрегаторами такси или доставки смогут лишь самозанятые.

САМОЗАНЯТЫЙ ИЛИ ИП? ВЫБИРАЙ ОДНО ИЗ ДВУХ!

Так называемая платформенная занятость, которая зарекомендовала в Казахстане в 2023 году, сегодня оказалась под угрозой. Новый Налоговый кодекс может откатить все усилия по легализации такси и курьерской службы. Работники различных платформ, являющиеся таксистами или курьерами, сегодня должны перейти в статус самозанятых, и для многих этот переход будет автоматическим. Новая норма коснется тех, кто работает на платформах Яндекс, inDrive, Wolt и т.д. Но проблема в том, что у части людей открыто ИП, и речь идет об официально заявленных нескольких видах деятельности. Например, патент такси и ИП на овощной магазин; ИП такси и ИП по аренде квартир; ИП курьер и мобильное приложение по предоставлению услуг репетитора. С нового года патенты отменены, работа в мобильных приложениях также претерпит изменения. Остается лишь три режима для таких предпринимателей: общеустановленный с 10% налога от дохода, упрощенка для ИП и самозанятость. Нужно выбирать новый режим нало-

гообложения. Короче, ты должен быть либо «самозанятый», либо ИП. Иного не дано. Но согласно новым нормам быть одновременно индивидуальным предпринимателем и самозанятым нельзя — даже если речь идет о разных видах деятельности. Это означает, что предприимчивым таксующим казахстанцам надо закрыть ИП, чтобы стать самозанятыми, либо отказаться от подработки в такси или курьером. А это значит, что люди потеряют один из источников дохода.

Общество отреагировало предостережительно:

- «Зачем все усложнять? Упростить надо: зашел в приложение, оплатил налог — и работай дальше. Так все в тень уйдут».

- «Почему гражданин Казахстана не может иметь магазин и одновременно заниматься частным извозом?».

- «Режим самозанятости — специальный налоговый режим, альтернативный статусу ИП».

- ИП и самозанятый существуют как разные статусы в отношении налогового режима и учета.

(Из материалов соцсетей).

— Для платформенной занятости (такси, доставка, курьер) вариант такой: если работа в ка-



честве ИП носит регулярный характер и объемы дохода высоки, разумнее зарегистрировать ИП, нежели быть самозанятым. Если же работа в качестве индивидуального предпринимателя эпизодическая и доходы не слишком большие, самозанятость выгоднее по ставке и по учету, отметили в департаменте госдоходов Костанайской области. Профессиональный бухгалтер Юлия Аман добавляет, что можно быть самозанятым и одновременно штатным сотрудником компании или работать по договору ГПХ. Здесь проблем не будет.

АВТОМАТ НЕ ДЛЯ ВСЕХ

Второй аспект для тех, кто играет на поле платформенной занятости, — переход в статус самозанятого. Сегодня это ключевое условие. Большинству обещают безболезненный автоматический переход. Если вы работаете в такси в качестве

говорят, что наказание может последовать, но будет так не во всех случаях. Многие спишут на переходный период, дав время исправить ошибки, особенно если они были допущены впервые.

— Штрафы и санкции возможны, если ошибка носит системный характер — длилась долго или повторялась. Накажут, если были факты сокрытия доходов, умышленного их занижения либо налогоплательщик осознанно уклонялся от регистрации в нужный срок, а также если не была сдана отчетность или не оплачены налоги. Типичные санкции — предупреждение, штраф за несвоевременную регистрацию, доначисления по налогам с пенями, — отметили в департаменте госдоходов Костанайской области.

Приведем несколько примеров. Человек работал на режиме самозанятости, но должен был быть ИП. Обычно в начале ему дают пояснение или предупреждение и предлагают исправить ситуацию. Второй пример: самозанятый не сообщил о смене режима в установленный срок и получил доход, который нужно было учитывать по ИП. В лучшем случае потребуются перерегистрация и перерасчет налога, в худшем — начисление штрафов, если найдут признаки умысла.

БӨРЕКЕЛДІ!

ЖЕҢІСКЕ ЖІГЕРЛЕНДІРУШІ КҮШ

Ақтөбе қаласында волейболдан ерлердің ұлттық лига командалары арасында Қазақстан чемпионатының биылғы жеңімпазы анықталды. Чемпиондық атақты өткен жылғы күміс жүлдегер «Ақтөбе» мен «Жетісу» клубы (Талдықорған) сарапқа салды.

Жеңімпазды анықтау үшін қос команда үш мәрте кездесу өткізді. Бірінші күні жергілікті жанкүйерлердің қолдауымен «Ақтөбе» 3:1 есебімен басым түсіп, чемпиондық атаққа жетуге бір табан жақындай түссе, екінші күні жетісулық жігіттер жеңіске деген жігерлілік танытып, дәл сондай есеппен таразы басын теңестірді. Енді ел чемпионын анықтау үшін қосымша кездесу өткізілді. Бұл жолы «Жетісу» волейболшылары ойын тізгінін алғашқы партиядан бастап қолға алып, соңына дейін уысынан шығармады. Сөйтіп, Марат Адрышевтің шәкірттері 3:0 (26:24, 25:23, 25:22) есебімен жеңіске жетіп, Қазақстан тарихында тұңғыш рет чемпионы атанды. Партиядардың есептеріне көз жүгіртіп-ақ, ақтөбеліктердің де жанқиярлық қарсылық көрсетіп, есепте ұзатпай, өкшелеп отырғандарын айқын аңғаруға болады. Дегенмен, бұл жолы қарсыластардың әрбір сәтті қадамына жойқын шабуылдармен және тасқамал тосқауылмен жауап беріп отырған Айбек Жақсылықов, Роман Егоров, Михаил Устинов, Никита Швалев, Нұрдоғ Алдаш, Нұрғали Қожатаев, Дамир Акимов тағы басқа волейболшыларымыз ақтөбеліктердің аптығын дер кезінде басып от-



ырды. Сөйтіп, жігіттеріміз осыдан бірнеше күн бұрын он дүркін ел чемпионы атанған волейболшы қыздарымыздың жеңісті жолын жалғастырды. Жетісу жеріне биылғы маусымның үшінші кубогын алып келді.

Ақтөбеліктер екінші жыл қатарынан күміс жүлдегер атануы бұл ұжымның да еліміздегі мықты командалардың бірі екенін дәлелдейді. Үшінші орынға өткен жылғы Қазақстан чемпионы атанған Оралдың «Жайық» волейбол клубы ие болып, қола жүлдегер атанды.

Енді жерлестеріміз жайлы біраз мағлұмат бере кетсек. «Жетісу» командасының Ұлттық лигаға кіргеніне төртінші жыл болды. Соған қарамастан «Жетісу» жігіттері жинақты ойын өрнегімен көзге түсіп, көшбастаушы командалармен иық тірестіре бастады. Соның нәтижесінде бұрнағы жылы ел Кубогының жүлдегері атанып, 3-орынға табан тіресе,

өткен жылы 18 желтоқсанда ел Кубогы ойындарында топжарып, өз тарихында тұңғыш рет Кубокты иеленді.

Осы айтулы жеңістің құрметіне облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ аймақ намысын абыроймен қорғап, жеңістің желкенін көтерген спортшыларды салтанатты жағдайда қабылдап, ел кубогындағы жарқын жеңісімен құттықтап:

– ҚР Кубогының ойындарында біздің ерлер командасы жоғары деңгейде ойын көрсетіп, Жаңа жыл қарсаңында жетісулықтарға үлкен сый жасап, республикалық Кубокты иеленді. Ал команда ойыншысы Никита Швалев «Үздік ойыншы» атанды. Осы қуанышпен волейболшылар ұжымын шын жүректен құттықтаймын! Бұл жеңіс үлкен еңбектің, команданың бір кісідей жұмылған береке-бірлігінің, сонымен қатар волейболға жасалған қолдау шараларының айқын көрінісі. Біз ел біріншілігінде де



алда келеміз. Енді сол бәсекеде жеңіске жетуге тілектеспін, – деп жылы лебіз білдірген болатын. Өз кезегінде команда бапкерлері мен ойыншылары әр жарыста қолдау көрсететін Жетісу жұртшылығына, облыс әкіміне алғыс білдіріп:

– Ел кубогы Ұлттық лигадағы алғашқы ірі жеңісіміз. Енді біз супер кубок пен ел біріншілігінде жеңіске жетуге бар күшімізді саламыз. Дүбірлі додаға шықсақ жанкүйер болып, волейболшыларға қолдау көрсететін жетісулықтарға, облыс әкіміне ерекше алғыс білдіреміз. «Жетісу» волейбол командасына әкімдік тарапынан бар жағдай жасалуда. Осындай жан-жақты қамқорлық пен жанкүйерлердің қуатты қолдауы жеңіске жігерлендіруші күш болып, жігерлендіре түседі. Сондықтан біз де жарқын жеңістерімізбен қуантуға тыры-

самыз, – деп ағынан жарылған еді. «Жетісу» волейбол клубы ерлер командасының бас бапкері Марат Адрышев.

Біздің волейболшы жігіттер уәделерінде тұрып, алдымен үстіміздегі жылдың ақпан айында ел чемпионы «Жайық» командасымен кездесіп, 3:0 есебімен ойсырата ұтып, суперкубок иесі атанса, күні кеше ғана аяқталған ел біріншілігінде үздік шығып, Қазақстан чемпионы атанды.

Ендіше спорт сүйер қауымның атынан бас бапкер Марат Адрышевті және «сен тұра тұр, мен атайын» деп құлшынып тұрған, сайдың тасындай іріктелген қайсар жігіттерін чемпиондық атақтарымен құттықтай отырып, алдағы уақытта да жеңісті жолдарын жалғастыра беруге тілектестік білдіреміз.

Ш.БАТОВ

ВОЛЕЙБОЛ

АРДАГЕРЛЕР СПОРТ АЛАҢЫНА ШЫҚТЫ



Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, Жетісу облысында «Спорт – діни экстремизм және терроризмге қарсы» ұранымен 40 жастан асқан ардагер ерлер арасында волей-

болдан облыс чемпионаты ұйымдастырылды. Додаға 4 аудан мен 1 қаланың командалары қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша I орынды Талдықорған қаласының құрамасы жеңіп алды. II орын Панфилов ауданына бұйырса, үздік үштікті Қаратал ауданының командасы түйіндеді.

Сондай-ақ жарыс барысында бірқатар ойыншылар арнайы номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда, «Үздік қорғаушы» атағы Халиев Бауыржанға табысталды. «Үздік үйлестіруші» номинациясын Ережепбаев Асхат иеленді. «Үздік ойыншы» ретінде Баубек Нұркен мен Батыршаев Асхат танылды. Ал «Үздік шабуылшы» атағы Такенов Илияс пен Сатаев Дәуренге берілді.

Аталған чемпионат салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, қоғамдағы бірлік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған маңызды спорттық шаралардың бірі болды.

ФУТБОЛ

«ЖЕТІСУДЫҢ» ЕКІ ЖЕҢІСІ



Футболдан Қазақстан чемпионатының жеті туры арта қалды. Биылғы біріншілікте көш бастаушылардың қатары көбейіп, топ тізгінін ұстауға бес команда бірден үміткер болуда. Әзірше, турнир кестесінің бірінші-екінші орынын былтырғы ел чемпионы

Алматының «Қайраты» мен Шымкенттің «Ордабасы» командасы бөлісуде. Қос ұжым да қоржындарына 15 ұпайдан жинап үлгерген. Семейдің «Елімайы» 13 ұпаймен үздік үштікті түйіндеп тұр. Ал, одан бір ұрайы ғана кем Көкшетаудың «Оқжетпесі» мен «Астана» 4-5 орындарға жайғасқан.

Ал, 11 ұпай жинаған біздің жерлестеріміз «Жетісу» алтыншы орынға орнықты. Сүйсінерлігі сол, «Жетісу» алтыншы турда сырт алаңда 2:1 есебімен Павлодардың «Ертісін» сүріндірсе, жетінші турда Талдықорғанда Жезқазғанның «Ұлытау» командасының қақпасына жауапсыз екі доп соғып, қатарынан екінші жеңіске қол жеткізді. Сөйтіп, жезқазғандықтарды басып озып, турнир кестесіндегі жағдайын тәр тәуір түзеп алды. «Жетісу» кезекті ойынын ертең 5 ұпаймен көш соңындағылар тобында келе жатқан Қызылорданың «Қайсарымен» қонақта өткізеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

МАРАФОНҒА САРҚАНДЫҚТАР ДА ҚАТЫСТЫ

Жақында Алматыда 44 елден 10 000-нан астам қатысушыны жинаған тоғызыншы Almaty Half Marathon өтті. «Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қоры ұйымдастырған жартылай марафон дәстүрлі түрде Қазақстандағы ірі жүгіру іс-шаралары маусымын ашады.

Қатысушыларға дәстүрлі қашықтықтар ұсынылды: жартылай марафон (21,1 км), 10 км, 10 км (скандинавиялық жүріс) және Экиден командалық эстафетасы. Жартылай марафонға 18 жастан асқан жүгірушілер қатыса алды, ал қалған қашықтықтарға – 15 жастан бастап. Жалпы жарысқа 44 елден 10 000-нан астам адам қатысты. Айта кетейік, биыл Алматыға 821 шетелдік қатысушы (жалпы санының шамамен 8%-ы) келді, бұл жартылай марафон тарихындағы рекордтық көрсеткіш



болды. Қатысушылардың басым бөлігі Қазақстан тұрғындары болғанымен, жарыстың географиясы жыл сайын кеңейіп келеді.

Алдымен 10 км қашықтыққа және скандинавиялық жүріс қатысушылары сөреге шықты. Кейін жартылай марафоншылар мен Экиден эстафетасының қатысушылары жүгірді. Бағыт Тұңғыш Президент саябағынан басталып, жабылған әл-Фараби даңғылы бойымен өтіп, Орталық стадионда аяқталды. Сарқан ауданынан да намысты қолдан бермеген Ғалым Шерубаев, Мәлік Аязбаев және Қуандық Елеусізов сияқты атпал азаматтар қатысып, өз жас ерекшеліктері бойынша жарыс жолына шығып, қашықтықты аяғына дейін жүгіріп өтті.

ЧЕМПИОНДАР ҰСТАХАНАСЫ

ЖАСТАР БАР ЖАЛЫНДАҒАН

Жетісу өңірінде 2003 жылдан бастап мектеп-интернатта дарынды спортшылар оқып, жаттығып, еліміздің құрама сабын толтыруда. 2018 жылдың 6 маусым айынан бастап Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі болып атанды. 2022 жылдың тамыз айынан бастап атауы облыстың бөлінуіне байланысты «Ж.Үшкөмпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді. Біздің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің мақсаты – әр оқушының, жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту, таңдалған спорт түрімен айналысуға қолайлы жағдай жасау. Жоғарғы спорттық көрсеткіш, еліне адал, патриоттық сезімі жоғары спортшылармен ұлттық құрама сапын толтыру.

Оқу-жаттығу процесі қысқа уақыт ішінде дене шынықтыру және спорт басқармасының көмегімен материалдық база жоғары деңгейде қамтылып, қызмет көрсетуде. Спорт бөлімінде бокс, дзюдо, грек-рим күресі, еркін күрес, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, садақ ату, футбол, велоспорт, волейбол сияқты спорттың 10 түрі бойынша 40 білікті жаттықтырушы қызмет етуде. Биылғы жылдың басында мектеп интернат колледжінің директоры болып кезінде боз кілемде шеберлігімен жұртшылықты тәнті еткен, олимпиада жүлдегері даңқты палуан Мәулен Сатымбайұлы Мамыров тағайындалды.

Біздің мектеп-интернат колледжінде оқитын оқушылар қатарында кәсіби шебер спортшы болуға лайық, болашағынан зор үміт күттіретін жалындаған жастар жетерлік. Бұл сөзімізге оқушыларымыз тұрақты түрде республика көлеміндегі және халықаралық жарыстарға белсене қатысып, дүбірлі додаларда өңір намысын абыроймен қорғап, тамаша спорттық көрсеткіштерге де қол жеткізіп жүргені дәлел. Жалпылама жалаң сөзбен тізбелей бергенше, енді мектеп-интернат колледжі спортшыларының биылғы жылғы түрлі жарыстарға қатысып, топжарған тұстары жайлы ақпараттарға кезек берейік.

Қаңтар айының 29-31 күндері Үндістан елінің Ченнай қаласында велоспорттан жастар арасында өткен Азия чемпионатында велошабандозымыз Айгерім Смайлканова скретч бағдарламасы бойынша жеңімпаз атанса, жеке лей сында қола медальды қоржынға салды. Сонымен қоса, Айгерім наурыз айының 25-31 күндері, Филиппины мемлекетінің Тагайтай қаласында велоспорттың трек түрінен өткен Азия чемпионатында командалық жарыста жеңімпаз атанып, алтын медаль алды.

Ақпан айының 18-22 күндері, Талдықорған қаласында волейболдан кіші жасөспірімдер арасында Жетісу облысы чемпионатында оқушымыз Бегайым Бейсен қатысқан командасы екінші орын иеленді.

Ақпан айының 23-28 күндері Орал қаласында садақ атудан жасөспірімдер және балалар арасындағы жабық кешендегі Қазақстан Республикасы чемпионаты өтті. Аталған жарыста Жетісу облысы құрама командасы сапында өнер көрсеткен спортшыларымыз командалық есепте: U-17 м қашықтықта Алишер Жұмабек, U-14м қашықтықта Ерасыл Мұқан алтын медальға ие болса, U-17 м қашықтықта Ясмин Галиахмет, Аяулым Батық күміс жүлдегер атанды. Сонымен қатар, Ясмин Галиахмет жеке лей есепте де жақсы нәтижеге жетіп, қола медальға қол созды.

Ақпан айының 26-28 күндері Өскемен қаласында жеңіл атлетикадан жабық кешенде U-16 жасөспірімдер және U-23 жасқа дейінгі жастар арасында Қазақстан Республикасы чемпионаты өтіп спортшыларымыз U-23 жастағылар арасында Бағжан Серікқан 2000 м кедегімен жүгіруде алдына жан салмады, бұған қоса Бағжан 1500 метрге жүгіруде қола медальды еншіледі. Ал, Арайлым Нуразбек 2000 м кедегімен жүгіруде жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді. U-16 жастағы жасөспірімдер арасында Әмина

Думанқызы 1500 метр қашықтыққа жүгіруде екінші орын алса, 800 метр қашықтықта қола медальды қанжығасына байлады. Үміт Ұланқызы мен Серік Шыңғыс 1500 м кедегімен жүгіруде мәреге екінші болып келіп, күміс медальдарға ие болды. Ал, Орынбасар Ерболсынұлы 4 x 400 м эстафеталық жарыста қола медальға қол жеткізді.

Наурыз айының 2-12 күндері Черногория мемлекетінің Будва қаласында бокстан жасөспірімдер арасында «Адриатика Инжу-Маржаны» әлем Кубогін сарапқа салу бойынша өткен алқалы турнирде біздің мектеп-интернат-колледжінің оқушысы Мадира Жұмақан 48 келі салмақта жұдырықтасып, чемпион атанды.

11-15 сәуір аралығында Түркия мемлекеті Анталия қаласында өткен U-17 (Viktory cup) Халықаралық жарыста біздің спортшыларымыз Бақытнұр Аружан 61 кг салмақта 2 орынға ие болса, Темірғали Сағындық 110 кг салмақта 3 жүлделі орынға көтерілді.

Сәуір айының 12-18 күндері Түркістан қаласында садақ атудан ересектер мен жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасы Кубогының 2 кезеңі өтті. Біздің оқушы Галиахмет Ясмина - 70 метр қашықтықта жеке сында алтын медальмен және осы қашықтықта нысана көздеуден командалық сайыста күміс медальмен марапатталды.

Сәуірдің 19-21 күндері Талдықорған қаласында дзюдо күресінен 2010-2012 ж.т жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында ҚРЕСЖ самбодан әлем чемпионы Б.Жетпісбаевтың жүлдесіне арналған республикалық турнирде Әділжан Меруерт 70 кг, Марат Айғаным +70 кг салмақта чемпион атанса, Дәулетхан Дәулет 60 кг, Аманова Айғаным +70 кг күміс жүлдеге ие болды. Ал Ақжүл Гүлім 48 кг, Ақатай Айару 57 кг., Бабабай Жансая 57 кг, Қыдырәлі Ерасыл 81 кг салмақ дәрежесінде қола медаль алды.

20-25 сәуірде Тараз қаласында бокстан әлем чемпионы Фируза Шарипованың жүлдесіне арналған республикалық турнир өтті. 218 боксшы бақ сынаған бұл байрақты бәсекеде жасөспірім қыздар арасында біздің бұрымды боксшыларымыз Мәдира Жұмақан 51 кг салмақта шаршы алаңның шаңын қағып, қарсыластарының бәрінен басым түсіп, жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына көтерілді. Оның командалас құрбысы Айерке Жакен 66 келі салмақта қола жүлдегер атанды.

22-24 сәуір аралығында Шымкент қаласында жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасы чемпионатында (U-20) Олжас Муминкулов 800 метр қашықтыққа жүгіруден сәре сызығын екінші болып қиып, күміс медальға ие болса, Әлібек Рауан 1500м қашықтыққа жүгіруден қола жүлдегер атанды.

Сәуірдің 23-25 күндері еркін күрестен 2009-2010 ж.т жасөспірімдер арасында Т.Қ.Ділдебекұлын еске алуға арналған республикалық ашық турнирінде оқушымыз Әли Болатұлы 57 кг салмақта алтыннан алқа тақты.

Сәуірдің 24-27 күндері Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха қаласында еркін күрестен Ф.М.Жмайловты еске алуға арналған республикалық жарыста біздің спортшыларымыз Бекнұр Ашимов 35 кг, Абылай Жарқынбай 44 кг, Темірлан Қызыр 48 кг салмақта жеңімпаз атанса, Бекзат Серікқазы 35 кг, Мақсат Семсерқанұлы 38 кг, Нұрасыл Қуаныш 41 кг салмақ дәрежесінде қола медальды қоржынға салды.

Сәуірдің 24-нен 28 дейінгі аралықта бокстан 2012-2013 ж.т кіші жасөспірімдер арасында ҚСРО спорт шебері Бекежанов Мұхаметкәрім Хамитұлының жүлдесі үшін Талдықорған қаласында өткен облыстық турнирде біздің оқушыларымыз: Ермек Әмір 37 кг, Болатов Нұрәли 55 кг салмақта 1-орынға табан тіресе, Жұмат Абылай 40 кг, Мерейұлы Ақсейілеу 64 кг күміс медальды қоржынға салды. 43 кг салмақта шаршы алаңға шыққан Әділбек Бердияр қола медальға қол созды.

**Айман СЕРІКҚҰЛОВА,
«Ж.Үшкөмпіров атындағы
мектеп-интернат-колледжі»
жоғары санатты әдіскері.**



